

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А.Қ. Рауандина, Р.С. Рахметова, А.Н. Юсуп

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

БӘЙШЕШЕК

ОҚУЛЫҚ

6-СЫНЫП

1-бөлім

**Көңжиек-Горизонт
2017**

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Қ17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ ҰСЫНҒАН

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина,
Р. С. Рахметова, А. Н. Юсуп

Қ17 Қазақ тілі мен әдебиеті: Бәйшешек. Оқулық: Қазақ тілінен басқа тілде оқығатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған. 1-бөлім / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, А. Н. Юсуп — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2017 — 144 б.

ISBN 978-601-7832-31-5

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-30-8
ISBN 978-601-7832-31-5 — (1-бөлім)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2017

Құрметті жас дос!

Құрметті жас дос! Міне, бүгін қазақ тілін меңгерудің келесі бір сатысына аяқ басып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «Бәйшешек» оқулығын қолыңа алып отырсың. Сен биыл 6-сыныптағы «Бәйшешек» оқулығы бойынша алған біліміңді әрі қарай жалғастырасың. Ерте көктемде қарды жарып шығатын бәйшешек секілді сен де барлық қиындықтарды жеңіп, өз еліңнің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін, қазақ тілін, меңгересің. Бұл сыныпта қазақ тіліндегі әртүрлі тақырыптағы қызықты ақпараттармен танысасың, сөздік қорың байиды. Әралуан тапсырмаларды орындау арқылы өз ойыңды, пікіріңді айтуға үйренесің, тағылым аласың. Атап айтқанда, «Отан отбасынан басталады», «Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныстіршілігі», «Таулар сыры» тақырыптарында өзің өмір сүріп отырған ортадағы әртүрлі мәселелерге байланысты ойыңды білдіруге үйренесің. Ал, «Қуат көзін үнемдей білеміз бе?», «Қазақстан қорықтары», «Жер байлығына аяулы көзқарас» тақырыптары сенің туған жерге деген көзқарасыңды қалыптастырады. «Олимпиада жеңімпаздары – Қазақстан мақтанышы», «Қазақстан және Ұлы Жібек жолы», «Абайды оқы, таңырқа!», «Қазақтың ұлттық қолөнері», «Астана – мәдениет пен өнер ордасы» тақырыптары бойынша берілген оқу материалдары сенің бойыңда елің, жерің үшін мақтаныш сезіміңді тәрбиелейді, отаншылдыққа баулиды. «Болашақтың мамандығы», «Саяхат және туризм» тақырыптары өзіңнің болашақ өміріңді жоспарлауға көмектеседі, бағыт-бағдар береді.

«Бәйшешек» оқулығы бойынша сен әдеби шығармаларды оқу арқылы да әдеби тілде сөйлеуге дағдыланасың. Осы мақсатта қазақтың ұлы ақыны А. Құнанбайұлының, атақты ғалым Ш.Уәлихановтың мұраларымен танысасың. Ақиық ақын М. Мақатаев өлеңдеріндегі қазақтың ізгі дәстүрлерінен хабардар боласың. Әлемге танымал қазақтың жазушысы М. Әуезов пен қырғыз қаламгері Ш. Айтматовтың дүниежүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылған белгілі романдарынан үзінділер оқисың. Сондай-ақ, тарихи шығармалар жазған Б. Әбілдаұлының, балалар ақындары М. Әлімбаевтың, Ә. Дүйсенбиевтің, Ө. Тұрманжановтың өлеңдерінен тәлім-тәрбие аласың. Ал, атақты геолог ғалым А. Машанов пен жазушы Б. Сүлейменовтің фантастикалық шығармалары сенің қиялыңды дамытып, ойыңды өсіреді.

Міне, жас дос, сені осындай қызықты да мазмұнды «Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек» оқулығы асыға күтеді. Білім жолындағы сапарың сәтті болсын!

Отан отбасынан басталады

М. Әуезов «Абай жолы» романы,
«Қайтқанда» тарауы (үзінді)

1–2
САБАҚ

«Отбасы күнін» тойладық

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

бір-бірімізге, әсерлі кеш, тірегі


ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Төмендегі суреттерге қарап, отбасымен атап өтетін мейрамдардың тізімін жаз. Сұрақтарға жауап бер.

- Отбасыңда неше адам бар?
- Отбасыңда қандай мейрамдарды атап өтесіңдер?
- Саған мейрамды отбасымен өткізген ұнай ма?
- Отбасыңда атап өтілген бір мейрам туралы әңгімеле.



1 маусым –
Балаларды қорғау күні



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Ұқсастықты тап» ойыны. Өзіңмен ойы ортақ сыныптасыңды табуға 3 минут беріледі. Ойы ортақ оқушылар жиналып, топ құрыңдар. Топтасудың шарты: белгілі бір мейрамды ұнататындар. Топ құрылған соң не себепті аталған мейрамды ұнататындарыңды дәлелдеңдер. Дәлелдеріңді ақ қағазға кластер түрінде жазыңдар, ойларыңды айтыңдар.

АЙТЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Өлеңнің мазмұнын өз сөзіңмен айт. Мәтіннен "Отан" сөзінің синонимдерін тап.

Мен

Халқымыздың сенімі –
Жақсылардың серігі.
Күрестерде шыныққан
Ағалар мен көп іні.

Әнмен алға аттаған,
Ар-намысты сатпаған.
Жеткіншегім менің деп
Ағаларым мақтаған.

Туған елім — бай далам,
Даламда еңбек қайнаған.
Ұланымын Отанның
Қиындықтан таймаған.

Мен — елімнің күлкі, әні,
Болашағы, нұр таңы.
Ерліктерге бастаған
Бабалардың ұрпағы –
Ұланымын елімнің!

Фариза Оңварсынова

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы. Түсінгеніңді айт.

Біз жылда «Отбасы күнін» атап өтеміз. «Отбасы күні» қыргүйек айының екінші жексенбісінде болады. Бұл күні отбасы мүшелері түгел үйге жиналады. Біз бір-бірімізге сыйлықтар береміз. Осылайша бір-бірімізге қуаныш сыйлаймыз. Әкем анам мен әжеме гүл шоқтарын береді. Бізге театрға не киноға билет алып, әсерлі кеш сыйлайды.

Анам мерекелік дастарқан жаяды. Отбасымызда әртүрлі қызықты жарыстар ұйымдастырамыз. Мен фотосуретке түсіремін. Сосын ағам суретке түсіреді. Отбасы мерекесі қызықты өтеді. Атам: «Отан отбасынан басталады. Отбасын жақсы көретін адам Отанын да жақсы көреді», — дейді. Мен отбасымды да, Отанымды да жақсы көремін. Менің Отаным — Қазақстан. «Отбасы күні» — біздің еліміздегі ең маңызды мерекенің бірі. Әкем — отбасының тірегі, анам — отбасының мейірімі.

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Мәтіндегі деректі және дерексіз зат есімдерді тауып, сұрақ қой.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Біз «Отбасы күнін» атап өтеміз.		
«Отбасы күні» қазан айында болады.		
«Отан отбасынан басталады», — дейді атам.		
Отбасы мейрамханаға жиналады.		
Бір-бірімізге сыйлықтар береміз.		
Мен отбасымды да, Отанымды да жақсы көремін.		
Біз суретке түсеміз.		
Отбасында қызықты жарыстар ұйымдастырамыз.		

Тілдік бағдар**Деректі және дерексіз зат есімдер**

Көзбен көріп, қолмен ұстап тануға болатын заттарды деректі зат есім деп айтамыз. Мысалы: кітап, мектеп, дос, су, нан, дәптер, қалам т. б.

Көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін заттардың атын білдіретін сөздерді дерексіз зат есімдер деп айтамыз. Мысалы: ақыл, ой, бақыт, арман, білім т. б.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай байланыстырып жаз.

«Отбасы күнін»	жиналады	дастарқан	сыйлаймыз
Отбасы мүшелері	атап өтеміз	сыйлықтар	жаяды
Суретке	кеш	орын	ұйымдастырамыз
Бір-бірімізге қуаныш	түсіремін	кеш	отбасының мейірімі
Әкем гүл шоқтарын	сыйлаймыз	әкем	ауыстырамыз
Әсерлі	тарту етеді	анам	отбасының тірегі

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Ұсынылған мейрамдарға байланысты диалог құрыңдар.

- а) «Аналар күні», әкем, ағам және мен ерекше тағам әзірлейміз;
- ә) Жаңа жыл, сыйлық алу;
- б) «Балалар күні», саябаққа бару;
- в) Наурыз, наурызкөже ішу.
- г) «Отбасы күні», отбасы түгел жиналады.

Үлгі:

- Саған «Аналар күні» мейрамы ұнай ма?
- Иә, ұнайды.
- Неге?
- Себебі «Аналар күні» мейрамында әкем, ағам және мен ерекше тағам әзірлейміз.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Берілген сөздерді жекеше және көпше түрде жіктеп жаз.

Сыйлау, жиналу, қуану, суретке түсу, ұйымдастыру.

Үлгі:

Жекеше		Көпше	
1-жақ	Мен сыйлаймын	1-жақ	Біз сыйлаймыз
2-жақ	Сен ... Сіз ...	2-жақ	Сендер ... Сіздер ...
3-жақ	Ол ...	3-жақ	Олар

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінді оқып, қою қаріппен берілген сөздердің қай жақта тұрғанын айт. Мәтіндегі дерексіз сөздерді анықта.

Менің анам — **дәрігер**, ал әкем — **құрылысшы**. Мен **оқушымын**. Мен «Отбасы күніне» арнап ата-анама ашықхат **жаздым**. Анар да ата-анасына ашықхат **жазды**. Біз мектепте мейрамға арнап концерт **қойдық**. Оқушылар әртүрлі өнер **көрсетті**. **Отан отбасынан басталады**. **Мен өз Отанымды сүйемін**.

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына жіктік жалғауын жаз. Қай жақта тұрғанын анықта. Сөйлемдердегі деректі және дерексіз зат есімдерді тап.

Біз жылда «Отбасы күнін» атап өте... .
«Отбасы күні» отбасы мүшелерінің бәрі үйге жинала... . Біз бір-бірімізге сыйлықтар бере... .
Осылайша бір-бірімізге қуаныш сыйлай... .
Әкем анама, әжеме гүл шоқтарын сыйлай... .
Мен бәрін суретке түсіре... . Ағам да суретке түсіре... . Отан отбасынан бастала...

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Отбасы күніне» арнап ата-анаңды не досыңды құттықтап, ашықхат жаз.

12-тапсырма. «Отан» сөзіне синквейн (бес жолды тақпақ) дайында.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. Тақырыпқа қатысты — **бір** зат есім.

2. Бірінші зат есімге **екі** анықтауыш.

3. Бірінші зат есімге **үш** етістік.

4. Бірінші зат есімді суреттеп

толықтыратын **төрт** кілт сөз.

5. **Бір** зат есім-метафора (бірінші жолдағы зат есімге назар аударатындай).

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Төмендегі сұрақтарды қатыстырып, диалог құрыңдар.

1. «Отбасы күні» қай күн?

2. Сендер «Отбасы күнін» атап өтесіңдер ме?

3. «Отбасы күнінде» сен ата-анаңды қалай қуантасың?

4. Сендер отбасылық суретке түсесіңдер ме?

5. Отбасылық суретке соңғы рет қашан түстіңдер?

6. «Отан отбасынан басталады» дегенді қалай түсінесің?

7. Қандай адам Отанын жақсы көреді?

**КЕЛ, ЖАТТЫҒАЙЫҚ!****Қалсын апам қуанып**

Апамызды сыйлайық,
Үйдің ішін жинайық,
Бұрынғыдай егесіп,
Ерегісіп тұрмайық.

Қалмау үшін керісіп,
Кел, алайық келісіп.
Атқарайық үйдегі
Жұмысты тең бөлісіп.

Совет Әлімқұлов

ЕСТЕ САҚТА!

Әкем — отбасының тірегі, апам — отбасының мейірімі. Біз «Отбасы күнін» атап өтеміз. «Отбасы күні» қыргүйек айының екінші жексенбісінде болады. Атам: «Отан отбасынан басталады», — дейді.

Әке көрген оқ жонар ...

3-4
САБАҚ

ЖАҢА СӨЗДЕР

ұрлық жасамау

КЛИШЕЛЕР:

аяулы әкетайым

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Сөздікке сүйеніп, берілген сөздерді орыс тіліне аудар.

Шексіз махаббат, тыңдау, мақтан ету, тырысу, ұрлық жасамау, аяулы әкетайым, отаншыл адам, отбасы бақыты, құрақ, сыншы.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. 1-тапсырмадағы сөздердің ішінен деректі және дерексіз зат есімдерді бөліп жаз.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Берілген мақалдардың мағыналарын түсіндіріп айт. Мақалдардағы дерексіз зат есімдерді тап.

1. Әке — асқар тау,
Ана — таза бұлақ,
Бала — жағасындағы құрақ.
2. Әке — балаға сыншы.
3. Әкеден — ақыл,
Анадан — мейірім.
4. Отан отан да ыстық.
5. Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ халқында «әкені» неге «отағасы» дейді? Қалай ойлайсың, оның себебі не?
2. «Әке мен баланың арасындағы сыйластық» дегенді қалай түсінесің?



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ**5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.**

Аяулы әкетайым, мен Сіздің жүзіңізден шексіз махаббатты **көрдім**, Сіздің жылы даусыңызды ғана **тыңдап** өстім. Сізге ерекше **еркеледім**. Өйткені Сіз үшін баланы ұру, оған қатты сөз айту мейірімсіздік еді.

Менің бойымда Сізді мақтан ету, құрметтеу сезімі болды. Сізге деген сенім **қалыптасты**. Сіздің атыңызға жаман сөз келтірмеуге тырыстым. Өйткені бала кезімізден бізге «үлкендерге сәлем беріңдер, қолында ауыр заты болса, көмектесіп жүріңдер», «өтірік айтпаңдар», «ұрлық жасамаңдар», «кешірімді болыңдар» деуші едіңіз.

Асыл әкем менің, анам екеуіңіздің адал, таза сыйластықтарыңыз бізге бақытты балалық шақ **сыйлады**. Сіз біз үшін асқар тау болдыңыз, анам – біздің алтын бұлағымыз. Сөзбен ғана емес, күнделікті өмірде өз істеріңізбен көрсеткен тәрбиеңіз бізге үлкен сабақ болды.

Әкешім, сіз бізге «отбасы», «Отан», «туысқан» деген сөздердің мағынасын айтуды едіңіз. Сізді қатты сағындым, аяулы әкем!

АЙТЫЛЫМ**6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап бер.**

1. Мәтін кімнің атынан жазылған?
2. Мәтінде автордың қандай сезімдері көрінеді?
3. Әке мен бала арасындағы қандай қатынас ерекше байқалады?
4. Мәтін неге өткен шақта баяндалған? Ойыңды дәлелде.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС**ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****7-тапсырма. Мәтіндегі деректі және дерексіз зат есімдерді бөліп жаз. Олардың мағынасын түсіндір.**

Үлгі: қорқу емес.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**8-тапсырма. Үлгіге қара. Мәтіндегі қою қаріппен берілген етістіктерді болымсыз етістікке айналдырып жаз. Кестені толтыр. Олардың қалай жасалып тұрғанын түсіндір.**

№	Болымды етістік	Болымсыз етістік
1	көріппін	көр+ме+п+пін, көрген жоқпын, көрген емеспін
2		

АЙТЫЛЫМ**9-тапсырма. Мәтінге тақырып қой. Сол тақырыпты неге таңдағаныңды түсіндір. Мәтін мазмұнын өз сөзіңмен баянда.****АЙТЫЛЫМ****10-тапсырма. «Әке — асқар тау» тақырыбында ой бөлісіңдер.**

ОҚЫЛЫМ

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

11-тапсырма. Өлең мәтінін оқы. Мәтінде кім туралы айтылып тұрғанын түсіндір. Автор әкені неге асқар тауға, өзенге теңейді? Өлеңді жаттап, әнімен айт.

Әке туралы жыр

Сөзін жазған: Мұхтар Шаханов

Әнін жазған: Нұрғиса Тілендиев

Жас едім өмірге еркін бойламаған,
Күні ертең не боларын ойламаған.
Шарықтап кетсем-дағы қанат қағып,
Өзіңдей қамқор әке қайда маған.

Жан әке, шертіп сезім домбырасын,
Кеудемді қуанышқа толтырасың.
Арманның асқарына құлаш ұрсам,
Алдымда асқар тау боп сен тұрасың.

Бұл күнде мен де өзеннің арнасымын,
Кім мөлдір болса, соның жолдасымын.
Қуан сен, қуана бер, әкетайым,
Мен — сенің өміріңнің жалғасымын.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Кластер құра.



ЕСТЕ САҚТА!

Бала кезімізден бізге «үлкендерге сәлем беріңдер, қолында ауыр заты болса, көмектесіп жүріңдер», «өтірік айтпаңдар», «ұрлық жасамаңдар», «кешірімді болыңдар» деуші едіңіз.

Ана көрген мон кішер

5—6
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Сөздіктің көмегімен жаңа сөздердің мағынасын анықта.

Ұрысу/ұрыспау, әңгімелесу, сырласу, ойын айту, достарын үйге әкелу, рұқсат сұрау (алу), тыйым салу, ренжу/ренжімеу, жылау/жыламау, ақылдасу, жоспарлау, келісу/келіспеу, отбасы мәселелері, бақытты сезіну.

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. 1-тапсырмадағы сөздер ішінен етістіктерді тап. Болымды етістіктерді болымсызға айналдырып жаз.

Үлгі: ұрыс — ұрыс-па, ұрыс-қан емес, ұрыс-қан жоқ.

ЖАҢА СӨЗДЕР

құдіретті күш, ұрысу, сырласу, бақытты сезіну

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. «Ананы сыйлау» дегенді қалай түсінесің?
2. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деген сөзбен келісесің бе? Неге?
3. «Ананың алдындағы парызы» дегенді қалай түсінесің?

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Тірек сөздерді қолданып, өз аналарыңмен қарым-қатынастарың жайлы диалог құрыңдар.

Тірек сөздер: тіл табысу, еркелету, ойлану, ақылдасу, ұрысу/ұрыспау, келісу/келіспеу, еркін сөйлесу, жанындай жақсы көру, мейірімді.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Менің анам – әлемдегі ең асыл жан. Анам екеуіміздің арамызда көзге көрінбейтін құдіретті күш бар. Ол «мейірім» деп аталады.

Мен гүл болсам, анам – сәулесін төккен күн. Мен сол сәуледен жылу аламын. Мен тамшы болсам, ол – теңіз. Мен сол теңізде тербелемін. Мен құрақ болсам, ол – мөлдір бұлақ. Мен сол бұлақтан нәр аламын.

Біз анам екеуіміз кез келген мәселе жөнінде ашық сөйлесеміз. Ол менің ең жақын адамым болғандықтан, үнемі сырласып, әңгімелесеміз. Ол маған дауыс көтеріп ұрыспай-

ды, сол себепті қай уақытта да анама шын сырымды айтамын, ойымды жасырмаймын. Анам өзіммен кеңесіп, жол көрсетеді. Егер қателесем, ашуланбайды, ренжімейді, жай сөзбен қатемді түсіндіреді.

Анам менің достарымды да жақсы көреді. Әрине, достарыммен қыдыру үшін анамнан алдын ала рұқсат сұраймын. Ол достарыммен араласуыма ешқашан қарсылық білдірмейді. Тек қайда және не үшін баратынымызды, ол жаққа барып қайтатын уақытымызды сұрайды.

Демалыс уақытымызды ақылдасып, алдын ала жоспарлаймыз. Кейде бір-бірімізбен келіспей қалсақ, анам таңдауды бізге қалдырады. Бұл — бізге үлкен жауапкершілік артады.

Міне, менің анашым осындай адам. Оның қасында мен өзімді бақытты сезінемін.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Жоспардағы әр тақырыпшаның тұсына тірек сөздерді жаз. Сол сөздерге сүйеніп, мәтінді мазмұндап айт.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Жақшаның ішінен қажетті сөздерді таңдап, сөйлемдерді толықтырып жаз.

Анамның бойындағы барлық қасиет маған (ұнайды, ұнамайды, қалайды, қаламайды). Анам екеуіміздің арамызда көзге (көрінбейтін, көрінетін, айтылатын, айтылмайтын) құдіретті күш бар. Біз анам екеуіміз кез келген мәселе жөнінде ашық (айтамыз, тілдесеміз, сөйлесеміз). Ол маған дауыс көтеріп (ұрысады/ұрыспайды, айғайламайды, айғайлайды), сол себепті қай уақытта да анама шын сырымды айтамын, ойымды (жеткіземін, жасырамын, жасырмаймын). Анам маған құрғақ ақыл (айтады, айтпайды, дейді), өзіммен кеңесіп, жол көрсетеді. Егер қателесем, (ашуланбайды, ренжімейді, айтпайды), жай сөзбен қатемді түсіндіреді.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Кері қайтала!» ойыны. Ортаға екі оқушы шықсын. Мәтін мазмұнына сүйеніп, бір оқушы құрамында кемінде екі етістік (бірі — болымды, бірі — болымсыз етістік) бар сөйлем айтсын. Екінші оқушы соны қайталасын, бірақ етістіктерді кері айтсын.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін бойынша ой қорытындысын жаз.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**10-тапсырма.** Синквейн немесе бес жолды өлеңді толтыр.*Бес жолды өлеңнің құрылымы:*

- Тақырыпқа қатысты – **бір** зат есім (**кім? не?**).
- Бірінші зат есімге **екі** анықтауыш (**қандай?**).
- Бірінші зат есімге **үш** етістік (не істеді/істейді?).
- Бірінші зат есіммен сегіз сөзден тұратын сөйлем.
- Ол кім?

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС**ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****11-тапсырма.** Өлең мәтінін мәнерлеп оқы, жатта. Жаңа сөздер бойынша сөздік жаса. Өлеңді әнімен айт.**Анашым***Сөзін жазған: Қайрат Жұмағалиев**Әнін жазған: Марат Омаров*

Шет жүрсем — сағынарым,
Жабықсам – шағынарым.
Анашым бір өзіңсің –
Табынарым.

Қайырмасы:

Анашым, шалқып күлсең,
Алдымда ұзақ жүрсең –
Жүрегім жыр толғайды,
Көңілім ортаймайды.
Анасы бар адамдар
Ешқашан қартаймайды.

Ұшырған сұнқарыңмын,
Қияға шырқарыңмын.
Бәйгеге өзің қосқан –
Тұлпарыңмын.

Қайырмасы

Қорғаным – өзің деймін,
Жан дауа – сөзің деймін.
Анашым, сені ойласам,
Көз ілмеймін ...

АЙТЫЛЫМ**12-тапсырма.** «Біз анамызды қалай сыйлаймыз?» тақырыбында пікір алысу өткізіңдер. Ол үшін алдымен өзара ақылдасып, пікір алысуда талданытын 5 сұрақты анықтаңдар. Оларды ретімен жазыңдар. Регламент белгілеңдер. Өз орталарыңнан жүргізуші сайлаңдар.**ЕСТЕ САҚТА!**

Біз анам екеуіміз кез келген мәселе жөнінде ашық сөйлесеміз.
Ол менің ең жақын адамым. Біз үнемі сырласып, әңгімелесеміз. Ол маған дауыс көтеріп, ұрыспайды. Қай уақытта да анама шын сырымды айтамын, ойымды жасырмаймын.

Ата-анамды үлгі тұтамын

7—8
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Онда кім туралы айтылған?

Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Сенің асыл тірегің,
Мейірімді жүрегі.
Ойлап ылғи қамыңды
Қамқорың боп жүреді. Ол кім?

ЖАҢА СӨЗДЕР

жауапкершілік, талап қою,
қадалау, балажан

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. "Ана мейірімі" тақырыбында шағын мәтін құрап жаз. Мәтінде деректі, дерексіз зат есімдер мен көптік мәнді есім сөздерді қолдан.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Ата-анамды үлгі тұтамын

Менің атым — Әнел. Мен алтыншы сыныпта оқимын. Біздің отбасымыз шағын: әкем, анам және мен. Біздің отбасымыз өте тату.

Әкемнің мамандығы — заңгер. Ол кісі — өте білімді, талантты, жауапкершілігі жоғары адам. Ол маған қатал талап қояды. Жақсы оқуым керек екенін айтады. «Жақсы, әділ адам бол». Сонда сені қазір отбасымыз, кейін өскенде Отаның мақтан етеді», — дейді.

Менің анам емханада дәрігер болып жұмыс істейді. Науқастарды емдейді. Менің анам — ақылды, мейірімді жан.

Әкем де, анам да өте балажан. Олар

мені жақсы көреді, еркелетеді. «Сабағыңды жақсы оқы, жақсы үлгілі оқушы бол», — деп, үнемі айтып отырады. Ата-анам менің сабағымды, тәртібімді қадағалап отырады. Мен ата-анамды үлгі тұтамын. Оларды мақтан етемін. Өскенде сол кісілерге ұқсағым келеді. Сөйтіп, еліме қызмет еткім келеді. Өйткені «Отан отбасынан басталады».

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Алтыншы сыныпта оқимын.		
Анам мен әкем — өте балажан адамдар.		
Әкем — атақты ұшқыш.		
Анам ұстаз болып жұмыс істейді.		
Әкем мен анам менің сабағымды қадағалайды.		
Біздің отбасымыз өте тату.		
Әнел сенің ата-ананды үлгі тұтады.		

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі сын есімдерді тауып, түрлерін ажырат.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Сөздерден сөйлем құра. Жазған сөйлемнен дерексіз зат есімдерді тап.

Үлгі тұтамын, балажан, жауапкершілік, талап қояды, қадағалайды.

Үлгі: Әкем мен анам өте балажан.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Төмендегі тақырыптың бірін таңда. Мәтін құрап айт.

1. Мұхтар Әуезов — ұлы жазушы
2. Абайдың отбасындағы әдеп
3. Мен үлгі тұтатын адам

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Диалогті оқы. Үлгіні пайдаланып, бір-біріңмен сөйлесіңдер.

- Сәлем, Айжан!
- Сәлем!
- Сен кімді үлгі тұтасың?

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жеке сөздерден сөйлем құра. Сөйлемді үлгідегі формула бойынша жаз.

Үлгі: 1-сөйлем: 1А — 3Ә — 2Б — 5В

№	А	Ә	Б	В
1	Біздің	алтыншы	үлгі	қорғайды
2	Анам	елдің	өте	оқимын
3	Мен	отбасымыз	сабағымды	тұтамын
4	Ата-анамды	менің	сыныпта	қадағалайды
5	Біздің	ерекше	тыныштығын	тату

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Жоспар бойынша мәтін мазмұнын айт.

1. Менің отбасым
2. Ата-анамның қызметі
3. Науқастарға көмектеседі
4. Тәртібімді қадағалайды

— Анамды үлгі тұтамын.

— Ал сен ше?

— Мен ұстазымды үлгі тұтамын.

— Сенің ұстазың қандай адам?

— Менің ұстазым — өте жақсы адам.

Ұстазым адал, еңбекқор, балажан. Ал сенің анаң қандай адам?

— Менің анам — ақылды, мейірімді, жауапкершілігі мол адам.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Төмендегі тірек сөздерді пайдаланып, өзің үлгі тұтатын адам туралы жаз.

Тірек сөздер: ұқсағым келеді, мақтан етеді, Отан, отбасы, ұлы жазушы, қызмет ету, талап қою, жауапкершілік.

ЕСТЕ САҚТА

Мен ата-анамды үлгі тұтамын.
Ұстазыма ұқсағым келеді.

М. Әуезов – қазақтың ұлы жазушысы


9–10
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Жазушы деген кім?
2. Сен қандай қазақ жазушыларын білесің?
3. Соңғы кезде қандай көркем шығарма оқыдың?
4. Шығармада кім, не туралы жазылған?



ЖАҢА СӨЗДЕР

сыйлас, шығармашылық, зерттеу, ғылыми еңбек

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қараңдар. Сұрақтарды қолданып, парталас досыңмен диалог құрыңдар.

1. Бұлар кімдер?
2. Олар туралы не білесің?
3. Олар қай ғасырда өмір сүрген?
4. Олардың қандай шығармаларын білесіңдер?
5. Бүгінгі тақырыпта не туралы айтылады деп ойлайсыңдар? Ойыңды дәлелде.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «Орысша-қазақша сөздікті» пайдаланып, авторлардың Мұхтар Әуезов туралы айтқан сөздерін қазақ тіліне аударып жаз.

1. Его книги издавались на тридцати языках народов мира, в том числе в таких странах, как ГДР, Болгария, Польша, Франция. О нем писали люди с мировым именем, есть много исследований, посвященных его творчеству (Абдижамил Нурпеисов).

2. У меня есть две национальные святыни, с которыми я еду в другие страны, с которыми я переступаю порог других народов. Это — «Манас» и Мухтар Ауэзов. Когда меня спрашивают: кто вы такие, казахи и киргизы, — я рассказываю о «Манасе» и Мухтаре Ауэзове. Это символы моих народов, и с ними я могу достойно представлять себя другим (Чингис Айтматов).

3. Мухтар Ауэзов был светлым человеком, светлым сыном казахского народа (Евгения Книпович).

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Бөрілі ауылында 1897 жылы 28 қыргүйенте туған. Әкесі Омархан мен атасы Әуез сауатты кісілер болған. Мұхтар атасы Әуез бен әжесі Дінасылдың тәрбиесінде болған. Мұхтардың атасы мен әкесі Абай ауылымен сыйлас болған. Соның арқасында ол алты жасынан Абайдың өлеңдерін жаттап өсті.

М. Әуезов өмір бойы Абай шығармашылығын зерттеді. Ол жас кезінде Семейде «Абай» журналын шығаруға қатысты. Кейін Абай мұралары бойынша ғылыми еңбектер, көркем шығармалар жазды.

Жазушының Абай туралы ең үлкен еңбегі — «Абай жолы» атты төрт томдық роман-эпопеясы болды. Бұл романның 1-томында Абайдың балалық шағы туралы айтылады. Жазушы бала Абайдың отбасы, өскен ортасы жайлы жазды.

Сөйтіп, Мұхтар Әуезов Абайды әлемге танытты.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша керекті сөздерді тіркестіріп жаз.

Үлгі:

1	2
Абай ауылымен	танытты
Шығыс Қазақстан	зерттеді
Абай	ауылы
Берілі	жазды
атасы	сыйлас болған
Абай өлеңдерін	сауатты болған
әлемге	облысы
шығармашылығын	ауданы
көркем шығарма	жаттап өскен
ғылыми	балалық шағы
Абайдың	еңбек

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мұхтар Әуезов кім?
2. Мұхтар кімнің тәрбиесінде болды?
3. Мұхтардың Абайды тануына не себеп болды?
4. Болашақ жазушы Абайдың өлеңдерін қанша жасынан жаттап өсті?
5. Жазушы Абай туралы қандай еңбектер жазды?
6. Жазушы қай романда Абайдың балалық шағы жайлы жазды?
7. Мұхтар Әуезов Абайды әлемге қалай танытты?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Жоспардағы тақырыпшалардың аясындағы тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мазмұнды баянда. Деректі және дерексіз зат есімдерді қолдан.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Сандар сөйлейді» ойыны. Қоржын ішінен мәтінде айтылған сандық деректер жазылған қағаздарды алып, бірден жауап берген оқушы жеңімпаз болады.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Диалог. «Жазушымен сұхбат». Рөлдік ойын. Мәтін мазмұны бойынша тележурналист пен жазушының шағын сұхбатын көрсетіңдер. Диалогке қажетті сөйлеу этикетіне қатысты сөздерді (амандасу, танысу, мадақ сөз, қоштасу) алдын ала жазып алып, диалогте қолданыңдар.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. Топтық жұмыс. Топтар өз қалауларың бойынша қайнаркөздерден Абай Құнанбаев немесе Мұхтар Әуезов туралы ақпараттар тауып, олардың өмірі мен шығармашылығына қатысты постер жасаңдар. Оны сынып алдында қорғаңдар.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Алматыдағы Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйінде Абайға қатысты қандай экспонаттар бар екенін анықта. Мұражай сайтына кіріп, олармен таныс.

Өзіңе қызықты болған деректерді жазып ал. Мұражайда Абайдың туған күніне байланысты өтетін «Абайды танимыз ба?» тақырыбында өткізілетін поэзия кеші туралы хабарландыру жаз. Хабарландыру мәтінде деректі және дерексіз зат есімдерді қолдан.

ЕСТЕ САҚТА!

Мұхтар Әуезов — қазақтың ұлы жазушысы. Ол Абай шығармашылығын зерттеді. Ғылыми еңбектер, төрт томдық көркем шығарма жазды.

«Абай жолы» романы, "Қайтқанда" тарауынан (үзінді)

11–12
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мұхтар Әуезовтің отбасындағы қандай тәрбие оның жазушы болуына әсер етті?
2. Ұлы жазушының өміріне қарап «Отан отбасынан басталады» деген сөздің шындығын қалай дәлелдер едің?

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша қандай өнер туындылары (кино, пьеса, суреттер) жарық көрген? Фаламтордан және өзге де қайнаркөздерден осы сұраққа мәліметтер жинап, жауап жаз.



ЖАҢА СӨЗДЕР

салт атты, тілеу, бұрылды, ержету, ұялу,

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Өзің оқитын мектептің 5–7-сыныптар оқушылары арасында Абай Құнанбаев пен Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы не білетіндерін анықтау үшін шағын сауалнама жүргізіңдер. Оның нәтижелерін сыныпта талқылаңдар.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінді рөлге бөліп (автор, кейіпкерлер) оқыңдар.

Қорықтан шыққан үш салт атты
Көлқайнардағы Құнанбай ауылына,
Абайдың өз шешесі Ұлжан отырған ауылға
келіп жетті.

— Қалашылар келді! Қалашылар келді! —
деді көргендер шулап.

— Анау Абай, Абай ғой, айналайын-ай!
Апасына айтайыншы, — деді бір үлкен әйел.

— Бәсе, Телғара ғой... Жаным-ау, мынау...
Телғара! — деді бір жас әйел.

Ұлжан баласы Абайдың келген хабарын
естіп, төрде отырған енесі, Абайдың әжесі
Зерені де сүйемелдеп, сыртқа ертіп шықты.
Зеренің ең жақсы көретін немересі Абай еді.
Оның тілеуін тілеп отыратын.

Осы жиынға қараған бетімен, екі жол-
дасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың
атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен,
ең алдымен өз шешесін көріп, соған қарай
жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

— Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда
әкең тұр... Сәлем бер! — деді.

Абай әкесіне қарай тез бұрылды.
Әкесіне қол беріп амандасты. Әкесі сәлемін
алды да:

— Балам, бойың өсіп ержетіп
қалыпсың! Бойыңдай болып білімің де өсті
ме? — деді. Ұялғанды, жауап айтпағанды
кешірмейтін әке мінезі Абайға белгілі. Ол
сабырмен:

— Шүкір, әке, Қазіреттің рұқсатын,
фатиқасын алып қайттым, — деді.

Туыс ағасы Майбасар Абайдың жауабын
ұнатып тұрып:

— Өзі, тіпті үлкен кісі боп қапты! — дей
беріп еді, Құнанбай оның сөзінің аяғын тоспай:

— Бар, ана шешелерің жаққа бар, аман-
дас, балам! — деді (М. Әуезовтен).

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннен қазақ отбасындағы
туыстық мағынаны білдіретін зат
есімдерді тауып жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі қазақ сөз этикетіне
байланысты сөздерді теріп жаз.
Мұғалімнің көмегімен олардың мағынасын
түсін.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіннің оқиғасын өз сөзіңмен
баяндап айт. Сөзіңде жаңа сөздер мен сөз
этикеті бірліктерін қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп,
«Абайдың ата-анасы қандай?» сұрағына
жауап беріңдер. Ол үшін бала Абайдың
әкесі мен анасына шағын мінездеме
жазыңдар. Соңында қазақ отбасындағы
әдеп туралы өз ойларыңды бөлісіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінде кездескен деректі және
дерексіз зат есім сөздерді, көптік мәнді
есімдерді тауып, кестені толтыр.

Деректі зат есім	Дерексіз зат есім	Көптік мәнді есімдер
------------------	-------------------	----------------------

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Өздерің қалаған қазақ жазушысының бір шығармасынан отбасы мүшелерінің арасындағы диалогті тауып жаз. Онда қолданылған этикет сөздердің мағынасын аш.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Суретке қара. Өзің қалаған бір сурет бойынша диалог құрап жаз. Диалогте қазақ сөз этикеті бірліктерін қолдан. Диалогте деректі және дерексіз зат есімдерді пайдалан.



АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Отбасындағы әдеп» тақырыбында пікіралмасу өткізіңдер.



ЕСТЕ САҚТА!

Абай ауылына келді. Ол анасына барды. Әжесі оның тілеуін тілейді. Анасы Абайға алдымен әкесіне сәлем беру керегін айтты. Бала Абай әкесіне сәлем берді. Бұл — қазақ отбасының дәстүрі мен әдебі.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. «Отан отбасынан басталады» тақырыбы бойынша өткен материалдардағы кездескен және өзің білетін этикет сөздерді қатыстырып, қазақ отбасындағы әке, ана, бала арасындағы диалогтік сөз мәтінін құрап жаз.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Синектика». Қазір оқушылардың кітап оқуы төмендеп кетті. 6-сынып оқушысына Абайдың атынан хат жаз.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Полилог. «Ойшыл қалпақтар»: «Отан отбасынан басталады» тақырыбында 6 оқушыдан топтасып, 6 түрлі қалпақ киіп, өзара пікірталас өткізіңдер.

Ойшыл қалпақтар	Ойшыл қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	Отбасы тәрбиесі мен Отанның байланысы туралы айтады.	Адам үшін Отан мен отбасының маңызы қандай?
	Қазақ отбасындағы тәрбиенің артықшылықтарын айтады.	Қазақ отбасы тәрбиесінің жағымды жағы неде?
	Отбасы тәрбиесіндегі ережелердің кемшіліктерін айтады.	Отбасында бәрін шектеу дұрыс па?
	Отбасы тәрбиесінің тиімділігі туралы айтады.	Оны тиімді ету үшін не істеу керек?
	Айтылған ойдың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айтады.	Айтылған ойларға қалай қарайсың?
	Бақылау және қорытындылау: айтылған ойларды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

КЕЛ, ЖАТТЫҒАЙЫҚ!

Отбасы — жылы ұямыз,
Тірегі — ата-анамыз.
Уыз сүт еміп осында,
Уылжып біздер өсеміз.

Осында үлгі аламыз,
Осында адам боламыз.
Еркелеп, ойнап, еліктеп,
Осында өсіп толамыз.

Тәрбие мектеп — от басы,
Ақылды баулып, тіл
ұштар.

Өрімдей тезге тартылған
Әдепті бейне дұрыстар
(Е.Жүсіпов)

Ауылым – алтын бесігім

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сенің туған жерің қандай?
- Сен ауылда/қалада тұрасың ба?
- Ауыл туралы не білесің?
- Сен ауылға/қалаға жиі барасың ба?

ЖАҢА СӨЗДЕР

жерұйық, өңір, кіндік тамған жер, қайнар көзі, ұшқан ұя, қора, жидек, балқаймақ, жент, бақташы

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құра.



Тілдік бағдар

Жалғаулық шылаулар

Жалғаулық шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салыстыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Жалғаулық шылаулар жалғаулықтар деп аталады. Жалғаулық шылаудың төмендегідей түрлері бар:

Жалғаулық шылаудың түрлері	Мысалы
Ыңғайластық қатынасты білдіретін жалғаулықтар	мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да, де, та, те, және, әрі
Қарсылықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар	Бірақ, алайда, әйтпесе, сонда да, дегенмен
Талғаулықты қатынасты білдіретін жалғаулықтар	Біресе, әлде, не, немесе, я, яни, болмаса, кейде
Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар	Өйткені, сондықтан, сол себепті, себебі
Шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтар. Ескерту: жалғаулықтың бұл түрі бағыныңқы сөйлем мен басыңқы сөйлемді байланыстырады.	Егер, егер де

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Қазақта «Ауылым — алтын бесігім» деген сөз бар. Әркімге өзінің туған жері — жерұйық. Біз, қазақтар үшін дүниенің қай түпкірін аралап жүрсек те, қанша әсем қалалар мен өңірлерді көріп жүрсек те, дүниеде жалғыз еліміз, жеріміз бар. Ол — Қазақ елі. Жалғыз Отанымыз — Қазақстан. Бүгін қазақ баласының аяқ баспаған жері жоқ. Соның бәрін аралап жүргенде 1-2 күн боларсың, дегенмен Отаныңа жететін ешнәрсе жоқ. Ал Отаныңды сүй, Отаныңа деген сүйіспеншілік ол отбасыңнан, кіндігің тамған жерден, ұшқан алтын ұяңнан басталады. Менің де ұшқан ұям — дәл осы жер.

Балалық шағы өткен жерін адам ешуақытта ұмытпайды. Жетісудың салқын самалындай жұмсақ жерді дүниені жеті айналсаң да таба алмайсың.

Менің бойымдағы қайрат, жігердің қайнар көзі туған жер, туған елім — Қазақстан. Барлық қажыр-қайрат, отансүйгіштіктің бәрі осы жерден басталады. Біз, бәріміз, ауылда шыңдалып өстік. Ауыл — біздің табан тірер жеріміз, тұғырымыз. Біз сол кәусар бұлақтан білім алып, елдің тарихын және салт-ғұрпын ішімізге сыйдырып жүрген халықпыз.

Ауыл — халық руханиятының алтын діңгегі. Мәдениеттің мәйегі, дәстүрдің басталатын жері (Нұрсұлтан Назарбаевтан).

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі жалғаулықтарды тауып, жалғаулықтың қай түрі екенін айт. Осы жалғаулықтарды қатыстырып, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- «Әркімге өзінің туған жері — жерұйық» деген сөйлемді қалай түсінесің?
- «Балалық шағы өткен жерін адам ешуақытта ұмытпайды» деген пікірмен келісесің бе?
- Сен өзіңнің туған жеріңді жақсы білесің бе? Ойыңды дәлелдеп айт.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен «жерұйық», «кіндік қаны тамған жер», «ұшқан ұя», «қайнар көз» тіркестерінің мағынасын тауып, осы тіркестерді қатыстырып, сөйлем құра.

Үлгі: Ұшқан ұя. Ауыспалы мавына. Орын тепкен, қоныстанған жер, құтты қоныс. Келдім сені сағынып, Алтын ұям — Алмағтым (Қ.Аманжолов).

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС**АЙТЫЛЫМ**

8-тапсырма. Мәтіндегі «Менің бойымдағы қайрат, жігердің қайнар көзі туған жер, туған елім — Қазақстан» деген тұжырым бойынша ой бөлісіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғаулықтарды қойып, өлеңді жаз.

Жетісудың салқын самалындай жұмсақ жерді дүниені жеті айналсаң ... таба алмайсың. 2. Менің әжем ... балқаймақ жасайды. 3. Әсіресе, кішкентай қозы ... лақтарды айтсаңшы! 4. Соның бәрін аралап жүргенде 1-2 күн боларсың, ... Отаныңа жететін ешнәрсе жоқ.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Өзіңнің туған жерің туралы 6 сұрақ дайындап, көршіңе қой. Екеуің 10-12 үнқатымнан тұратын сұхбат құрыңдар.

ЕСТЕ САҚТАЙ

Ауыл — алтын бесігім. Мен жазда ауылға барамын. Менің атам мен әжем ауылда тұрады. Маған да ауыл ұнайды.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Диалогті тыңда. Оқы. Түсінгеніңді баянда. Диалогтегі жалғаулықтарды тап.

— Мен жазда ауылға бардым. Менің атам мен әжем ауылда тұрады. Сен қайда бардың?

— Мен де ауылға бардым. Ауылда нағашыларым тұрады. Інім екеуіміз жидек теріп жедік.

— Атам ауылда бақташы. Мен оған көмектестім. Әжемнің балқаймағын айтсаңшы! Дәмі аузымнан әлі кетпейді.

— Иә, ауыл маған да ұнайды. Ауасы, таза. Қаладағыдай шу жоқ. Тып-тыныш. Менің нағашы әжем де балқаймақ жасайды. Женті де өте дәмді.

— Әсіресе, кішкентай қозы мен лақтарды айтсаңшы! Өздері сондай сүйкімді. Қорада асыр салып ойнағанда, інім де олармен қоса жүгіреді. Жаз өте қызықты болды. Мен келесі жылы да демалыста ауылға барамын. Сен барасың ба?

— Иә, мен де ауылға барамын. Себебі атам екеуіміз биыл жайлауға барамыз.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. «Ауылым — алтын бесігім» деген тақырыпта эссе жаз.

Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланыс болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 100-150 сөз.

Жайлаудың ауасы таза

3-4
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

- 1-тапсырма.** «Ассоциация»: 1) «Жайлау» деген сөзді естігенде ойыңа, көз алдыңа қандай нәрселер келеді? Сол сөздерді жазып, диаграмманы толтыр.
2) Жасаған диаграмма бойынша «Жайлауда» тақырыбында сюжетті сурет сал. Суретке қарап, ойыңды ауызша баяндап түсіндір.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

- 2-тапсырма.** Атақты ақын Мұқағали Мақатаевтың «Саржайлау» өлеңін мәнерлеп оқы. Мәтін бойынша сөздік жаса. Жайлаудың табиғатын суреттейтін сөздерді теріп жаз. Өлең мәтініне сүйеніп, Саржайлаудың табиғатын ауызша сипатта.

Үлгі: жасыл кілем

Жазира жасыл кілем өрнектеген,
Туған жерге, дариға, жер жетпеген, Сар-
жайлауым!
Кең өлкем, әлдилей бер, сен деп келем,
Аңсап келем сағынып, шөлдеп келем, Сар-
жайлауым!

Жадырап жұтайыншы тау самалын,
Осы еді ғой сағынып, аңсағаным, Саржай-
лауым!
Гүлдерім, шыршаларым, аршаларым,
Өзіңе арнап мен бүгін ән саламын, Саржай-
лауым!

ЖАҢА СӨЗДЕР

атқа міну, қонақжай, жұлдыз
Клише: Қандай керемет!

АЙТЫЛЫМ

- 3-тапсырма.** Досыңмен жайлау туралы диалог құрыңдар.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

- 4-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Оқы. Сөйлем соңында қойылған тыныс белгілердің қойылу себебін түсіндір.

Сәлем, досым! Қалың қалай? Жаз бойы жайлауда болып, электронды поштама кірмеп едім. Бүгін аштым, көп хат келіпті. Хатыңды алдым. Рақмет!

Ертөре, жазғы демалысты қалай өткіздің?
Сен жайлауда болдың ба?

Мен жазда атамның ауылында, жайлауда болдым. Атамның жайлауы Тарбағатай тауының етегінде тұр. Жайлау «Ақбұлақ» деп аталады. Білесің бе, біз жаз бойы киіз үйде тұрдық. Түнде далада ұйықтадым. Жайлаудың аспаны, оның жұлдыздары да керемет!

Әжемнің самауырмен қайнатқан шайын іштім. Дәмді тамағын жедім. Мен әжеме көмектестім. Әжем қазанға әртүрлі тамақ пісіреді. Әсіресе, қуырдағы дәмді!

Жайлаудың ауасы қандай, шіркін! Салқын әрі самал желі мен бұлақтың суын айтсаңшы!

Тура үйдің жанында су ағып жатыр. Ол су таудың етегіндегі бұлақтан басталады. Сондықтан жайлау «Ақбұлақ» деп аталады. Айнала гүлдер мен ағаштар. Жер кілем секілді жап-жасыл.

Айтпақшы, ең үлкен қызықты ұмытып барамын. Атамның Қарагер деген аты бар. Мен биыл бірінші рет атқа міндім. Атама мал бағуға көмектестім. Менің жазғы демалысым осылай өтті. Ал сенің жазғы демалысың қалай өтті? Жазып жібер. Сәлеммен, досың Нұрасыл.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. 1) Мәтіннен өзіңе таныс емес сөздерді көшіріп, сөздіктің көмегімен олардың аудармасын жаз. 2) Теріп жазған сөздермен сөз тіркесін құрап жаз.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. 1) Мәтінге тақырып қой. Неге ол тақырыпты таңдағаныңды түсіндір. 2) Мәтіндегі жалғаулық шылаулары бар сөйлемдерді тап. Оларды түрлеріне қарай ажыратып айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Нұрасылға Ертөре хат жазып отыр ма?		
Бұл мәтін жайлау туралы ма?		
Нұрасылдың атасының Қарагер деген аты бар ма?		
Нұрасылға әжесінің тамағы ұнамайды ма?		
Нұрасыл әжесіне көмектесті ме?		
Жайлауда шыршалар, аршалар бар ма?		
Нұрасылдың атасы бірінші рет атқа мінді ме?		
Жайлаудың аты «Ақбұлақ» па?		

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Бинго» ойыны. Кім торды тез толтырады? Мәтінге сүйеніп, сұрақтарға сәйкес сөздерді жылдам жазыңдар. Кім бұрын және дұрыс толтырса, сол ұпай алады.

Кім?	Не?	Қандай?	Не істеді?

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Жайлау» тақырыбына синквейн (бес жолды тақпақ) дайындаңдар.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. Тақырыпқа қатысты — бір зат есім.
2. Бірінші зат есімге — екі анықтауыш.
3. Бірінші зат есімге қатысты — үш етістік.
4. Бірінші зат есімді суреттеп

толықтыратын төрт кілт сөз.

5. Тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Ұсынылған жағдаяттардың ішінен біреуін таңдап, сұхбат құрастырыңдар.

- а) Жайлауға бару, суықтап қалу;
- ә) Далаға ұйықтау, қорқу;
- б) Атқа міну, құлап қалу;
- в) Мал бағу, шаршау;
- Жайлауға барғың келе ме?
- Жоқ, барғым келмейді.
- Неге?
- Жайлаудың ауасы салқын. Маған суықта көп жүруге болмайды.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Суретпен жұмыс. Мұғалім ұсынған пейзажға қарап, табиғатты суреттеп жаз. Жазғаныңды ауызша айт.

Үлгі: Бұл — жайлау. Мен жазда жайлауға бардым. Жайлауда ауа таза.

ЕСТЕ САҚТАЙ

Мен атамның атына міндім.
Мен жазда жайлауда болдым.
Жайлаудың ауасы таза, салқын,
самал желі бар. Мен әжеме
көмектестім. Әжем қазанға тамақ
пісірді.



Менің үйім таудың етегінде

5—6
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сенің үйің қай жерде орналасқан?
- Үйіңнің жанында не бар?
- Сенің ауылыңда/қалаңда тау бар ма?
- Ол тау қалай аталады?
- Сен ол таудың тарихын білесің бе?

ЖАҢА СӨЗДЕР

бұйратты, қыр, киелі, өнегелі, алем

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Жақшаның ішіндегі қажетті жалғаулықтарды қойып, сөйлемді жаз.

Менің атам (бен, пен, мен) әжем ауылда тұрады. 2. Ертөре (та, те, да, де) жазда ауылға барды. 3. Оған (бірақ, әрі, өйткені) жайлау ұнайды. 4. Әжемнің балқаймағы (де, та, те, да) өте дәмді. 5. Елдің тарихын (болмаса, кейде, және) салт-ғұрпын ішімізге сыйдырып жүрген халықпыз.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Сәлем, Майкл! Қалың қалай? Екеуіміздің Бразилияда өткен оқушылардың халықаралық ғылыми жұмыстар байқауында танысқанымызға да бір ай болыпты. Хатыңды алдым, көп рақмет. Қазақстан туралы көбірек ақпарат алғың келетінін жазыпсың. Мен саған ең алдымен, өзімнің туған жерім туралы айтып берейін.

Менің ауылым Тарбағатай тауының етегінде орналасқан. Тарбағатай — Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Қытай аумағындағы орташа тау. Тарбағатай тауының ұзындығы — 180 км. Ал биіктігі — 2 992 метр. Ауылымыздың табиғаты да ерекше. Қыста күн суық, қар қалың жауады. Сондықтан қыста шаңғы, шана тебеміз. Жазда салқын, бірақ шілде, тамыз айларында күн ыстық болады. Бірақ таудан самал жел соғып тұрады.

Менің үйім таудың етегінде. Есіктің алдында бау-бақшамыз бар. Алма, алмұрт, сары өрік және т.б жеміс ағаштары өседі. Жазда бүлдірген тереміз. Қазақстанға қыдырып кел, біздің елдің табиғаты тамаша!

Сенің тұрған жерің қандай? Хатыңды асыға күтемін.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі 5 сөйлемге түрлі нұсқада сұрақ қой.

Үлгі: Екеуіміздің Бразилияда өткен оқушылардың халықаралық ғылыми жұмыстар байқауында танысқанымызға да біраз уақыт болыпты.

Сұрақ:

- Олар қайда танысты? — Олар Бразилияда танысты.
- Олар қандай байқауда танысты? — Олар халықаралық ғылыми жұмыстар байқауында танысты.

- Олардың танысқанына қанша уақыт болды? — Олардың Бразилияда танысқанына бір ай болды.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Берілген суреттер бойынша мәтін құрап айт.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтырыңдар. Түсіндіріңдер.

Сөз немесе сөз тіркесі	Түсініктеме
Тарбағатай тауы	Шығыс Қазақстан облысында орналасқан тау. Оның бір шеті Қытай Республикасының территориясында.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз.

1. Қазақстан туралы көбірек ақпарат алғың келетінін жазыпсың. 2. Менің ауылым Тарбағатай тауының етегінде орналасқан. 3. Тарбағатай — Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Қытай аумағындағы орташа тау. 4. Қыста күн суық, қар қалың жауады. 5. Сондықтан қыста шаңғы, шана тебеміз. 6. Жазда салқын, бірақ шілде, тамыз айларында күн ыстық болады.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

9-тапсырма. Өлеңдерді мәнерлеп оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Ауыл

Біздің ауыл ұя еді киелі бір,
Теңіз бойы, бұйратты жиегі қыр.
Өнегелі ұл менен қыз өсіріп,
Шаңырағына құт қонған үй еді кіл
(Ф.Оңварсынова).

Туған жерім

Туған жерім —
Сенен мәңгі айналдым.
Шөл даладан,
Гүл қалаға айналдың.
...Сағынышым —
Маған маза бермедің.
Бар әлемнен —
Сендей жерді таппадым,
Сенен ыстық,
Жерді әлемнен көрмедім

(Ш.Сариев).

- Ақындар туған жерді қалай жырлаған?
- Олар туған жеріне деген махаббаттарын қалай жеткізген?
- Сен өзіңнің туған жеріңді сағынасың ба?
- Екі ақынның өлеңін салыстырып, олардың өзіндік ерекшелігін айтып бер.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Жағдаят: Мектептеріңде республикалық байқау өтті. Байқауға Қазақстанның барлық өңірлерінен оқушылар келді. Олар сендерден туған ауыл/қаларыңның аты, оның шығу тарихы туралы сұрады. Не істейсің? Қалай жауап бересің?


ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Берілген жалғаулықтарды қатыстырып, сөйлем құрап жаз.

Біресе, кейде, әрі, мен, әйткенмен, сол себепті, алайда, яки, немесе, сонда да, егер, шілде, тамыз айларында күн ыстық болады.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Менің туған жерім» деген тақырыпта фотоколлаж дайындаңдар. Оны сыныпта қорғаңдар.



ЕСТЕ САҚТАЙ

Менің ауылым таудың етегінде орналасқан. Мен өз аулымды сағынамын. Ауылда көптеген жеміс ағаштары өседі. Менің ауылым шөл даладан гүл қалаға айналды.

Кім пайдалы? Кім мықты?

7–8
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Қандай тағамдарды пайдалы деп ойлайсың?
- Сен қандай тағамдарды ұнатасың?
- Өзіңе ұнайтын қандай киімдерің бар?
- Сен аяқ киімді неден жасайтынын білесің бе?

ЖАҢА СӨЗДЕР

ұрысу, тепкілеу, шұжық, балқаймақ, шындық, арам, мықты, мінеу, керкілдесу, керісу, жүгіну

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Жұмбақты шешіңдер. Мағынасын түсіндіріңдер.

Он екі тесігі бар жалғыз тілі,
Жып-жылтыр, сыртында жоқ тіпті міні.
Көтерер адамзатты қиналмай-ақ,
Жоқ екен күштілікке ешбір кемі.
Сап алар аузын буып қапшығына,
Өзінде дайын екен арқан жібі (екңетәб).

ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңді рөлге бөліп оқыңдар. Мазмұнын баяндаңдар.

Ә. Дүйсенбиев «Бәтеңке, шұжық, балқаймақ» (өлеңі) (үзінді)

Бәтеңке,
Шұжық,
Балқаймақ,
Дүкенде тұрып ұрысты.
Бәтеңке шықты айғайлап:
Айту керек дұрысты!
Сен екеуің кімсіңдер,
Мені айтындар мүлік деп,
Құр мақтанып жүрсіндер,
Жұртқа сырттан күліп көп.
...Білмейсіндер, өмірге
Кім пайдалы, кім мықты,
Кәне, екеуің жеңіл де,

Мойындаңдар шындықты.
...Таласты олар ұзақ түн,
...Кетті айтыс ұзап тым,
Бір бітімге келмеді...
Бақта оянды әнші құс,
Ай да қалғып барады.
Шымқай тартты күн шығыс,
Алтын арай тарады.
Бәтеңке,
Шұжық,
Балқаймақ,
Жатыр әлі айғайлап...
Бірін-бірі мінеді,

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Керкілдесті, керісті.
 Жүгінетін біреуді,
 Табалық деп, келісті.
 Дауларын кім шешеді?
 Олар ұзақ жол кешті,
 Келе жатып үшеуі,
 Көк төбетке кездесті.
 – Әй, көк төбет, көк төбет!
 Білетіні көп төбет.
 Әділдігі мол төбет,
 Арамдығы жоқ деп ед,
 Ақыл-ойға байсыңыз,
 Айтыңызшы шындықты.
 Ардақтымыз қайсымыз,
 Кім қадірлі, кім мықты?
 Сілекейі шұбырып,
 Сөйлейді ит былай деп:
 Көзіме сен көрінбей,
 Ей, Бәтеңке, былай кет!
 Күшік емен ойнайтын,
 Ботинка, өзін, қаттысың.
 Қанша жесе тоймайтын,
 Шіркін, Шұжық тәттісің...
 Сонда ғана төбеттің
 Арам ойын сезіпті...
 Келе жатып үшеуі,
 Мысыкка енді кезікті.
 – Ала мысық, әй мысық,
 ...Пайдалымыз қайсымыз.
 Кім қадірлі, кім мықты?
 Сонда мысық, қу қырсық,
 ...Сөйлеп кетті білгірсіп:
 Шұжық досым, сор, қайнап,
 Жақпай қапсың ішіме.
 Соңғы түндер, Балқаймақ,
 Еніп қапсың түсіме,
 Сен боласың ойымда,
 Күндіз, ерте, кеште де...
 Ал, Бәтеңке жайында
 Айтпай қойды ештеме.
 Сонда олар мысықтың,
 Арам ойын сезіпті...
 Келе жатып үшеуі,
 Тышқанға енді кезікті.
 Тышқан, тышқан, сұр тышқан,
 ...Пайдалымыз қайсымыз,
 Кім қадірлі, кім мықты?

– Рас, мұндай тартыста
 Керек ара түсуім.
 Кеміргенде тісімнің
 Қандырасың қышуын, –
 Деді-дағы сұр тышқан
 Ботинкаға таянды.
 Ашылғандай араны,
 Ежірейе қарады.
 Сонда олар тышқанның,
 Арам ойын сезіпті.
 ... Келе жатып үшеуі,
 Сиырға енді кезікті,
 — Ақ сиыр-ау, ақ сиыр,
 Ақиқатқа жақ сиыр,
 Біз айтысып кеп тұрмыз,
 Бір ақылды тап, сиыр.
 Ақыл-ойға басыңыз,
 Айтыңызшы шындықты.
 Пайдалымыз қайсымыз,
 Кім қадірлі, кім мықты?
 Сиыр сөйлей женелді,
 Бір төңкеріп көздерін:
 — Мына менен, әуелі,
 Шыққасындар өздерің.
 Шытынама, Балқаймақ,
 Сені сүттен беріп ем.
 Ал, Бәтеңке, айқайлақ,
 Жасалғансың теріден.
 Сен де, Шұжық, безілдек,
 Шығасың ғой етімнен.
 Енді өзім, өзім!— деп
 Екіленбе бетіңмен.
 Сөйте тұра өзімді,
 Мақтамаймын, таспаймын.
 Әрқашан да сөзімді
 Бақташыдан бастаймын.
 Шалқытып ел табысын.
 Жайлауда жүр малшылар.
 Қыс боранмен алысып,
 Жаз жаңбырға малшынар.
 Айтсам егер шындықты,
 Сол қадірлі, сол мықты!
 Көргің келсе бұларды,
 Қазір бәрің ер маған!—
 Олар асып қырларды,
 Бір-ақ шықты фермадан.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі 5 сөйлемге түрлі нұсқада сұрақ қой.

Үлгі: Бәтіңке, Шұжық, Балқаймақ дүкенде тұрып ұрысты.

Бәтіңке, Шұжық, Балқаймақ дүкенде не істеді? Қайда тұрып ұрысты? Дүкенде нелер тұрып ұрысты?

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Ә. Дүйсенбиевтің «Бәтіңке, шұжық, балқаймақ» өлеңі не туралы?
2. Өлең неге ертегі деп аталады?
3. Олар не үшін ұрысты?
4. Олар қанша уақыт ұрысты?
5. Олар нелерден ақыл сұрады?
6. Олардың ұрысы қалай шешілді?
7. Сенің ойыңша, олардың қайсысы мықты әрі пайдалы?

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Бағандағы сөздерден сөйлем құрап жаз.

Бәтіңке	қапсың	келмеді
Бір-ақ	қойды	шешеді?
Дауларын	жүр	ішіме.
Бір	екеуің	кімсіңдер?
Жақпай	шықты	ештеме.
Айтпай	шықты	малшылар.
Жайлауда	кім	айғайлап.
Сен	бітімге	фермадан.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұнына қарай ойбөліктерін дұрыс орналастыр. Ретін сандармен белгіле.

- Бәтіңке, Шұжық, Балқаймақтың төбетке кездесуі; мысыққа кездесуі; сиырға кездесуі; мал фермасына баруы; дүкенде ұрысуы.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Жақшаның ішіндегі қажетті сөзді қойып жаз.

Кім (керек, пайдасыз, пайдалы), кім мықты? 2. Таласты олар (қысқа, ұзақ, күнде) түн. 3. (Қоңыр, көк, қызыл) төбетке кездесті. 4. (Күміс, сары, алтын арай) тарады. 5. Біз (төбелесіп, ұрсысып, айтысып) кеп тұрмыз. 6. Әрқашан да сөзімді (малшыдан, бақташыдан, қойшыдан) бастаймын. 7. Жаз (боранға, ыстыққа, жаңбырға) малшынар.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Бәтіңке, Шұжық, Балқаймақтың таласы бойынша ой бөлісіңдер. Автор осы өлеңі арқылы балаларға не айтпақшы болды?

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

Ұрысу, тепкілеу, шұжық, балқаймақ, шындық, арам, мықты, мінеу, керкілдесу, керісу, жүгіну.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың қайсысы өлеңнің идеясын аша алады? Ойталқы өткізіңдер.

- Достық;
- Өзін жоғары бағалау;
- Адам еңбегін мойындау.

ЕСТЕ САҚТАЙ

Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ дүкенде ұрысты. Олардың әрқайсысы мен мықтымын, пайдалымын деп мақтанды. Олардың дауын сиыр шешіп берді.

Қаланың қызу өмірі

9—10
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

кептеліс, шулы, қарбалас, қалалық, қиын, қыш, там

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңе қой.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.

- Қандай елді мекен қала деп аталады?
- «Қала» деген атқа ие болу үшін не назарға алынады деп ойлайсың?
- Қазақстанда неше ірі қала бар?
- Қала мен ауылдың айырмашылығы неде?
- Қалада қарбалас тіршілік нешеде басталады? Не себепті?
- Қала шулы ма? Не себепті?

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ**МӘТІНМЕН ЖҰМЫС****3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Қазақстанда қалалық мәдениет ерте ғасырлардан басталған. Қазақстанның көне қалаларының бірі — Отырар қаласы. Отырар қаласы Арыс пен Сырдария өзендерінің қосылған тұсында орналасқан. Ежелгі Отырар қыштан салған тамдары бар, көшелері кең, керуен кіріп-шығатын қақпалары бар көрікті қала болған. Осы қалада әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр туған.

Түркістан қаласы Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Түркістан — «түріктер мекені» деген сөз. Түркістандағы мектеп-медресенің бас мұғалімі Қожа Ахмет Ясауи болған. Әмір Темір Қожа Ахмет Ясауиге арнап, керемет ғимарат тұрғызған. Ол қазіргі таңда халық көп баратын — Қожа Ахмет Ясауи кесенесі.

Ежелгі Қазақстан жерінде Мерке, Аспара, Тараз, Талғар, Құлан, Құмкент, Жанкент, Сайрам, Сарайшық, Алматы және т.б. көптеген көне қалалар болған.

Қазіргі таңда Тараз, Түркістан, Алматы қалалары мәдениет пен білімнің ошағына айналған ірі қалалар болып саналады. Тараз — ең көне қала. Көне Түркістан топырағында сексен бір хандар мен билер және батырлар жерленген. Тарихы терең Түркістан қышпен, таспен жазылған кітап секілді («Сен білесің бе?» энциклопедиясынан).

АЙТЫЛЫМ**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Мәтінде аталған қалалардың қайсысылары осы кезге дейін сақталған? Бұл қалалардағы қызу тіршілік туралы айтып бер.

- Қай қалалардың орындары табылды? Қайнаркөздерден ақпарат жинап, көршіңмен диалог құрыңдар.

АЙТЫЛЫМ**6-тапсырма.** Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

ЖАЗЫЛЫМ**5-тапсырма.** Жақша ішіндегі қажетті етістіктерді дұрыс тұлғада қойып, сөйлемдерді жаз.

Қалада көлік кептелісі жиі (болу, айту, соғу). 2. Әлібек мектепте қоғамдық көлікпен (жүру, бару, отыру). 3. Қала тіршілігі ерте (жүргізу, басталу, орналасу).

4. Аялдамаларда адамдар қоғамдық көліктерді (күту, отыру, жеткізу).

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Өлеңде айтылған қандай көлік түрлеріне жиі мінісiң?

Көлікке мiнгенде

Қаламызда қырандай,
Самғар көлік табылар,
Троллейбус пен трамвай,
Автобустар тағы бар.
Автобұсқа асығып,
Жолды кесiп өтпеймiн.
Доп тепкендей асырып,
Бос қалбырды теппеймiн.
Жол шетiне трамвай
Келе алмайды күтсең де.
Болу керек тым абай,
Мiнгенде не түскенде.
Өзiм барар бағыттың,
Нөмiрiн де бiлемiн.

МӘТiНСОҒЫ ЖҰМЫС

Ережеге қанықпын,
Артқы есiктен кiремiн,
Жұрт аяғын баспаймын
Бүлдiрмеймiн, шашпаймын.
Жол ақысын «қоянша»,
Төлеместен қашпаймын.
Шаршап кейде жүрсем де,
Орын берем үлкенге.
Қатты шулап тұрмаймын,
Құрбылармен күлсем де.
Аялдама аттарын
Жаңылмастан жаттаймын.
Жолда жүру тәртiбiн
Мен осылай сақтаймын

(Қайырбек Шавыр).

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Өлеңнен жалғаулықтары бар сөйлемдердi көшiрiп жазып, олардың ненi (сөз бен сөздi ме, әлде сөйлем мен сөйлемдi ме) байланыстырып тұрғанын айт.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Сөздер мен сөз тiркестерiн мағынасына қарай сәйкестендiрiп айт. Сөйлем құра.

кептелiсте	жетемiн
уақытында	тұрмайды
оқушы	барамын
жаю	сыртында
қала	билетi
мен	ыңғайлы
жылдам	барады
нүрген	айналысады
бизнеспен	ұшады
ұшақпен	кешiкпеймiн

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Қазақстандағы бiр қаланың тiршiлiгi туралы шағын мәтiн құрап жаз.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Қазақстанның көне қалалары» деген тақырыпта қосымша материал жинап, ойбөліс өткізіңдер.

ЕСТЕ САҚТАЙ

Қазақстанда көне қалалар көп. Қалалық мәдениет туралы көптеген ақпарат бар. Мен таңертең мектепке автобуспен барамын.

Менің қалағазы болашақ кәмерім

11–12
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

жекежай, кеңесу, аспанмен таласқан, жатын бөлме, айқара ашу


ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, сөйлем құра.

Бәтіңке, Шұжық, Балқаймақ дүкен... ұрсысты. 2. О... ұзақ уақыт бітімге келе алмады. Олар жолда сиыр... кездесті. 3. Мен ауыл... бардым. 4. Маған қала... тұрған ұнайды. 5. Қала... кептеліс жиі болады. 6. Жайлау... ауасы таза.

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құрап айт.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Менің болашақ пәтерім

Сәлем, Ернұр! Бүгін бізге қазақ тілі сабағынан Сәуле апай «Менің болашақ үйім» деген тақырыпта шығарма жазуға тапсырма берді. Мен мынадай мәтін жазған едім. Оқып, көрші. Ал сен не жазар едің?

«Әрбір бала секілді менің де кішкене кезімнен ойлаған арманым көп. Соның бірі — өзім қалағандай пәтерімнің болуы. Мен болашақ пәтерімнің жобасын жасаттырып та қойдым.

Мен аспанмен таласқан элиталық зәулім үйдің жоғары қабатында тұруды қалаймын. Өйткені мен қаланы биіктен тамашалауды ұнатамын. Менің жатын бөлмемнің терезесі тауға қарап, әрі одан шыршалар анық көрініп тұрса, шіркін! Таңертеңгі уақытта терезені айқара ашқанда, таудың салқын самалы есіп тұрғаны қандай ғанибет!

Маған пәтерімдегі бөлмелердің санынан гөрі олардың сапасы маңызды. Мысалы, маған екі бөлмелі пәтер болса жетеді. Бірақ оның кең, жарық болғанын қалаймын. Әсіресе, қонақ бөлме мен ас үйім әсем болса деймін. Өз пәтерімнің интерьерін ұлттық үлгіде жасатар едім. Дизайнермен кеңесіп, үйдегі жиһаздардың да ұлттық нақышта болуына мән берер едім. Түсі ашық перделер мен шілтерлерді қолдан тоқыттырып, өзгеше сәнді болуын қадағалаймын. Пәтерімнің көрнекті жерінде алуан түрлі балықтары бар аквариум қойғызамын. Бұл — менің қиялымдағы арман пәтерім». Сәлеммен, Әлібек.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі жалғаулықтарды тауып, жалғаулықтың қай түрі екенін айт. Осы жалғаулықтарды қатыстырып, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін бойынша ақпараттың дұрыстығын тексер. Егер жауап дұрыс болмаса, дұрыс жауапты айт.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Әлібектің арманы — шағын үйде тұру		
Әлібек пәтерінің тау етегінде орналасқанын қалайды		
Пәтері үш бөлмелі болса дейді		
Әлібек пәтерінің жанында көл болғанын ұнатады		
Пәтерді дизайнермен кеңесіп безендіруді жоспарлайды		
Әлібекке таудың салқын самалы ұнайды		
Ол пәтерінің батыстық үлгіде жасалғанын қалайды		

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін бойынша берілген диалогті толықтырыңдар.

- Әлібек кімге не туралы хат жазды?
-
- Әлібектің арманы не?
-
- Ол қандай пәтерде тұруды армандайды?
-
- Ол неге тау етегінде тұруды қалайды?
-

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Әр тақырыпшаның тұсына тірек сөздерді жаз. Соларды басшылыққа алып, мәтін мазмұнын айт.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, өзіңнің армандайтын пәтерің жайында айт. Онда мынадай сұрақтарға жауап бер:

1. Сен қандай пәтерде тұруды армандайсың?
2. Сен жатын бөлмеңнің қандай болғанын қалайсың?
3. Қонақ бөлмеңді қалай безендіресің?
4. Онда қандай жиһаздың болғанын ұнатасың? Сызбасын жаса.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Өз пәтеріңді сипаттап жаз. Онда төмендегі сөздерді қолдан: кең, қойдық, тар, жасадым, үлкен, ілдік, кішкентай, кеңестік, жаңадан, таңдау, орналастыру.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Рөлдік ойын: Өлібек пен дизайнер үйдің интерьерін жоспарлап отыр. Сол тілдесуді диалог түрінде көрсетіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Өзіңе ұнайтын пәтер туралы айтып бер. Оның құрылысы, тұрған жері, ауласы жөнінде әңгімеле.

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. «Менің болашақ пәтерім» деген тақырыпта шығарма жаз.



ЕСТЕ САҚТАЙ

Мен қалада тұрғанды армандаймын. Қалада өзімнің пәтерім болады. Пәтерімді ұлттық үлгіде безендіремін.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13—14
САБАҚ

ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТУРТКІ

1-тапсырма. «Жайлау» сөзіне кластер құра. Осы сөздерді пайдаланып, әңгіме құра.



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінге тақырып қой. Жоспар құра.

Сәлем, Ернұр! Бүгін мен саған өзімді толғандырып жүрген ауыл мен қала туралы жазғым келіп отыр. Мен ауылда, ал сен болсаң қалада тұрасың. Бір қызығы, жазғы демалыста менің қалаға барғым келеді, ал сен болсаң, ауылға қарай асығасың. Неге олай? Осы сұраққа жауап іздейікші!

Мені қаладағы түрлі мәдени орындар қызықтырады. Қалада мүмкіндіктер көп. Қалаған жеріңе қоғамдық көліктер немесе такси арқылы жетіп барасың. Саябақтарда түрлі әткеншектер бар. Кинотеатрдан кино көресің. Үлкен-үлкен дүкендерді аралайсың. Қарбалас тіршілік. Үлкен зәулім үйлер мен ғимараттар қандай әдемі! Сондықтан менің қалада тұрғым келеді. Ал сенің ше?

Сәлем, Әлібек! Иә, саған қалада тұрған ұнайтынын өткенде қиялыңдағы пәтер туралы жазған хатыңнан байқағанмын. Қызық, саған қалада тұрған ұнаса, маған керісінше ауылда тұрған ұнайды. Себебі, ауылдың ауасы таза. Қаладағыдай түтін жоқ. Екіншіден, тыныш, қаладағыдай шулы емес. Құстардың ән салғанын тыңдаған қандай керемет! Үшіншіден, қаладағыдай кептеліс жоқ. Мектепке асықпай жаяу барасың. Төртіншіден, адамдардың барлығы бірін-бірі таниды, бір-бірімен амандасып, қал сұрасады. Қалада адам көп, бір-біріне қарамайды. Бәрі үнемі бір жаққа асығып бара жатады. Бесіншіден, ауылда күнделікті сүт, айран ішесің. Бақшадан қалаған жемісті алып жейсің. Бәрі тегін, ешнәрсені сатып алмайсың. Шіркін! Жазғы демалыс тезірек болса ғой! Ауылға қарай құстай ұшар едім.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннен жалғаулықтарды тап. Оларды қатыстырып, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «ПОПС» формуласын пайдаланып, мәтін бойынша өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша....».

Екінші сөйлем. «Себебі, мен оны деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жаз.

Әй, ... төбет, ... төбет!

Білетіні көп төбет.

Әділдігі ... төбет,

... жоқ деп ед,

Ақыл-ойға байсыңыз,

Айтыңызшы

Ардақтымыз қайсымыз,

Кім ... , кім мықты?

Қажетті сөздер: шындықты, мол, қадірлі, көк, арамдығы.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Ернұр мен Әлібектің хаты төңірегінде пікірталас ұйымдастырыңдар.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Рөлдік ойын: Әнел мен Әлібектің атынан диалог құрыңдар. Талданатын тақырып: «Менің болашақ үйім». Сөйлесушілердің әрқайсысы өзі қалаған үйдің артықшылығын, әсемдігін айтып, сөз таластыруы шарт.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Туған жерге тағзым» деген тақырыпта эссе жаз.

Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланыс болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 100-150 сөз.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Қала мен дала» тақырыбында фотоколлаж дайында. Фотоколлажды сыныпта қорға.

ОЙТАРАЗЫ**ЖАЗЫЛЫМ**

10-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН**Мақал-мәтел**

Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
Туған жердің қадірін шетте жүрсең
білерсің.
Ауылын көріп, азаматын таны.

Қазақстандағы қандай тауларды білесің?

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен Қазақстанның қай аймағында тұрасың?
2. Сен тұратын жерде тау бар ма? Ол қалай аталады?
3. Қазақстандағы қандай тауларды білесің?

ЖАҢА СӨЗДЕР

аласа, шақырым, созылған, енеді, тау сілемі, тас тізбегі, жартылай арал, жота, жыра, сай, жартас, аңғар, шың, оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сызбада берілген тауларды білесің бе? Олар Қазақстанның қай аймағында орналасқан деп ойлайсың?



Грамматика: Сын есім

Заттың түр-түсін, сапасын, сипатын, салмағын, көлемін, дәмін, исін білдіретін сөз табы сын есім деп аталады. Сын есім қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: үлкен — қандай? ойлы — қандай?

Сын есім зат есімге анықтауыш болып жалғанады. Мысалы: биік шың, аласа тау, ақ қар.

Сын есім септелмейді, тәуелденбейді, көптелмейді. Егер сын есім септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын қабылдаса, зат есімге айналады. Мысалы: үлкенге — кімге? сын есімге — барыс септігінің жалғауы.

Сын есімге тән қосымшалар — шырай жұрнақтары. Олар. -лау/-леу, -дай/-дей, -тай/-тей.

Ол Солтүстіктен оңтүстікке қарай 450 шақырымға созылған.

Маңғыстау таулары – Каспий теңізіндегі Маңғыстаулық жартылай аралында жатыр. Оның құрамына Қаратаудың батыс және шығыс жоталары, Ақтаудың оңтүстік және солтүстік жоталары енеді. Қаратаудың ұзындығы — 117, Ақтаудың ұзындығы — 70 шақырым. Олар жыралар, сайлар, аңғарлар, жартастардан тұрады. Маңғыстау тауларының ең биік нүктесі — Қаратау-Бесшоқы (556 м).

Қазақстанға алып Алтай тауларының бір бөлігі ғана енеді. Ол Зайсан көлінен Байқал көліне дейін созылған. Қазақстанға оның тек оңтүстік-батыс аймағы енеді. Қазақстандық Алтай үш аумаққа бөлінеді: Оңтүстік Алтай, Кенді Алтай және Қалба жотасы. Алтай тауының ең биік шыңы — Белуха. Оның биіктігі — 4506 м.

Тянь-Шань тауларының жүйесі Қазақстанның оңтүстік-шығысын алып жатыр. Республикамызға Орталық, Батыс Тянь-Шань және Солтүстік Тянь-Шань тауының барлық бөлігі кіреді. Ал Орталық Тянь-Шань Қытай, Қазақстан, Қырғызстан шегараларында басталады. Осы жерде Қазақстанның ең биік нүктесі — Хантәңірі бар. Оның биіктігі — 6995 м.

Жоңғар Алатауы Қазақстанның шығысында, Қытай мен Қазақстанның шегарасында орналасқан. Жоңғар Алатауы Тянь-Шань тау жүйесіне жатады. Ол Іле мен Алакөл өзендерінің аралығында жатыр. Ұзындығы — 400 шақырым. Орташа биіктігі — 3580 м. Мұнда әлі күнге дейін таутекелер, арқарлар, қарақұйрықтар, құландар мекен етеді.

• *Мәтіннен сын есімдерді тауып, дәптерге жаз. Жасалу жолдарына мән бер.*

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ****3-тапсырма. Тыңда. Мәтінді оқы.**

Қазақстанда Сарыарқа, Мұғалжар, Маңғыстау, Алтай, Жоңғар Алатауы, Тянь-Шань таулы аймақтары бар.

Сарыарқа – Орталық Қазақстанда орналасқан. Батыстан шығысқа қарай 1200 шақырымға созылған. Сарыарқа таулары аласа тауларға жатады. Олардың орташа биіктігі — 500-600 м. Сарыарқа тауларына Ақсорған (1565 м), Қарқаралы (1403 м), Ұлытау (1133 м), Шыңғыстау (1305 м) енеді. Сарыарқаның ең биік нүктесі — Ақсорған. Сарыарқаның негізгі жауһары — Бурабай шипажайлық аймағы. Жергілікті тұрғындар бұл жерді "Қазақстандық Швейцария" деп атайды.


Мұғалжар таулары Орал тауларының оңтүстік сілеміндегі аса биік емес тас тізбегі. Үлкен Боқтыбай тауы — Мұғалжардың ең биік нүктесі. Оның биіктігі — 657 м.

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, Сарыарқа, Мұғалжар, Алтай, Тянь-Шань тауларына ассоциограмма құра.

ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқып, берілген биіктікке сәйкес таулар мен олардың биіктігін белгіле.

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**

6-тапсырма. Жұптық жұмыс. Екі үзіндіні оқып, негізгі мәтіндегі қай тау туралы ақпараттың жалғасы екенін анықтаңдар. Түсінгендеріңді баяндаңдар.

I. Пик Хантенгри (Повелитель духов), наивысшая точка Казахстана, считается одной из красивейших вершин Центрального Тянь-Шаня. Мраморная вершина в виде остроконечной пирамиды видна почти отовсюду. Гора издревле окутана легендами. Ее еще называют Тенгри-тау (Гора Бога) или Кантау (Кровавая гора), за красный оттенок, который вершина приобретает в часы заката. Это самый северный семитысячник мира. Пик Хантенгри труднодоступен, поэтому чрезвычайно интересен как для альпинистов, так и для любителей приключенческого туризма. Казахстану принадлежит северная часть

горы.

II. Высота хребтов Жунгарского Алатау Токсамбай — 4062 м., и Тышкантау — 4359 м. Хребты имеют снежные вершины и ледники длиной до 8 км. На запад, юго-запад и северо-запад от высоких снежных цепей отходит множество отрогов.

Западные отроги Жунгарского Алатау — горы Чулак, Матай, Калканы и их подгорные равнины — одно из живописнейших мест Казахстана. Здесь еще сохранились горные козлы, горные бараны — архары, размножилась грандиозная газель пустыни — джейран.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС**ЖАЗЫЛЫМ**

7-тапсырма. Көп нүктенің орына қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер: жоталары,

шақырымға, тас тізбегі, жартылай аралда, биіктігі, нүктесі, аласа.

Сарыарқа таулары ... тауларға жатады. Олардың орташа ... — 500–600 м.

Мұғалжар таулары Орал тауларының оңтүстік сілемінде-

гі аса биік емес ... Мұғалжардың ең биік ... — Үлкен Боқтыбай тауы. Ол Солтүстіктен оңтүстікке қарай 450 ... созылған.

Каспий теңізіндегі Маңғыстаулық ... Маңғыстау таулары бар. Оның құрамына Қаратаудың батыс және шығыс ... , Ақтаудың оңтүстік және солтүстік ... енеді.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Топтық жұмыс. Алты топқа бөлініңдер. Қазақстанның таулы аймақтары көрсетілген картаның кескінін қиып, Сарыарқа, Мұғалжар, Маңғыстау, Алтай, Тянь-Шань, Жоңғар Алатауларының суреттерін тиісті аймақтарға жапсырыңдар. Ол таулар туралы білетін мәліметті айтыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді таңдап жаз. Сан есімдерді сөзбен жаз.

Маңғыстау тауларының құрамына Қаратау мен Ақтау (көреді, береді, енеді). Қаратаудың ұзындығы — 117, Ақтаудың ұзындығы — 70 шақырымға (керілген, созылған, берілген).

Маңғыстау таулары (жырлар, қазбалар

сулардан), (шөптер, аңғарлар, жануарлардан) тұрады. Онда (сайлар, жылқылар, көбелектер) мен жартастар да көп. Қаратау-Бесшоқы — Маңғыстау тауларының ең (орташа, жазық, биік) нүктесі.

Алтай таулары Зайсан көлінен Байқал көліне дейін (қиылған, терілген, созылған). Белуха — оның ең биік (төбесі, жаны, шыңы). Оның биіктігі — 4506 м.

ЕСТЕ САҚТАЙ

Сарыарқа таулары аласа тауларға жатады. Мұғалжар таулары аса биік емес тас тізбегі. Маңғыстау таулары жырлар, сайлар, аңғарлар, жартастардан тұрады. Қазақстанға алып Алтай тауларының бір бөлігі ғана енеді. Тянь-Шань тауларының жүйесі Қазақстанның оңтүстік-шығысын алып жатыр. Жоңғар Алатауы Тянь-Шань тау жүйесіне жатады.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. "You Tube kz" сайтынан "Қазақтың таулары" атты бейнежазбаларды қара. Қандай тау туралы жазбаны көргеніңді сыныпта баянда.

Тауда түнедік

3—4
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Өзің білетін тау туралы шағын мәтін құрап айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп оқы. Мақал-мәтелдердің мазмұнына сай келетін суреттерді анықта.

1. Асқар тау алыстан көрінеді.
2. Асқар таудай алып бол, Әппақ күндей жарық бол.
3. Таулы жердің қыраны көп.
4. Биік таудың басы қыс, бауыры жаз.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Тыңда. Мәтінді оқы.

Мен биыл жазғы демалысты жақсы өткіздім. Ата-анаммен Қазақстанның көп жерін араладым. Демалыста көптен армандаған ойымды жүзеге асырдым. Сұлу мекенді Көкшетауға, Сарыарқадағы табиғаты тамылжыған Қарқаралыға бардым. Жазғы демалысты Алакөлмен аяқтадым. Туған жердің көрікті жерлерін аралап, үлкен әсер алдым. Сол алған әсеріммен сіздермен бөліскім келді. Маған ерекше ұнаған жер — Алакөлдегі Еспембет сайы.

Біз алдын-ала көкке шығуды жоспарлап, тауға түнеуге келістік. Ертеңінде қажет құралдар мен азық-түлікті алып, таң алдында Еспембет сайына бардық. Сайды өрмелей тау бөктерінен жоғарыға көтерілдік. Айнала қалың шыршалы биік таулар мен жартастар. Ауа тап-таза. Тау үстінде салқын самал жел соғып тұр. Алыстан Жоңғар Алатауының қарлы шыңдары көрінеді. Бұл таулардың сілемдері аспанмен жалғасып кеткендей көрінеді. Кей жерлерде шыңдар бұлттан асады. Күн қызарып көтеріліп, айналаға нұр шашады. Айнала көкмайса қалың шөп. Әр жерде қызғалдақ гүлі көрінеді. Тауда жабайы алма ағаштары мен жидектер тұнып тұр. Ертегідегідей ғажайып көрініс!

Біз тауда гүл тердік, доп ойнадық. Кешке қарай алау жағып, тамақ пісірдік. Далада ішкен тамақтың дәмі де ерекше екен! Бәріміз жабылып шатыр құрдық. Тауда екі күн түнедік. Шатыр күндіз күннің ыстығынан қорғаса, түнде таудың суығынан қорғады. Маған тауда түнеген керемет ұнады. Ата-анама келесі жылы да тауға саяхатқа шығайық деген тілек айттым. Ол кісілер менің тілегімді құптады. Мен осылай бірінші рет тауда түнедім.

Сен тауда түнеп көрдің бе?

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Қандай? деген сұраққа жауап беретін сөз тіркестерін тауып, сөйлем құра.

Тамылжыған табиғат, әсер алдым, көкмайса шөп, тауда түнеу, тау бөктеріне шығу, сайды өрмелей, ғажайып көрініс, алау жағу, самал жел, аспанмен жалғасып, нұр шашады.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөйлемнің жалғасын тап, мағынасына қарай сәйкестендір.

- | | | |
|--------------------------------|---|------------------------------|
| 1 Мен көрікті жерлерді аралап, | а | екі күн тауда түнедік. |
| 2 Біз Еспембетке барып, | ә | үлкен әсер алдым. |
| 3 Ата-анаммен Қазақстанның | б | өрмелей тауға шықты. |
| 4 Ол сайды | в | көп жерін араладым. |
| 5 Кешке қарай алау | г | жалғасып кеткендей көрінеді. |
| 6 Таулардың сілемдері аспанмен | ғ | жақтық. |
| 7 Күн айналаға | д | көтерілдік. |
| 8 Тау бөктерінен жоғарыға | ж | нұр шашады. |



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Жұптық жұмыс. Суреттердің мазмұнына сай келетін сөздерді айтып, бір-біріңе шаттанған сезімдеріңді білдіріңдер.

Ертегідегідей ғажайып көрініс!
Дәмі де ерекше екен!
Маған тауда түнеген керемет ұнады!



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінде жоқ, артық ақпараттарды анықта. Түсіндір.

№	Ақпарат	Артық
1	Бірақ Алакөлге барған жоқпыз.	
2	Біз тауға түнеуге келістік.	
3	Тау суық болған соң, тауға түней алмадық.	
4	Тауда жабайы алма ағаштары мен нидендер тұнып тұр.	
5	Ата-анам менің келесі жылы тауға барайық деген тілегімді құптамады.	

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді таңдап жаз.

Мен демалыста көптен армандаған (сөзімді, ойымды, жұмысымды) жүзеге асырдым. Сұлу мекенді Көкшетауға, Сарыарқадағы табиғаты (жағымсыз, қоңыр, тамылжыған) Қарқаралыға бардым. Демалысты Алакөлмен (түгендедім, қойдым, аяқтадым). Көрікті жерлерді аралап, үлкен (қуандым, әсер алдым, сыйлық алдым). Сол алған әсеріммен сіздермен (көріскім, бөліскім, айтысқым) келді. Алакөлдегі Еспембет сайы ерекше ұнады.

Біз тауға (жүруге, теруге, түнеуге) келістік. Сайды (тез, жүзіп, өрмелей) тау бөктерінен (төменге, жоғарыға, алысқа) көтерілдік.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Үзінді	Түсініктеме



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер: шыңдары, алу жақтық, аспанмен жалғасып, самал жел, нұр шашады, ғажайып, жартастар, көкмайса.

Айнала қалың шыршалы биік таулар мен Тау үстінде салқын ... соғып тұр. Алыстан Жоңғар Алатауының қарлы ... көрінеді. Бұл таулардың сілемдері ... кеткендей көрінеді. Күн айналаға Айнала ... қалың шөп. Тауда жабайы алма ағаштары мен жидектер тұнып тұр. Ертегідегідей ... көрініс! Кешке қарай

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жұптық жұмыс. Берілген сұрақтарды бір-біріңе қойып, диалог құрыңдар.

1. Тау туралы мақал-мәтел не қанатты сөз білесің бе?
2. Сен өмірде жақын адамдарыңның ішінен кімді биік тауға теңер едің? Неліктен?
3. Тауға саяхатқа бардың ба?
4. Егер тауға саяхат жасауға мүмкіндік туса, сабақта танысқан қай тауға саяхат жасар едің? Неліктен?

ЕСТЕ САҚТА!

Алған әсеріммен бөліскім келді. Сайды өрмелей тау бөктерінен жоғарыға көтерілдік. Салқын самал жел соқты. Жоңғар Алатауының қарлы шыңдары көрінеді. Тау сілемдері аспанмен жалғасқан. Күн айналаға нұр шашады. Көкмайса қалың шөп. Ертегідегідей ғажайып көрініс! Тауда түнедік.

Толағай тауының тарихын айтышы

5—6
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретке қарап, диаграмманы толтыр.



ЖАҢА СӨЗДЕР

аңыз, арқасына арту, жаңбыр, қуаңшылық, сүріну



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Өлеңді дауыстап оқы. Тақырып қой.

Не себепті бұл тақырыпты қойғаныңды түсіндір.

Тау жақындап қалды келіп,
Бұйраланған бұлт еңсеріп,
Таңданысты көрген адам.
Әлден кейін танылды анық,
«Толағай!» деп, шулап халық,

Қуанбаған қалмады жан.
Құйды жаңбыр, сел боп ақты,
Күн күркіреп шатырлатты,
Күйген жердің кірді жаны.
Шөлдегендер суға қанды,
Ауыл қайта ажарланды,
Тарқады елдің бір құмары

(Ә.Тәжібаев).

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Саржан деген аңшы өмір сүріпті. Бір күні оның әйелі Айсұлу ұл туыпты. Балаға Толағай деген ат қойылыпты.

Толағай ай санап емес, күн санап өсіпті. Төрт жасында ол нағыз батырға айналыпты. Әнесімен бірге аңға шығып, атақты аңшы атаныпты.

Бірде ауылға жаңбыр жаумай, қуаңшылық болады. Толағай анасынан: — Жаңбыр қай жерге көп жауады? — деп, сұрайды.

Анасы Тарбағатай тауында жаңбырдың көп жауатынын айтады. Толағай Тарбағатай тауларына барады. Бір тауды арқасына салып көтереді. Ұзақ жол жүреді. Бірақ шаршамайды.

Халық жақындап келе жатқан үлкен тауды көреді. Оны көтеріп келе жатқан Толағайды көріп қуанады. Сол кезде жаңбыр жауады. Халық «Толағай» деп, айғайлап оны қуанышпен қарсы алады.

Толағай шаршағандықтан құлап қалады да, таудың астынан шыға алмай қалады. Халық қатты қайғырады. Тау да бұған шыдай алмай жылайды. Оның көз жасы бұлақ болып ағады. Содан бері бұл тау «Толағай» деп аталады.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Толағай кім?
2. Толағайдың ата-анасының аты кім?
3. Тауды кім және не үшін көтеріп келді?
4. Халық не үшін қайғырды?

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Кестеден Толағайдың ерлігіне қатысты сөз тіркестерін тап. Осы тіркестерді пайдаланып, Толағай туралы мәтін құрап жаз.

Үлгі: нағыз батыр — Толағай — нағыз батыр бала. Себебі ол үлкен тауды көтеріп келді.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұхбатты оқып, орыс тіліне аудар. Болымсыздық есімдіктерін тап. Қалай жасалып тұрғанын түсіндір.

- Сәлем, Жанар!
- Сәлем, Жарас!
- Жанар, сен бұрын Толағай туралы аңызды естіген бе едің?
- Жоқ, мен ешкімнен Толағай туралы естіген емеспін. Сен ше?
- Мен естідім, бірақ ешқашан өзім оқыған жоқпын.
- Оқып болған соң кітабыңды маған берші, себебі мен ешқайдан Толағай туралы таба алмадым.
- Әлі оқымаған болсаң, ештеңе етпейді, мен саған кітабымды беремін.
- Көп рақмет!

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС


АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

- Қазіргі заманда Толағай сияқты батырлар бар ма?
- Қазіргі заманның батырлары кімдер?
- Сенің ойыңша, батыр қандай болу керек?

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Суреттер бойынша досыңмен әңгімелес.



ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап жаз.

Толағайдың ерліктері ұнады ма?

...

Сен қандай ерлік жасадың?

...

Сенің досың қандай ерлік жасады?

...



ЕСТЕ САҚТА!

Толағай – Қарағанды облысы Шет ауданы Кеншоқы ауылының оңтүстігінде, Толағай ауылының солтүстігінде 14 км жерде орналасқан таулар тізбегі. Аумағы 3,80×4,70 метр.

М. Мақатаев — ақиық ақын

7—8
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақтың қандай дарынды ақындарын білесің?
2. Ақын Мұқағали Мақатаев туралы не білесің?
3. Ақынның қандай өлеңімен таныссың?

ЖАҢА СӨЗДЕР

дарынды, ақиық, сөз құдыреті, арнаған, толванып, шығармашылық байланыста, әннің тууы, әсер еткен, тәнті болған, нәзік сезім, жырлаған, асыл сезім

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. "Ақиық" сөзінің мағынасын түсініп оқы.

1. Ақиық — бүркіт тұқымдасына жататын қыран құс. Ақиық Алматы облысының аудандарын мекендейді.
2. Ауыспалы мағынада сезімтал, зерек, үлкен дарын иесі, тау шыңындай биік тұлғалы адам дегенді білдіреді.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ**3-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.**

Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев — қазақтың аса дарынды, ақиық ақыны. М.Мақатаев 1931 жылдың 9-ақпанында Алматы облысындағы Қарасаз ауылында дүниеге келген. Оның балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында өтті. Әкесі Сүлеймен 1941 жылы Калининград майданында қаза тапқан. Әкесі туралы ақын "Менің анкетам" өлеңінде "Жауынгердің ұлымын ғой, Жанын қиған Мәскеуге" дейді. Зерек, алғыр Мұқағали 10-11 жасынан өлең жаза бастаған.

"Мұқағали — лирик ақын. Адам жанының, табиғат жүрегінің жыршысы. Өзі өскен Алатауын, Қарасазын сөз құдыретіне бөлеген". Туған ауылына, сүйген жарына, аяулы әжесіне, балаларына, достарына жыр арнаған. Мұқағали әжесі Тиынның тәрбиесінде өскен. «Мені жырға, сөзге үйреткен, халықты сүйге тәрбиелеген — әжем» дейді ақын. Ақын «Сәнбейді әжең» деген өлеңін әжесіне арнаған.

Бірде ақын түс көрді. "Түсімде шешем басында ақ жаулығы бар, Абай атамның қасынан қуана басып маған күліп келе жатыр. Оянсам түсім екен. Анам бақытты болады екен деп, толғанып «Шеше, сен бақыттысың» деген өлең жаздым» дейді.

Туған жеріне арнаған «Қайран, Қарасазым-ай», балаларына арнаған «Майгүлге», «Шолпаным», «Ұлыма», махаббат тақырыбына арнаған «Махаббат диалогы», «Мен сені сағынғанда» және т.б. көптеген өлеңдері бар.

М. Мақатаевтың өлеңдеріне 100-ден астам ән жазылған. Халық арасында көп орындалатын әндері: «Есіңе мені алғайсың», «Күрең күз», «Құттықтаймын мама, туған күніңмен», «Тоқта балам!», «Саржайлау», «Дариға, домбыранды бері маған» және тағы басқа әндері. М. Мақатаев атақты күйші-композитор Нұрғиса Тілендиев-

пен шығармашылық байланыста болған. «Дариға, домбырамды берші маған» әнінің тууы туралы Н. Тілендиев былай дейді: «бірде Мұқағали, әйелім Дариға үшеуіміз қыдырып келіп, шай ішіп отырғанбыз. Мен көңілденіп әйеліме «Дариға, домбырамды берші маған» депмін. Бұл сөз Мұқағалиға әсер етіп, әсем жырды төге салды. Маған «Енді осыған ән жазыңыз, аға!» деді. Сөйтіп, тамаша ән дүниеге келді», — дейді.

«Саржайлау» әнінің де туу себебі бар. Нұрғиса Тілендиев ақынның ауылы Қарасазға Мұқағалимен бірге демалуға барады. Екеуі жайлау төрінде отырады. Жайлау табиғатының сұлулығына тәнті болған композитор «Неге мына жасыл жайлау туралы ән шырқамасқа! Нағыз Саржайлау дегеніміз мына жатқан Шаркөлденің төсі емес пе? — дейді. Сол жерде Мұқағали «Саржайлауға» арнап өлең жазды.

Адамның асыл сезімдері мен қазақтың ұлы даласын, көкмұнар тауларын, қара орманын нәзік сезіммен жырлаған ақын 1976 жылы 45 жасында қайтыс болады.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**4-тапсырма. Мәтінді оқып, өлеңнің туу себебін өз сөзіңмен жаз.**

Әннің аты	Әннің туу себебі
«Сәнбейді әжең»	
«Шеше, сен бақыттысың»	
«Дариға, домбырамды берші маған»	
«Саржайлау»	

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра.

1	дарынды	а	ақын
2	ақиық	ә	болған
3	сөз құдыретіне	б	адам
4	өлең-жыр	в	себебі бар
5	шығармашылық байланыста	г	бөлеген
6	адамға	ғ	әсер еткен
7	сұлулыққа	д	жырлаған
8	нәзік сезіммен	ж	тәнті болған

Мұқағали кімдерге жыр арнаған?

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерге тиісті қосымшаны жалғап жаз.

Мұқағали өзінің өскен Қарасазын сөз (құдыреті) бөлеген. Анасын түсінде ұлы Абаймен бірге көруі «Шеше, сен бақыттысың» деген әннің (тууы) себеп болады. Мұқағали табиғатты, адам жанын нәзік (сезім) жырлаған.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Тілші» ойыны. Біреуің ақын, екіншің тілші болыңдар. Өндердің туу себебін сұрап, сұхбат құрыңдар.

ЕСТЕ САҚТАЙ

Мұқағали — лирик ақын. Өзі өскен Алатауын, Қарасазын сөз құдыретіне бөлеген. Адамның асыл сезімдері мен қазақтың ұлы даласын, көкмұнар тауларын, қара орманын нәзік сезіммен жырлаған.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС**ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Көп нүктенің орына қажетті сөздерді қойып жаз.

Қажетті сөздер: шығармашылық байланыста, тәнті болады, қонақта, арнайды, әсер етіп, асыл сезімдерін, тартқысы, жырлаған.

1. М. Мақатаев анасын түсінде көргенде толғанып, анасына өлең ... 2. Композитор Н. Тілендиевпен ... болған. 3. Н. Тілендиев жайлау табиғатының сұлулығына ...

4. Бірде Мұқағали композитордың үйінде ... болады. 5. Композитор домбыра ... келіп, әйеліне «Дариға, домбырамды берші маған» дейді. 6. Осы сөз Мұқағалиға ... , бірден өлең жазады. 7. Ақиық ақын адамның ... , қазақтың ұлы даласын, көкмұнар тауларын, қара орманын нәзік сезіммен ...

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Мұқағали Мақатаевтың балалық шағы қалай өткен?

2. Мұқағалидың жырлары кімдерге және неге арналған?

3. Ақын кімнің тәрбиесінде өскен?

4. «Шеше, сен бақыттысың» деген өлеңінің туу себебі қандай?

5. Ақынмен шығармашылық байланыста болған композитор Н.Тілендиев қандай естелік айтқан?

6. «Саржайлау» әнінің туу себебі қандай?

М. Мақатаев

«Мен таулықпын»

9—10
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Тауға арналған қандай өлең-жырларды білесің?
2. Саған тауға шыққан ұнай ма? Не себепті?
3. Тауға шығып көрсең, қандай сезімде болдың?

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сөздерді орыс тіліндегі нұсқасымен қатар түсініп оқы. Осы сөздерді қатыстырып, сөз тіркесін құра.

алып жүрек — крепкое богатырское сердце

таулықпын — я горец

еміп — сосал

ержеткенмін — взрослел

қуат алып — получив энергию

жаратылғам — родился (быть рожденным, родиться)

бүркеніп — прикрываясь

жай оты — искрой молний

бесік — колыбель

желпиді — обмахивает

ЖАҢА СӨЗДЕР

алып жүрек, таулықпын, еміп, ержеткенмін, қуат алып, жаратылғам, бүркеніп, жай оты, бесік, желпиді

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Жатта.

МЕН ТАУЛЫҚПЫН

Тау дейтін алып жүрек Ана туған

Мен — таулықпын!

Тадан мен жаратылғам.

Киіктің сүтін еміп ержеткенмін

Қуат алып қыранның қанатынан

Мен — таулықпын!

Тадан мен жаратылғам.

Бұлт бүркеніп, жай отын ала туғам

Күн алғашқы сәулесін маған шашып

Маған келіп түнейді қара тұман.

Тау ұлымын

Тау — менің дәу бесігім

Мен оның әуресімін, сәулесімін.

Асқар шыңдар желпиді бесігімді

Бір орамын ағытып сәлдесінің.

Мен — таулықпын!

Тадан мен жаратылғам.

Тау деген Ана туған дара тұлғам

...Тауға барып Көкке ұшып кетсем бе екен

Ұстап алып қыранның қанатынан.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Төмендегі зат есім сөздерге -дай/-дей, тай/-тей жұрнақтарының тиістісін жалғап, сын есім жаса.

Мысалы: аспан — аспан+дай — аспандай

Тау, қыран, жай оты, күн сәулесі, бұлт, шың, құлыншақ.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.



1. Қыран құсты таулық деп атауға бола ма?
2. Қыран құсқа қандай қасиеттер тән деп ойлайсың?
3. Ақын мен қыран құсты теңеуге бола ма?

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін таңдап жаз.

Ақын қыранның қанатынан (су алады, гүл алады, қуат алады) және қыранның қанатынан (жаба қалып, ұстап алып, бере салып) көкке ұшады. Ол таудан (жаратылған, аяқтанған, сұраған) және киіктің сүтін (көріп, еміп, сөйлеп) ержеткен. Ақын бұлтты (ашып, жауып, бүркеніп), жайдың отын алып туған. Тау ақынның дәу (бесігі, төсегі, орыны). Асқар шыңдар беісігін (қағады, аялайды) желпиді.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС**АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. Сұрақтарға ойланып жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Ақын өзін неге таулықпын дейді?
2. Тауды неге теңейді?
3. Ақын өзін қалай сипаттайды?
4. Тау ұлында қандай қасиеттер болуы тиіс деп ойлайсың?
5. Өлеңнен тау ұлында болуы тиіс қандай қасиеттерді байқауға болады?

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

8-тапсырма. <https://vk.com/video> сайтынан «Мен таулықпын» мультфильмін көр. Айбардың бойынан тау ұлында болуы тиіс қандай қасиеттерді байқадың?

**ЕСТЕ САҚТАЙ**

Мұқағали — таулық ақын. Ақын қыранның қанатынан қуат алады және қыранның қанатынан ұстап алып, көкке ұшады. Ол таудан жаратылған және киіктің сүтін еміп ержеткен.

Мұзтауға бардың ба?

11–12
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Сөздікке сүйеніп, берілген сөздерді орыс тіліне аудар.

Аңыз, шың, қарағай, ну, өсімдіктер дүниесі, жануарлар әлемі, бұғы шаруашылығы, жер кіндігі, сілемдер, ерге ұқсау, тоғысу, өріс, жан сарайы, түзеу, сарқырама, шипалы, емдік қасиеті, нүктесі.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Жауабыңды дәлелдеп айт.

1. «Жер кіндігі» дегенді қалай түсінесің?
2. «Тәңірдің құдіретін көргің келсе, тауға бар» деген сөздің мағынасы қандай?
3. Дүниежүзінде қандай атақты сарқырамалар бар?
4. Қазақстанның картасына қарап, Алтайға географиялық сипаттама бер.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөздердің синонимдерін жаз.

Сөз	Синонимдері
Жаратушы	Тәңір, Алла, Құдай
ну	
тоғысу	
қасиетті	
шипалы	
атақты	
ғажап	
енелгі	

ЖАҢА СӨЗДЕР

бұғы шаруашылығы, жер кіндігі, тоғысу, жан сарайы, биік шың

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Осы тақырыпты таңдауыңның себебін түсіндір.

Дэвид, уәдем бойынша, Алтайдың табиғаты туралы айтып берейін... Алтай — аңыздар мекені. Оның әр тасы мен тауы, бұлағы мен көлі туралы көне замандардан жеткен аңыздар өте көп. Онда Тәңір көлі, Тәңір тауы да бар! Табиғаттың бар сұлулығын бойына жинаған Алтайдың көркемдігіне сөз жетпейді! Биік шыңдары, ну орманы, таңғажайып өсімдіктері мен жан-жануарлары қандай!? Алтайда бұлан, марал, елік, қоңыр аю, сілеусін, бұлғын, қара күзен, кәмшат, тиін, түлкі мекендейді. Құстардың 100-ден аса түрі кездеседі. Онда бұғы шаруашылығы да бар. Алтайда қасиетті орындар да көп. Соның бірі — Мұзтау. «Әлем кереметтері» қатарына жатқызуға болатын Мұзтау — Жер кіндігі, Алтай мен Сібірдің ең биік шыңы. Оның биіктігі — 4506 метр. Алыстан қарасаң, аттың еріне ұқсайды. Алтайдың арқасына аппақ күміс ерді салған секілді. Жер шарының энергетикалық өрісі осы Мұзтауда тоғысқан. Оның энергетикалық өрісі ғарышпен байланысты, сол арқылы бұл маңайға келген адамдарға Мұзтау күш-қуат беріп, жан сарайын тазартады, денсаулығын түзейді. Мұзтауды «сарқырамалардың патшасы» дейді. Мұзтау сілемдері дүниежүзілік

табиғи мұра тізіміне енгізілген. Алтайдағы тағы бір ғажайып орын — Рахман көлі. Рахман — шипалы жылы су. Термалді көздердің ұзақтығы алаңның солтүстік жағынан батыс бағытқа қарай 80 метр болады. Термалді көздердің емдік қасиеті күшті. Оған Рахман сарқырамасы құяды. Міне, Дэвид, бұл — менің туған жерімнің бір ғана бөлігі. Бізде бұндай таңғажайып жерлер көп. Егер жазда келсең, мен сені Алтайға апарар едім. Осының бәрін өз көзіңмен көресің! Кездескенше! Сәлеммен, Әлібек.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

Сұрақтар	Тірек сөздер
Әлібек Алтайдың табиғатын қалай суреттейді?	аңыздар мекені, Тәңір, ну, көркемдігі, биік, таңғажайып, мекендейді
Мұзтаудың қасиеті неде?	жер кіндігі, энергетикалық өріс, емдік, жан сарайы, түзеу, ғарыш
Мұзтаудың сипаты қандай?	күміс ер, биіктігі, сарқырама, патша, мұра, тізім, құю
Рахман көлі — қандай көл?	шипалы, термалді көздер, емдік, бағытқа қарай, ұзындық, киелі, қасиетті

6-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттардың дұрыстығын анықта. Үлгіге қарап, жауабыңды бірнеше сөйлеммен толықтырып айт.

Үлгі: Иә, Әлібек шетелдік досы Дэвидке Алтайдың табиғаты туралы жазды. Әлібек өзінің туған жерін мақтан етеді. Оның әрбір бөлігі туралы үлкен сүйіспеншілікпен жазады.

Ақпараттар	Дұрыс	Дұрыс емес
Әлібек Алтайдың табиғаты туралы жазды ма?		
Алтайдың адамзаттың алғашқы мекені екенін айтып отыр ма?		
Әлібек Алтайдың қасиетті жерлері туралы айтты ма?		
Мұзтаудың биіктігі 3000 метр ме?		
Мұзтау алыстан қарағанда айнаға ұқсай ма?		
Мұзтаудың қасиеті оның энергетикалық өрісінде ме?		
Алтайда жан-жануарлар, құстар көп пе?		
Алтайда бұғы шаруашылығы бар ма?		
Рахман көлінің емдік қасиеті бар ма?		
Дэвид Әлібекті Алтайға шақырды.		

ЕСТЕ САҚТАЙ

Алтай — аңыздар мекені. Онда Тәңір көлі, Тәңір тауы да бар! Алтайда қасиетті орындар да көп. Соның бірі — Мұзтау. «Әлем кереметтері» қатарына жатқызуға болатын Мұзтау — Жер кіндігі, Алтай мен Сібірдің ең биік шыңы.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Алтайдың табиғаты мен байлығы туралы ақпарат жинап, Алтай туралы полилог құрыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін мазмұны туралы пікіріңді «Төрт сөйлем» құрылымына салып жаз.

1. Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
2. Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
3. Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаса.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13–14
САБАҚ

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттерге қарап, тауларды салыстыр. Әр таудың ерекшелігін еске түсіріп, сипаттап айт.



Хан-тәңірі шыңы



Жоңғар Алатауының оңтүстігі



Сарыарқа таулары



Мұғалжар таулары



Алтай-Саян алып
таулар жүйесі

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. <https://www.youtube.com> сайтынан Әбділда Тәжібаевтың «Толағай» поэмасы бойынша түсірілген мультфильмді көріңдер. «Толағай тауының тарихын айтшы» мәтінімен салыстырыңдар. Мультфильмде мәтінде айтылмаған қандай оқиғалар бар?

Мерген аға аңнан келе жатқанда балалар неге сүйінші сұрады?

Мерген аға сүйіншіге не берді?

Аңнан келе жатқанда Толағай әкесін неден құтқарды?

Толағай анасынан тарбағатайда қандай тау бар деп естиді?

Толағай ол тауға не үшін аттанады?

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Толағайдың басынан өткен оқиғаларды ретімен жазып, мультфильмге жоспар құр.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Топтық жұмыс. "Қазақстан тауларына саяхат" ойыны. Алты топқа бөлініп, Қазақстанның таулы аймақтарына саяхатқа шығыңдар. Әр топ өздерің барған тауды таныстырып, тұсаукесер жасаңдар.

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. <http://12-music.ru> сайтынан Мұқағали Мұқатаев туралы бейнефильмді көріп, сыныпта пікірталас ұйымдастырыңдар.



БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Ал десең, аясына ашады Алтай.
 Көргенде көңілге күй салады Алтай.
 Сұлудай тарғын киген бұлт жамылып,
 Арқаға әлденеше қарады Алтай
 (Иса Байзақов).

Қуат көздеріне не жатады?

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.



1. Суретте не бейнеленген?
2. Олардың адамға қандай пайдасы бар?
3. Олардың табиғат экологиясымен байланысы бар ма?

ЖАҢА СӨЗДЕР

қуат көзі, үнем, сарқылу, нығайту, ластану, озық тәжірибе

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Бүгінгі тақырыптың не туралы болатынын болжап жаз.





АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Диалог. Досың екеуің өздерің пайдаланатын энергия түрлері жайында әңгімелесіңдер.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген сандарды сөзбен жаз.

120, 300, 2017, 298, 25, 6-сынып, 2-қабат

Грамматика

Сан есім

Сан есім — заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы. Сан есім қанша? Неше? деген сұрақтарға жауап береді. Сан есім өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады. Сан есім заттанғанда көптеледі (**екілер** шамасында), жіктеледі (біз **екеуміз**), тәуелденеді (айдың **енісі**), септеледі (**екеудің** ойы).

Сан есім мағынасына қарай 6 топқа бөлінеді (кестеге қара).

P.S. Сан есіммен тіркесіп тұрған зат есімдерге көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы: бес оқушы, он мың жолаушы және т.б.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда, оқы.

Қазақ халқында «Табиғат – Ана» деген қасиетті сөз бар. Себебі осы даналық сөзде айтылғандай, адам әр кезде де табиғатпен тығыз байланыста өмір сүреді. Оның байлықтарын пайдаланады және өз әрекеті арқылы табиғатқа әсер етеді. Ал адамның сол әрекеті көп жағдайда табиғатқа зиянды болуы мүмкін. Осыған орай көптеген мемлекеттерде «жасыл экономика» саясаты жүргізілуде.

XX ғасырда пайда болған «Жасыл экономика» – табиғи қорларды тиімді пайдалануға, қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған экономика. «Жасыл экономика» қазіргі уақытта сарқылуға жақын қалған табиғи ресурстарды үнемді, тиімді пайдалануға арналған. Қуат көзін немесе энергияны үнемдеу үшін экологиялық қауіпсіз және арзан технологияларды қолдану керек. Соның есебінен болашақта экономикалық үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады. «Жасыл экономиканың» халықты толық жұмыспен қамтуға да пайдасы бар.

Сонымен қатар елімізде табиғи ресурстарды және инвестицияларды экожүйелік қызметтерге экотиімді пайдалану көзделеді. Бұл трансшегаралық ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Ластануды және жер, су экожүйелерінің тозуын төмендету мен табиғи жүйелерді басқаруда озық тәжірибелерді енгізу қажет. Ол үшін баламалы энергетиканы табуға байланысты инновациялық технологиялар мен механизмдерді жасау керек.

Баламалы энергетика дегеніміз — қоршаған ортаға тигізетін зияны өте аз, пайдалануға тиімді энергетика. Олардың өндірілуі жеңіл болады. Олар сарқылмайтын энергиялар деп саналады. Баламалы энергиялардың қатарына мыналар жатады: жел энергиясы, биогаз, гелиоэнергия, баламалы гидроэнергетика, геотермальды энергетика, найзағай энергиясы, су энергиясы, ғарыштық энергия.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді және баламалы энергия түрлерінің атауларын аудармасымен жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз. Тірек сөздерді анықта. Жоспар бойынша түсінгеніңді айт.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтінге қатысты ақпараттардың дұрыстығын тексер. Дәлеліңді айт.

№	Ақпарат	Иә	Жоқ
1	Мәтін қуат көздері туралы.		
2	Адам табиғатпен тығыз байланыста өмір сүре алмайды		
3	Адамның әрекеті табиғатқа зиянды емес.		
4	Энергия үнемдеу қажет.		
5	«Жасыл экономика» табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға арналған.		
6	Баламалы энергетиканың өндірілуі өте қиын.		
7	Баламалы энергетиканы табу қажет болып отыр.		
8	Геотермальды энергетика баламалы энергетика түріне жатпайды.		

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, қуат көздерін немесе энергияны өндірудің пайдасы мен зияны туралы айт. Өзің бұған не қосар едің? Сызбаны толықтыр.



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Аквариум». Мәтін мазмұны бойынша досыңмен диалог құрыңдар. Өз сөздеріңде «Қуат көздері деген не?» сұрағына жауап беріңдер. Диалогте сан есім сөздерді қолданыңдар.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма. Інің сенен «баламалы энергетика» туралы айтып беруді сұрады. Екеуіңнің диалогіңді жаз.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Синектика». Топқа бірігіңдер. Әр топ мүшелері ақылдасып, баламалы энергетика түрлеріне бөлініңдер. Ғаламтор материалдарынан баламалы энергетика түрлері туралы ақпарат табыңдар. Топтық жарыс түрінде олардың өзін таныстыруы бойынша көрініс қойыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Кестені қазақ тіліне аударып жаз.

Источник		Загрязнение	Ресурсы
Невозобновимые	уголь	да	ограничены
	нефть	да	ограничены
	природный газ	да	ограничены
	ядерная энергия	да	ограничены
Возобновимый	ветер	нет	неограни- чены
	солнечная энер- гия	нет	неограни- чены
	энергия моря	нет	неограни- чены
	геотермическая энергия	нет	неограни- чены
	биомасса	зависит от вида	возобновля- емые

ЕСТЕ САҚТАЙ

Баламалы энергетика дегеніміз – қоршаған ортаға тигізетін зияны өте аз, пайдалануға тиімді энергетика. Олардың өндірілуі жеңіл болады. Олар сарқылмайтын энергиялар деп саналады. Баламалы энергиялардың қатарына мыналар жатады: жел энергиясы, биогаз, найзағай энергиясы, су энергиясы, ғарыштық энергия және т.б.

Энергияны үнемдейміз

3-4
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Сөйлемдердің сыңарын сәйкестендіріп жаз. Құрамында сан есім бар сөйлемдерді анықта. Сандарды цифрмен жаз.

ЖАҢА СӨЗДЕР


тұтынушы, қамтамасыз ету, пайдалы қазбалар, іздестіру, тәсілдер, үнемдегіш

Жиырмасыншы ғасыр —



м³ табиғи газ өндірілді.

Екі мың оныншы жылы бес жүз отыз бес миллиард



үш жүз миллион тонна көмір өндіріледі.

Әлемде әр жыл сайын



экологияны сақтау ғасыры

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. «Броун қозғалысы». Оқушылардан қандай баламалы энергетика түрлерін білетінін сұра. Тиісті ақпарат жинап, кестені толтыр. Кім ақпаратты көп әрі тез жинаса, сол жеңімпаз болады.

Аты-жөні	Қандай баламалы энергетика түрлерін біледі?

АЙТЫЛЫМ


3-тапсырма. «Аквариум». Диалог. Суретке қара. Ғаламтордан ол туралы ақпарат жина. Тапқан мәліметтеріңді алмасып, досың екеуің пікірлесіңдер. Сынып ең үздік диалог құрған жұпты анықтасын.

**Грамматика****Реттік сан есім**

Реттік сан есім заттың саналу ретін (катарын) білдіріп, нешінші? деген сұраққа жауап береді. Реттік сан есімдер есептік сан есімдерге дауысты дыбысқа бітсе -ншы, -нші, дауыссызға аяқталса -ыншы, -інші жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: бір+інші, тоғыз+ыншы, екі+-нші, алтыншы, жүз отыз бесінші т. б.

Реттік сан есімдер кейде цифрмен де беріледі:

1. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, -ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнағының орнына дефис (-) қойылады. Мысалы: Ол 6-қатардан орын алды. Біз 3-қабатта тұрамыз. Сен биыл 6-сыныпқа бардың ба?
2. Реттік сан есімдер рим цифрымен берілсе, жұрнақтың орнына дефис қойылмайды. Мысалы: VI класс оқушылары жиналыста отыр. Біз IV үйде тұрамыз.
3. Жыл, ай аттарының алдынан келген сан есімдер араб цифрымен берілсе де, одан кейін дефис қойылмайды. Мысалы: 1961 жылы Ю. Гагарин космосқа ұшты. 1 қыргүйекте сабақ басталады т. б.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

XXI ғасырды электр құрылғыларыңыз (компьютер, теледидар, телефон, тұрмыстық техника және т.б.) елестете алмаймыз. Соңдықтан біздің өмір сүруіміз үшін керекті қуат көзінің бірі – электр энергиясы. Жыл сайын оған деген сұраныс артып келеді. Тұтынушыларды электр энергиясымен толық қамтамасыз ету әлем елдерінің басты мәселесіне айналды. Электр энергиясын өндіру үшін күніне мыңдаған тонна көмір мен мұнай жағылады. Оның табиғатқа зияны өте көп. Пайдалы қазбалар азайып, ауа мен су да ластанып, орман қоры аяусыз кесіліп жатыр.

Қазір бүкіл әлем энергия өндірудің жаңа әдісі мен үнемдеу жолын іздестіріп жатыр. 2017 жылы Астана қаласында «Болашақтың

энергиясы» тақырыбымен өткізілетін «ЭКСПО–2017» көрмесі. Бұл көрмеде энергия өндірудің тиімді, арзан, табиғатқа зияны аз болатын тәсілдері мен технологиялары көрсетіледі деп жоспарланып отыр.

Тұтынушылар үшін электр энергиясын үнемдеудің ең оңай әдісі – халық арасында насихат жүргізу. Біз үшін электр энергиясын үнемдеудің қарапайым жолы бар. Ол – үйдегі босқа жанып тұрған электр шамдарының түймесін баса салу немесе кәдімгі шамдарды энергия үнемдегішке ауыстыру. Осы арқылы біз ата-анамыздың қаржысын үнемдейміз. Өйткені қазір электр ресурстарына баға күннен күнге өсіп отыр. Ең бастысы, сонымен бірге табиғатты қорғауға аз да болса үлес қоса аламыз.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Үлгіге қара. Мәтіндегі таныс емес сөздерді тіркесетін сөзімен бірге теріп жаз. Сөздіктің көмегімен мағынасын анықта.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін мазмұнын тележурналист ретінде қысқаша айтып бер.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Суретке қара. Онда бейнеленген заттардың атын жаз. Олардың не үшін қолданылатынын айт. Осы құралдарды пайдалануда электр энергиясын үнемдеу жолдары туралы әңгімелесіңдер.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Диалог. «Кім жылдам?»
Парталас досың екеуің кезектесіп, бір-біріңе «Нешінші ... ?» деп сұрақ қойыңдар, екіншің сол сұраққа бір ғана реттік сан есіммен жылдам жауап беріңдер. *Үлгі:*

- Үйде нешінші баласың?
- Екінші.
- Нешінші сыныпта оқисың?
- Алтыншы.
-

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма. Ата-анаңмен сөйлесіп, үйде ай сайын қанша электр тогын пайдаланатындарыңды сұраңдар. Сол шығынның қандай тұрмыстық техника түрлеріне байланысты көбірек жұмсалатынын анықтаңдар. Токты үнемдеу үшін не істеу керекін жазыңдар.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Суретке қара. Екі электр шамының диалогін құрыңдар.

**АЙТЫЛЫМ**

11-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма. Қарындасың үйдің барлық бөлмесіндегі электр шамдарын жағып қойып, теледидар көріп отыр. Оған электр тогын үнемдеудің табиғатқа, отбасы қаржысына зияны туралы түсіндір.

ЕСТЕ САҚТА!

Біз үшін электр энергиясын үнемдеудің қарапайым жолы бар. Ол — үйдегі босқа жанып тұрған электр шамдарының түймесін басу немесе кәдімгі шамдарды энергия үнемдегішке ауыстыру. Осы арқылы біз анамыздың қаржысын үнемдейміз.

ОҚЫЛЫМ

12-тапсырма. Жұмбақтарды оқы. Шешуін тап.

Төбемізде тұрағы,
Пайдасы мол ұққанға.
Түнде жанып тұрады,
Сөнеді Күн шыққанда.
(*Электр шамы*)

Қызып кетсе табаны,
Бар жалғыз-ақ алаңы,
Бар жалғыз-ақ шатағы:
Іздей бастар матаны.

(*Үтік*)

Аязға толы жәшігім,
Ішінен тамақ тасыдым.
(*Тоңазытқыш*)

Жел энергетикасы

5—6
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

жел күші, кешенді,
ұштастыру, артықшылық,
халық шаруашылығы

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Табиғатта желдің маңызы қандай?
2. Жел туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?
3. «Жел энергетикасы» деген термин сөзді естідің бе? Ол не?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Кестеде қай сөз бірнеше рет қайталанып тұр? Ол – табиғат құбылысының атауы. Сонымен бірге бұл кестеде тақырыпқа қатысты 6 сөз бар. Сол сөздерді тауып, шағын мәтін құрап жаз.

а	у	а	ж	е	л	о	ж	е	л
т	а	б	и	ғ	а	т	ө	н	е
р	і	ж	е	л	э	к	о	л	о
г	и	я	к	ө	п	ж	е	л	а
ж	е	л	п	а	й	д	а	л	ы

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Өртүрлі ақпараттық қайнаркөздерге сүйеніп, Қазақстандағы желді аймақтарды анықта. Олардың атын жаз. Оны картадан көрсет. Өз ойыңды дәлелдеп айт.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суретке қара. Бұлардың арасында қандай байланыс болуы мүмкін? Олар туралы шығарманың тақырыбы не болады деп ойлайсыңдар? Пікіріңді айт.



Грамматика

Жинақтық сан есім

Жинақтық сан есім — заттың жинақталған санын білдіріп, нешеу? деген сұраққа жауап береді. Жинақтық сан есімдер 1-ден 7-ге дейінгі есептік сан есімдерге -ау (-еу) жұрнақтарын қосылуы арқылы жасалады. Бұндай сөздердің негізгі мағынасы абстракт сан мөлшерін білдіргендіктен, олар үнемі заттанып, жеке қолданылады. Мысалы: Беретін мүлкің нешеу? Түйе біреу, ат екеу, қасқыр бесеу (І. Жансүгіров).

Дауысты дыбысқа аяқталатын екі, алты, жеті деген есептік сан есімдерге -ау, -еу жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы -ы, -і дауысты дыбыстары түсіріліп қолданылынады. Мысалы: ек(і)еу, жет(і)еу, алт(ы)ау, және т.б.

P.S. Жинақтық сан есімдер ешқашан зат есімдермен тіркеспейді, жеке қолданылынады. Өзі заттанып тұрады, яғни әрі сандық, әрі заттық мағынаны бірдей беріп тұрады.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Тыңда. Оқы.

Қазір Қазақстанның далалы аймақтарында басына үш қанатты **желдеткіші** бар, әр жерде үшеу-төртеуден, кейде одан да көптен орнатылған биік **бағандарды** жиі көреміз. Бұл – жел энергетикасының құрылғысы.

Жел энергетикасы — энергетиканың жаңа саласы. Ол жел энергиясын халық шаруашылығына ұтымды пайдалану мүмкіндіктерін күшейтеді. Елімізде арзан электр энергия көздерін іздеу мақсаты қойылды. Жел күшімен өндірілетін электр қуатын **халық шаруашылығына** қолданудың жолдары бар. Соның біреуі деп Қазақстанда **жел күшімен** алынатын электр энергиясы қуатын айтуға болады.

Жел энергиясының басқа энергия көздерінен экологиялық және экономикалық **артықшылықтары** көп. Жел энергетикасы қондырғыларының технологиясын жетілдірсе, оның тиімділігін артады. Жел энергетикасы қондырғыларын басқа энергия көздерімен **кешенді** түрде **ұштастыруға** болады. Республиканың шығыс, оңтүстік-шығыс, оңтүстік аймақтарында су электр станциялары мен жел электр станцияларын біріктіріп, электр энергиясын өндіру өте тиімді. Қыс айларында жел күші көбейсе, жаз айларында азаяды, ал су керісінше, қыс айларында азайса, жаз айларында көбейеді. Сөйтіп, энергия өндіруді біршама **тұрақтандыруға** болады.

Желдің орташа **жылдамдығы** 6,8 — 7,8 м/с, ал жел электрстанциялары 4-5 м/с-тан бастап энергия бере бастайды. Желдің қарама-қарсы бағытқа өзгеруі сирек болуына байланысты мұнда турбиналы ротор орнату тиімді. Желдің жалпы қуаты 5000 МВт-тан астам деп болжануда. Бұл – өте зор энергия көзі. Бұл көмір мен мұнайды, газды үнемдеуге және қоршаған ортаны ластанудан сақтап қалуға көп **пайдасын** тигізеді.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Құрамында жинақтық сан есім бар мақал-мәтелдерді тауып жаз. Олардың жасалу жолын түсіндір.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді өзі тіркесетін сөздермен бірге жазып, сөздік арқылы мағыналарын анықта.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Оқы. Мәтін мазмұны бойынша ұсынылған жоспардың құрылымын өзгерт. Ойыңды дәлелдеп айт.

Жоспар:

1. Энергетика көздерін кешенді қолданудың пайдасы
2. Жел энергетикасының пайдасы
3. Жел энергетикасының тиімділігі
4. Қазақстандағы жел энергетикасын дамыту мүмкіндіктері
5. Жаңа құрылғылар

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, ескі және баламалы энергетиканы салыстырып, ВЕНН диаграммасын толтыр.



МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінді оқы. Ондағы мәліметтерді конспект түрінде жазып ал. Сан есімдерді тап.

Баламалы қуат көзі болып саналатын жел энергиясы ресурсын зерттеудің өз ерекшеліктері бар. Еліміздегі энергия қорын үнемдеу мақсатында және экологиялық, қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіз, әрі тиімді, арзан энергия көзі. Желден алынатын энергия әлемдік айналымның 1,3%-ын құрайды. Жер бетіндегі ең алып жел станциясы АҚШ-тағы Техас штатында орналасқан. Жел энергиясы жөніндегі әлемдік кеңестің мәліметі бойынша, 2020 жылы жел электр стансалары өндіретін электр энергиясының көлемі жаһандық тұтыну деңгейінің 12 %-ын пайызын қамтамасыз етуі мүмкін. Бұл орайда жаңадан 1,4 миллион жұмыс орны ашылып, ауаға таралатын көмірқышқыл газының көлемі жылына 1,5 миллиард тоннаға дейін азаяды. Яғни қазіргі көлемінен 5 есе қысқаратын болады. Олай болса, Қазақстан үшін баламалы энергия көзінің қай түрі болмасын тиімді.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Полилог. «Ойшыл қалпақтар»: «Жел энергетикасы біздің өмірімізде» тақырыбында 6 оқушыдан топтасып, 6 түрлі қалпақ киіп, өзара пікірталас өткізіңдер.

Ойшыл қалпақтар	Ойшыл қалпақтардың қызметі	Сұрақтары
	Жел энергетикасының маңызын санамалап айтады.	Жел энергетикасының маңызы қандай?
	Жел энергетикасының басқа қуат көздерінен артықшылықтарын айтады.	Жел энергетикасының артықшылығы неде?
	Жел энергетикасын өндіруге қатысты кемшіліктерді айтады.	Жел энергетикасының кемшілік жағы неде?
	Жел энергетикасының тиімділігі туралы айтады.	Оны тиімді ету үшін не істеу керек?
	Жел энергетикасын қолдануға қатысты өз эмоциясын білдіреді.	Айтылған ойларға қатысты өз сезімің мен эмоцияң қандай?
	Бақылау және қорытындылау: айтылған ойларды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

ЕСТЕ САҚТА!

Жел энергетикасы – ең тиімді қуат көзі. Оның артықшылықтары өте мол. Оны халық шаруашылығында кең қолдану тиімді. Қазақстанда бұл саланы дамытуға мүмкіндік мол. Жел энергетикасын басқа қуат көздерімен кешенді ұштастыруға болады.



Бейсенбай Сүлейменов – балалар жазушысы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Жазушы деген кім?
 2. Балалар жазушысы деген кім?
 3. Қандай балалар жазушыларын білесің?
- Олардың қандай шығармаларын оқыдың?
4. Кімнің қай шығармасы ұнады? Неге?



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «Броун қозғалысы». Сыныптастарыңнан оқыған шығармалары туралы мәлімет жинап, төмендегідей картаны толтыр. Соңында ең көп оқылған кітапты анықтаңдар. Қандай сан есімдерді қолдандыңдар?

Мәлімет картасы

№	Оқушының аты-жөні	Оқыған кітабы туралы мәлімет: авторы, атауы	Кітаптың тақырыбы (не туралы?)	Кітаптың кейіпкерлері
1				
2				

ЖАҢА СӨЗДЕР

жел күші, кешенді, ұштастыру, артықшылық, халық шаруашылығы

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Өртүрлі қайнаркөздерден ақпарат жинап, сұрақтарға жауап бер.

1. «Халықаралық балалар кітабы мерекесі» туралы не білесің?
2. Бұл мереке кімнің құрметіне және қашаннан бері аталады?
3. Сенің мектебіңде бұл мейрам қалай тойланады?
4. Егер саған таңдау берілсе, осы мейрамды қалай өткізер едің?
5. Ең жақын досыңа қандай кітап сыйлар едің?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңда. Оқы.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Үлгіге қара. Мәтіндегі жаңа сөз тіркестерін теріп жаз. Оларды орыс тіліне аудар.

Үлгі: балалар жазушысы — детский писатель

ОҚЫЛЫМ

6-тапсырма. Бағандағы сөздерден сөйлем құрап оқы.

Бейсенбай Сүлейменов	1951 жылы	бас кейіпкері	ерекшеленеді.
Қонақтар	кітаптары	қонақтармен	айтады.
Фараби	кітабының	қызықты оқиғаларымен	Фараби деген бала.
Жазушының	жұмбақ планетадан келген	27 қыркүйекте	кездеседі.
«Күннен келген адам»	Фарабиге	Табиғат-Ананы сақтау туралы	дүниеге келді.

Қазақ балалар жазушысы, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты Бейсенбай Сүлейменов 1951 жылы 27 қыркүйекте дүниеге келді. Ол 1973 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Б. Сүлейменов балалар әдебиетіне өзіндік жаңалықтарымен, тың шығармашылықпен келді. Оның көтерген тақырыптары жаңашылдығымен, жұмбақ әлемге саяхатымен, қызықты оқиғаларымен ерекшеленеді. Әсіресе, «Кечуа тайпасының үндістері», «Бес ғасыр атылмаған садақ» кітаптарында құпиясы мол Оңтүстік Америка жайлы айтылады. Бұл шығармаларда жазушы үндістердің қызықты өмірі мен бүгінгі тіршілігін көрсетеді. Бұл – жазушының баға жетпес жеңісі, ізденісі, ешкімге ұқсамайтын шығармашылық шеберлік әлемі.

Қаламгердің «Күннен келген адам» атты повестер мен әңгімелер жинағында қызықты шығармалар мол. Кітаптың бас кейіпкері – Фараби деген бала. Ол жұмбақ планетадан келген қонақтармен кездеседі. Олардың Жер туралы, қазақ халқы туралы айтқан ойлы әңгімелерін тыңдайды.

Жұмбақ елден келген қонақтардың Табиғат-Ананы сақтау туралы ойлары Фарабиге қатты әсер етеді. Ол Жер планетасында болып жатқан түрлі экологиялық проблемалар

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтін мазмұнын өз сөзіңмен баяндап айт.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. «Аквариум». Рөлдік ойын. Мәтін мазмұны бойынша екі оқушының бірі – тележурналист, екіншісі – жазушының рөлінде шағын сұхбат құрыңдар. Ол үшін алдымен қойылатын сұрақ пен жауапты әзірлеңдер. Оны сынып алдында көрсетіңдер. Диалогте реттік және жинақтық сан есімдерді қолданыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, Б. Сүлейменовтың шығармаларына тән ерекшеліктерді диаграмма түрінде жаз.



МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Аквариум». Жұптық жұмыс. Б. Сүлейменовтің «Күннен келген адам» кітабын жарнамалаңдар. Ол үшін аталған кітапты тауып оқыңдар. Қайнаркөздерден жазушы туралы, оның шығармасы жайлы ақпараттар табыңдар. Жарнаманы сынып алдында көрсетіңдер. Сынып ең үздік жарнама иелерін анықтасын.

Жарнамаға қойылатын талаптар: — деректердің нақтылығы; — қызықтылығы; — тілдік сауаттылығы.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма. Шетелдік досың Қазақстандағы балалар жазушылары туралы айтып беруіңді сұрады. Жауабыңды жаз, сосын ауызша айт.

ЕСТЕ САҚТА!

Балалар жазушысы Б. Сүлейменов балалар әдебиетіне өзіндік жаңалықтарымен, тың шығармашылықпен келді. Оның шығармаларының тақырыптары жұмбақ әлемге саяхатымен, қызықты оқиғаларымен ерекшеленеді.

Күннен келген адам

9—10
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

варыш, қиындық, қою түтін,
Табиғат-Ана, тұншығу

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Бірінші диаграммаға фантастикалық шығарманы сипаттайтын сын есімдерді, екінші диаграммаға «балаларға арналған шығармаға» тән ерекшеліктерді көрсететін сын есімдерді жаз.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Мұғалімнің көмегімен өлеңдегі түсініксіз сөздердің мағынасын анықта. Өлеңдегі «ащы қиял», «тәтті қиял» сөздерінің мәнін түсіндір.

Қиял

Бір жерде көп отырсаң жалғыз өзің,
Көрмесе көңіл ашар жанды көзің.
Кейде ащы, кейде тәтті қиял билеп,
Кететін бар емес пе бір мінезің?

(Міржақып Дулатов)

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Диаграмманы пайдаланып, өзге планетадан келген кейіпкерлер туралы балаларға арналған фантастикалық шығармалардың бірі жайлы мәтін құрап жаз.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңда. Оқы.

... Сол күні жұмбақ планетадан екі қонақ бала келді. Жұмбақ елден келген балалардың әңгімесі де құпияға толы еді. «Оны барып көрмесек, түсінбейміз,» — деді Тазша бала Фарабидің құлағына сыбырлап.

— Біз Жердегі тіршілікті көп зерттедік. Түсінген сайын ұқпадық, **қиындыққа тірелдік**, — деді қонақтың үлкені. — Жер планетасы деген таңғажайып әлем ғарыштан керемет әдемі көрінеді. Бірақ жақындасаң, қатты қорқасың. Қара қою түтіннен, улы газдан тұншыға бастайсың. **Көзің қарауытып**, басың айналады. Біз қайда қонарымызды білмей, қатты қиналдық. Алғаш көргеніміз — ақ көбікті **мұхиттар** болды. Көк киттердің **күңіренгенін**, аққулардың таза суды **аңсағанын** түсіндік. Ал, ақ аю мұзды құшақтап қатты жылады. Ормандар өртеніп жатыр, құстар ұясынан айрылды. Жүрегіміз ауырды...

— Немерелерін «айналайын» деп еркелететін әжелер тек осы жерде кездесті. Сондықтан сендерге келдік, — деді екінші қонақ бала. — Бірақ Табиғат-Ананы ренжітіп алыпсыңдар...

— Бізді ұрсу үшін келді деп ойламаңдар. Осы Жерде үлкенді сыйлап, кішіні ренжітпейтін ұрпақ тұрады екен. Сол ниеттеріңе қарай бай өлкеге ие болдыңдар. Болашақтарың **жарқын**, өмірлерің жақсы болады екен. Тек екеуміздің айтқан ұсынысымызды ескеріңдер. Келген себебіміз осы.

— **Бәріне жауапты сендерсіңдер. Біз қазақтарды Күннен келген халық деп білеміз. Сендер — сол халықтың ұрпағысыңдар. Сондықтан бәріне жауаптысыңдар.**

— Ия, — деді Тазша бала ойланып. — Мұндай ақылды бізге көптен бері ешкім айтпап еді...

— Бұл — ақылды баланың сөзі. Айтқаны дұрыс. Оны орындауымыз керек.

Фарабидің осы сөзінен кейін ешкім үндемеді...

(Б. Сүлейменов)

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің синонимдерін тауып, мағынасын анықтаңдар.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Екі бағандағы сөздерді тіркестіріп жаз. Оларды қатыстырып, сөйлем құрап айт.

1	жұмбақ	толы	8	ниттер	түгін
2	екі	тірелу	9	улы	әжелер
3	қиындыққа	әлем	10	ғарыштан	ие болу
4	таңғайып	қонақ	11	еркелететін	ұрпағы
5	көп	ескеру	12	бай өлкеге	көрінеді
6	құпияға	зерттеу	13	қою	газ
7	ұсынысты	планета	14	халықтың	күңіренді

ОҚЫЛЫМ

7-тапсырма. «Аквариум». Топтық жұмыс. 5 оқушыдан топқа бірігіңдер. Шығарма авторы мен кейіпкерлерінің сөзін рөлге бөліп оқыңдар. Сынып ең үздік, сауатты, мәнерлі оқыған топты анықтайды.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Үлгіге қою. Мәтін мазмұны бойынша оқиға желісін тізбек түрінде жалғастырып жаз. Сол тізбек бойынша оқиғаны баяндап айт.

1. Тосын кездесу

2. Құпия әңгіме

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі түгел қою қаріппен жазылған сөйлемдерді орыс және ағылшын тіліне аударып жаз.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың өлеңін мәнерлеп оқы. Ақын өлеңінің мазмұнын мұғалімнің көмегімен түсін. Ақын ойын өз сөзіңмен айт. Өлеңді жаттап ал.

От

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзімде – от,
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз Тәңірі – от.
Оттан басқа Тәңірі жоқ!



Шынында, менің өзім де — от,
Қысылған қара көзім де — от.
Мен — оттанмын, от — менен,
Жалынмын – мен, жанамын.
Оттан туған баламын.
Қараңғылық бұққанда,
Қызарып күн шыққанда,
Күн отынан туғанмын!

(М. Жұмабаев)

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Б. Сүлейменовтің «Күннен келген адам» шығармасы мен Мағжан ақынның «От» өлеңінде қандай ортақ ой бар? Пікір алмасыңдар.

ЕСТЕ САҚТАЙ

Жер планетасы ғарыштан әдемі көрінеді. Бірақ көп қиындық бар. Жерде қою түгін, улы газ өте көп. Біз қатты тұншықтық. Сендер Табиғат-Ананы ренжітіп алыпсыңдар. Қазақтар – күннен келген халық. Сендер барлығына жауаптысыңдар.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

11–12
САБАҚ

ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқы.

Кітаптар 100 жыл бұрын мектепке барған кезде баланың не ойлағанын айтып береді. Немесе сол кездері балалардың не армандағанын, неден қорыққандарын және не оларды бақытты ететінін де айтып бере алады. Кітап балалардың ата-анасын, олардың кімге ұқсағысы келетінін есінде ұстайды. Ал ата-аналары өздерінің балаларына қандай болашақ тілейтінін де кітап арқылы біле аламыз.

Біз бүгінде өткен өмір жайлы кітаптарды жаза аламыз және олар жиі әсерлі болады. Бірақ бүгінгі автор алыстағы өткен өмірдің нағыз иістері мен дәмдерін, қорқыныштары мен қуаныштарын біле бермейді. Кітап өзінің қай кезде жазылғанын біледі. Кітаптың есінде бәрі сақталады. Ескі құжаттардан таба алмаған нәрселерді әңгімелер жинағы есінде ұстайды.

(Жазушы Аино Первик)

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Бейсенбай Сүлейменовтің «Күннен келген адам» әңгімесін оқыдың. Енді 100 жылдан кейін өмірге келген балаларға бұл кітап бүгінгі балалар туралы не айтуы мүмкін? Аино Первиктің сөзіне сүйеніп, өз ойыңды жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Тест тапсырмаларын орында. Түсінгеніңді айт.

1. Сұраққа жауап бер: Мәтінде не туралы айтылған?

- A) бала туралы
- B) баланың арманы туралы
- C) баланың өмірі туралы
- D) балаларға арналған кітап туралы

2. Сұраққа жауап бер: Кітаптар осыдан 100 жыл бұрынғыны қалай есте сақтайды?

- A) кітапта жазылған өзгереді
- B) кітапта жазылған өзгермейді
- C) кітапта жазылғанды өшіреді
- D) кітапта жазылғанды басқа тілге аударады

3. Сөйлемді жалғастыр: Ата-аналары өздерінің балаларына қандай болашақ тілейтіні де кітапта көрінеді, себебі...

- A) кітапты балалар жазады
- B) кітапты оқушылар жазады
- C) кітапты болашақ мұғалімдер жазады
- D) кітапты ересектер жазады

4. Сұраққа жауап бер: Ескі құжатта жоқ нәрселер неге әңгімелер жинағынан табылады?

- A) құжатта тек мәлімет сақталады
- B) әңгімеде өмір суреттеледі
- C) құжат жоғалады
- D) әңгіме жоғалмайды

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма: Бір-біріңмен «ЭКСПО-2017» көрмесінде кездестіңдер. Амандасыңдар, танысыңдар. Бір-біріңмен заманауи энергетика түрлері, олардың табиғатқа әсері туралы диалог құрыңдар. 100 жыл бұрынғыны қалай есте сақтайды?

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Суретке қараңдар. Өздерің қалаған тақырып қойып, Табиғат-Ананы сақтау туралы шағын мәтін құрап жазыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Өзің ұнатқан қуат көздерінің түрі бойынша постер құра. Оны сынып алдында айт. Сөзіңде реттік, жинақтық сан есімдерді қолдан.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Кітап та алма ағашы,
Жемісін біздер теретін.
Тәтті алмаға балашы,
Кітабыңның әр бетін
(Мұзафар Әлімбаев).

Астана – елімнің мақтаншысы

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Астана туралы не білесің?
- Астана қай жылдан бастап ҚР-ның астанасы болды?
- Астана қаласында қанша адам тұрады?
- Қандай атақты ғимараттар мен мәдени орындарды білесің?
- Сен Астанада болдың ба?



ЖАҢА СӨЗДЕР

ресми, шешім, сәулетші, көрермен

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құра.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Қазақстанның заманға лайық жаңа астанасын салу идеясын айтқан — Нұрсұлтан Назарбаев. Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы 2000 жылдан бастап Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі.

Астана — Азияның ең солтүстігінде орналасқан елорда. Қазіргі уақытта Астананың аумағы 722 шаршы шақырымнан асады, тұрғындар саны — 853 мыңға жуық. Қала үш ауданнан — «Алматы», «Сарыарқа» және «Есіл» ауданынан тұрады.

Қалада Целиноград вагон жөндеу зауыты, «Цесна-Астық» концерні, «Тұлпар-Тальго» ЖШС жолаушылар вагонын құрастыру зауыты, «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС тікұшақ құрастыру зауыты тәрізді ірі кәсіпорындар бар.

Астана — Қазақстандағы ірі бизнес орталығының бірі. Астана мәртебесін алғалы бері қалада 10 миллион шаршы метр тұрғын үй салынды. Астана құрылысына жүздеген отандық және шетелдік құрылыс компаниялары қатысты.

Астанада Батыс пен Шығыстың мәдени дәстүрлерін үйлесімді қолданылған ғимараттар көп. Астаналық бас жоспардың авторы — белгілі жапон сәулетшісі Кисе Курокава.

«Бәйтерек» кешені — жаңа елорданың басты символы, оның бойтұмары. Астанада «ХанШатыр» сауда-ойын-сауық орталығы, теңізден алыс орналасқан океанариум — «Думан» орталығы, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театры, Орталық Азиядағы ірі мешіт — «Әзірет Сұлтан» мешіті, Әулие Үспен Богородица кафедралдық соборы, Әулие Мария Архиепархиясы рим-католиктік кафедралдық соборы, «Бейт Рахель Хабанд Любавич» синагогасы, «Қазақстан» орталық концерт залы, «Қазақ елі» монументі, Қазіргі заманғы өнер музейі мен Президенттік мәдени орталық ғимараттары бар. Сонымен бірге 30 мың көрерменге арналған «Астана-Арена» жабық стадионы, 2011 жылы әлемде үздік деп танылған, 10 мың орынға арналған «Сарыарқа» бірегей велотрегі бар. Ал «Алау» мұз айдыны — ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін ғимарат (www.akorda.kz сайтынан).

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннен деректі және дерексіз зат есімдерді тап. Осы зат есімдерді пайдаланып, сөйлем құра.

Үлгі: идея — дерексіз зат есім. Мен досыма Астанаға бару туралы идеямды айттым.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сұрақтарға толық әрі қысқа жауап беріңдер. Жауаптарыңда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын сақтаңдар.

Үлгі:

Сұрақ: Елорданы Астанаға ауыстыру туралы шешім қашан қабылданды?

Толық жауап: Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады.

Қысқа жауап: 1994 жылы 6 шілдеде

1. Елорданы Астанаға ауыстыру туралы шешім қашан қабылданды?
2. Астана ресми түрде қашан көшірілді?
3. Ақмоланың атауы қалай Астана болып өзгертілді?
4. Астана Қазақстанның қай аумағында орналасқан?
5. 1999 жылы Астана қандай атаққа ие болды?
6. Астанада қандай ірі кәсіпорындар бар?

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, сөйлемді жаз.

Қазақстанның бас қаласы 2000 жылдан бастап Астана... мен ірі

Қала...дың халықаралық ассамблеясының мүшесі. 2. Қазіргі уақытта Астана... аумағы 722 шаршы шақырымнан асады, тұрғын... саны — 853 мыңға жуық. 3. Астана — Қазақстандағы ірі бизнес орталығы... бірі. 4. Астана... бас жоспардың авторы — белгілі жапон сәулеткері Кисе Курокава. 5. Қазіргі заманғы өнер музейі мен Президенттік мәдени орталық ғимарат...ы бар.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. «Желаяқ» ойыны. Топқа бөлініңдер. Топ санына қарай Астана туралы мәтін ілінеді. Топ мүшелері кезекпен тақтадағы мәтіннің бір сөйлемін ішінен оқиды. Оқыған сөйлемін тобына келіп жаздырады. Ойын осы ретпен мәтін аяқталғанша жалғасады. Ойын соңында желаяқтар баяндаған мәтін мен тақтадағы түпнұсқа мәтін салыстырылады. Жылдам әрі мәтінді дұрыс құраған топ жеңімпаз атанады.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Астана» туралы диаграмманы толықтыр.



АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Астана туралы 6 сұрақ дайындап, көршіңе қой. Екеуің 10-12 үнқатымнан тұратын сұхбат құрыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Астана — мақтанышым» деген тақырыпта эссе жаз.

Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланыс болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш тілдік құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 100-150 сөз.



ЕСТЕ САҚТА

Астана — Қазақстан Республикасының елордасы. Ол — ірі бизнес орталығы. Астанада көптеген ірі кәсіпорындар бар. Астанада зәулім ғимараттар көп.

Біздің төріміз — Ақорда

3—4
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сөйлемдерді аяқта.


- Ақорда —
- Астана Қазақстанның
- Астанада көптеген
- Ақордаға әлемнің түкпір-түкпірінен
- Ақорданың жанында

ЖАҢА СӨЗДЕР

жасау-жиһаз, бірегей, әйгілі, ұлттық мәнер, құрылғы, үшкір

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, шағын мәтін құра.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Мәтіннің мазмұнын баянда.

Ақорда — Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. Қазақы және шығыстық мотивтер сарайдың сәулеткерлік жасау-жиһаздарында шеңберлер және ою-өрнекті декор арқылы көрініс тапқан. Авторлық жобаның айрықша өзгешелігі — резиденцияға көркемдік тұтастық беретін қазақ бейнелеу өнерінің бірегей жиынтығының берілуі. Резиденцияда қойылған қазақстандық суретшілердің туындылары Қазақстанды әлемде ұлы өркениеттер мәдениетін тоғыстырушы мемлекет ретінде көрсетеді. Резиденция құрылысы 2001 жылы басталды. Жоба жұмысын Еуропа мен Қазақстанның белгілі сәулетшілері жүргізді. Олардың қатарында еуропалық әйгілі дизайнерлер М.Гуалаци мен А.Мольтени бар. Ішкі көріністі ұлттық мәнерде орындау академик Қ.Монтақаевтың кеңесімен жүргізілді. Аса маңызды мемлекеттік нысанды салу үшін 26 ұлт өкілдері және әлемнің ондаған елінің мамандары мен жұмысшылары еңбек етті.

Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясының ресми тұсаукесері 2004 жылғы 24 желтоқсанда өтті. Ғимараттың жалпы ауданы — 36 720 шаршы метр. Ғимарат құрылыстағы ең соңғы заманауи әдістер мен озық инженерлік құрылғыларды қолдану арқылы монолиттік бетоннан тұрғызылды. Үшкір төбесімен қоса алғандағы ғимарат биіктігі — 86 метр. Ғимарат жер үстіндегі бес қабатты және жер астындағы екі қабатты үйден тұрады. Бірінші қабаттың биіктігі 12 метрге тең (www.akorda.kz сайтынан).

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.

1	Ақорда	а	мотивтер	1	Ішкі	а	маңызды
2	көрініс	ә	мәдениеті	2	ұлт	ә	етті
3	бейнелеу	б	мәнер	3	Аса	б	тұсаукесері
4	шығыстық	в	дизайнерлер	4	мемлекеттік	в	әдістер
5	өркениеттер	г	тапқан	5	еңбек	г	көрініс
6	Жоба	ғ	өнері	6	ресми	ғ	биіктігі
7	әйгілі	д	резиденция	7	заманауи	д	өкілдері
8	ұлттық	ж	жұмысы	8	ғимарат	ж	нысан

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. www.akorda.kz сайтынан Ақорда туралы мәліметті, оның залдары туралы ақпаратты оқып, сыныпта ойбөліс өткізіндер. Ақорданың әр қабатында нелер орналасқанын айтыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Дерексіз зат есімдерді қатыстырып, сөйлем құра.

Сарай, ой-өрнек, шеңбер, мемлекет, туынды, сәулетші, дизайнер, ел, маман, көрініс, құрылғы.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. «Ақорда» сөзіне кластер жаса. Кластер бойынша шағын мәтін құрап жаз.



МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Семантикалық картаны толтыр. Түсіндіріп айт.

Зат есім	негізгі	туынды	күрделі	деректі	дерексіз
Ақорда					
сарай					
суретші					
тұсаунесер					
мемлекет					
ғимарат					
Қазақстан					

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Қате жазылған сөйлемдерді тап. Себебін айт.

1. Ақорда — Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. 2.

Авторлық жобаның айрықша өзгешелігі — резиденцияна көркемдік тұтастық беретін қазақ бейнелеу өнерінің бірегей жиынтығының берілуі. 3. Жоба жұмысын Еуропа мен Қазақстанның белгілі сәулетшітары жүргізді. 4. Ішкі көріністі ұлттық мәнерде орындау академик Қ.Монтақаевтың кеңесімен жүргізілді. 5. Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясының ресми тұсаунесері 2004 жылғы 24 желтоқсанна өтті. 6. Үшкір төбесімен қоса алғандағы ғимарат биіктігі — 86 метр. 7. Бірінші қабаттың биіктігі 12 метрға тең.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Соңғы бір аптада Ақордада болған жаңалықтар туралы ақпарат жина. Жинаған ақпаратты пайдаланып, шағын әңгіме құра.

ЕСТЕ САҚТАЙ

Ақорда — Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. Қазақы және шығыстық мотивтер сарайда түрлі өрнектер арқылы көрініс тапқан. Авторлық жобаның өзгешелігі — қазақ бейнелеу өнерінің берілуі.

«Мәңгілік ел» ескеріткіші негізі бейнелейді?

5—6
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңе қой.

ЖАҢА СӨЗДЕР

жасампаздық, қақпа, кереге, қастерлі



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.

1. «Мәңгілік ел» идеясын қалай түсінесің?
2. Қазақстанда мәңгілік елге айналу үшін қандай жұмыстар атқарылуда?
3. Сен Қазақстанның болашағына қандай үлес қосасың?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Мәтін мазмұнын баянда. Мәтіннен деректі және дерексіз зат есімдерді тап.

2011 жылдың 16 желтоқсанында ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Астанада «Мәңгілік ел» ескерткіші салтанатты түрде ашылды. Ол жасампаздық қақпасын бейнелейді. Салтанатты қақпаның маңдайында қазақ халқының болмысын бейнелейтін мемлекеттік рәміз — Елтаңба және оның құрамдас бөліктері шаңырақ, киіз үй керегелері, Ұлы Дала еліне құйылған Күн шұғыласы, алтын жалды қанатты пырақ және «Қазақстан» деген сөз жазылған.

«Мәңгілік ел» салтанат қақпасы — айрықша сәулет ескерткіші. Ол елдік талап пен сәулеттік талғамға жауап береді. Оның құрылымы, бейнесі мемлекетіміздің даңғыл жолын айқындайды. Салтанат қақпасының биіктігі — 20 метр, ені — 13 метр. Жиырма да, он үш те — қазақ үшін жағымды сан саналады. Сәулет ескерткішінің қасбетінде «Мәңгілік ел» жазуы қақпаның аты мен затын білдіреді. Арка ұлттық оюмен безендірілген. Қасбетінде абыз ақсақал мен данагөй ананың, қаһармен батыр мен елшіл жауынгердің қола мүсіндері қойылған. Бұлар да — тарих пен ұлт тамырынан сыр шертетін бейнелер. Қақпаның бір жағына Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесіндегі «Тайқазанның» көшірме үлгісі орнатылған. Бұл молшылық пен қанағатты, иман мен ынсапты білдіреді. Мұнымен қоса, онда қазақ жауынгерінің бес қаруының бірі «Қалқан» бейнеленген. Қақпаның бір қабырғасы еліміздің қастерлі құндылығы Тәуелсіздікке арналған. Онда азаттықты жария еткен алғашқы ресми құжат — Егемендік туралы декларация көрсетілген. Бұл қабырғада егемендіктің тарихынан сыр шертетін «Ақорда», «Бәйтерек» секілді маңызды нысандардың суреттері көрініс тапқан (С. Негимовтан).

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Диалогті толықтыр.

—

— 2011 жылдың 16 желтоқсанында ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Астанада «Мәңгілік ел» ескерткіші салтанатты түрде ашылды.

—

— Салтанатты қақпаның маңдайында қазақ халқының болмысын бейнелейтін мемлекеттік рәміз Елтаңба бейнеленген.

—

— «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы — айрықша сәулет ескерткіші.

—

— Салтанат қақпасының биіктігі — 20 метр, ені — 13 метр.

—

— Арка ұлттық оюмен безендірілген.

—

— Қақпаның бір қабырғасы еліміздің қастерлі құндылығы Тәуелсіздікке арналған.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жақша ішіндегі қажетті етістіктерді дұрыс тұлғада қойып, сөйлемдерді жаз.

1. Ол жасампаздық қақпасын (білдіру, бейнелеу, суреттеу). 2. Ол елдік талап пен сәулеттік талғамға (жауап беру, айтып беру, сұрап беру). 3. Қасбетінде абыз ақсақал мен данагөй ананың, қаһармен батыр мен елшіл жауынгердің қола мүсіндері (бейнелеу, қойылу, берілу). 4. Қақпаның бүйірінде Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесіндегі «Тайқазанның» көшірме үлгісі (жатқызу, орнату, қойылу). 5. Онда азаттықты жария еткен алғашқы ресми құжат — Егемендік туралы декларация (жазылу, кіргізу, көрсету).

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Өлеңнен жалғаулықтары бар сөйлемдерді көшіріп жазып, олардың нені (сөз бен сөзді ме, әлде сөйлем мен сөйлемді ме) байланыстырып тұрғанын айт.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендіріп айт. Сөйлем құра.

саулет	жазылған
киіз	ақсақал
қанатты	батыр
сөз	үлгісі
салтанатты	ана
абыз	қақпа
данагөй	жауынгер
қаһармен	үй
елшіл	пырақ
көшірме	ескерткіші

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің синонимін тауып, сөйлем құра.

**«Мәңгілік ел»
(үзінді)**

Мәңгілік Ел — арманымның асқары.
Мәңгілік Ел — бақытымның бастауы.
Мәңгілік Ел — тарихымның дастаны.
Мәңгілік Ел — **Нұрлы** жолға бастады.

Мәңгілік Ел — менің **аппақ** мұратым.
Болашаққа нұрын шашып тұратын.
Мәңгілік Ел — Нұрлы жолы қазақтың
Бар әлемге мойындатар қуатын.

...Мәңгілік Ел — **ынтымақ** пен бірлікте.
Мәңгілік Ел — ымыралы тірлікте.
Мәңгілік Ел — ертеңіңді ұлықтау.
Мәңгілік Ел — өткеніңді ұмытпау.

...Мәңгілік Ел — **бейбіт** өмір әуені.
Мәңгілік Ел — Ел Анамдай әдемі.
Мәңгілік Ел — Тәуелсіздік тірегі.
Мәңгілік Ел — ұлт пен ұлыс тілегі

(Маралтай Райымбекұлы).

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.


Мәңгілік Ел — арманым... асқар... . 2.
Бұл молшылық пен қанағат..., иман мен
ынсап... білдіреді. 3. Мәңгілік Ел — Нұрлы
жол... бастады. 4. Қақпа... бір қабырға... елі...
қастерлі құндылығы Тәуелсіздік... арналған.
5. Болашақ... нұр... шашып тұратын.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Ақпарат көздерінен Астанадағы «Мәңгілік ел» ескерткіші, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясы туралы қосымша ақпарат жинап, ойбөліс өткізіңдер.

АЙТЫЛЫМ

12-жағдаяттық тапсырма. Шетелдегі досың бұқаралық ақпарат құралдарынан Астана қаласында «Мәңгілік ел» ескерткіші туралы оқығанын жазды. Сенен ескерткіш туралы толық мәлімет беруіңді өтінді. Не істейсің?

**ЕСТЕ САҚТА!**

Астана қаласында «Мәңгілік ел» ескерткіші бар. Ол жасампаздықтың қақпасы болып есептеледі. Ескерткіш Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай ашылған.

Ә. Ысқақ «Күн ұлымын»

7—8
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттер бойынша шағын мәтін құрап айт.

ЖАҢА СӨЗДЕР

сіңіру, тұғыр, киік, сүйеу, демеу, тірек



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды қойып, мақал-мәтелдерді жаз.

Ай жарығы әлем...,
Шам жарығы түбіне.
Батар күн... атар таңы бар.
Жері бай... — елі бай.
Жер — ырыс... кіндігі,
Еңбек — ырыс... қазығы.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіннің мазмұнын баянда. Өлеңді жаттап ал.

Күн ұлымын,
қолдаушым — Күнім менің,
Күннің нұры бойыма сіңіргенім.
Тұғыр бердің сен маған елді ойла деп,
Сол тұғырдан шығады үнім менің.

Ұғамысың, халайық, жүрек үнін,
Сен деп соққан сол үнді біледі кім?
Мен-дағы ғаламшардың тұрғынымын,
Сүйеуі — Жер,
демеуі — Ай,
тірегі — Күн.
Биік..., биік...
Мақсатым биік менің,
Биігімді көреді киіктерім.
Күй-үнімді тыңдайды ұйып көлім,
Өзің үшін өртенген жырларымды,
Жеткізе алсам, арман не, сүйікті елім!

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі 5 сөйлемге түрлі нұсқада сұрақ қой.

Үлгі: Күн ұлымын, қолдаушым — Күнім менің.

Сұрақ: Ненің ұлысың?

Күн сенің қолдаушың ба?

Оның қолдаушысы не?

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтырыңдар. Түсіндіріңдер.

Сөз немесе сөз тіркесі	Түсініктеме
Ай	Жердің табиғи серігі. Жерге жақын аспан денесі.
Күн	
Жер	
Қолдаушы	
Тұғыр	
Жүрек үні	

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз.

1. Күннің нұры бойыма сіңіргенім.
2. Сол тұғырдан шығады үнім менің.
3. Мен-дағы ғаламшардың тұрғынымын, Сүйеуі — Жер, демеуі — Ай, тірегі — Күн.
4. Мақсатым биік менің, Биігімді көреді киіктерім

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінді оқы. Сан есімдерді тауып, ажырат. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңмен сұхбаттасыңдар.

Әкім Әбдіқайымұлы Ысқақ 1960 жылы 3 қыргүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Бөржар ауылында туған. Тұңғыш қазақ тілінде жазылған «Халықтың көші-қоны туралы» заңының авторы, Қазақстанның 1997 жылының «Жыл адамы», ақын, сазгер.

М. Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтын, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін бітір-

ген. Орта мектепте физика және еңбек пәнінің мұғалімі, «Лениншіл жас» газетінің меншікті тілшісі болып қызмет істеген. 1996-1999 жылдары — ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, 1999-2004 жылдары ҚР Президенті Әкімшілігінің ұйымдастыру-бақылау бөлімінің мемлекеттік инспекторы, 2004 жылы «Отан» партиясы орталық аппаратының кеңесшісі қызметтерін атқарған. Балаларға арналған «Котлет» атты тұңғыш сықағы 1977 жылы «Қазақстан пионері» газетінде басылған. 1992 жылы «Ерте есейген қыз», «Темір табыт», «Генерал Сабыр Рақымов», «Асқаровтың кадры», «Атамекен, елім бармысың?» атты өткір материалдары үшін Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты атанған.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

Сіңіру, тұғыр, киік, сүйеу, демеу, тірек, күн ұлы, жүрек үні, биік мақсат, өртенген жыр.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Күн ұлымын, қолдаушым — Күнім менің, Күннің нұры бойыма сіңіргенім» деген ақынның тұжырымы бойынша ой бөлісіңдер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәтел, фразелогиялық тіркестерді, одағай сөздерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Әкім Ысқақтың Астана туралы жазған өлеңін оқы. Мәтін бойынша жоспар құр.

Ұлы көшті бастаған,
Мақтанышым бас қалам.
Шаттық үні шырқалған.
Ару қала Астанам.

Алатаудың өрлігін,
Сарыарқаның кеңдігін,
Алтай — Жайық ендігін,
Табыстырған келді күн!

Тәуелсіздік түлегі,
Ұлы достық тірегі —
Жаса мәңгі, Астана,
Қазағымның жүрегі!

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. www.youtube.com сайтынан Әкім Ысқақ туралы деректі фильмді көріп, ақынның мінездемесін жаз.

ЕСТЕ САҚТАЙ

Әкім Ысқақ – қоғам қайраткері, ақын, сазгер. Ол физика пәнінің мұғалімі болған. «Күн ұлымын» өлеңінде туған еліне, жеріне деген махаббатын жырлаған.

«Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры

9–10
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап жаз.

1. Театр дегеніміз не?
2. Театрдың қандай түрлері бар?
3. Астана қаласында орналасқан қандай театрларды білесің?
4. Өз сыныбыңмен қай театрға бардыңдар?
5. Саған қандай қойылым ұнады?
6. Сүйікті актерің кім?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Досыңмен диалогті оқып, жалғастырыңдар.

- Сәлем!
- Сәлем! Қалың қалай?
- Жақсы. Осы жексенбіде мен сыныбыммен театрға барамын.
- Қай театрға барасыңдар?
- «Астана опера» театрына барамыз.
- Қандай қойылымға билет алдыңдар?
- «Біржан-Сара» операсына.
- Сараның рөлінде кім ойнайды?
- Қазақстан Республикасының халық әртісі Нұржамал Үсенбаева ойнайды.
- Біржанның рөлінде кім ойнайды?
- ...

ЖАҢА СӨЗДЕР

үйлестіру, бастама, жабдықтау

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

«Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры 2013 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған.

Екі қабатты фойенің пішіні эллипс тәріздес, биіктігі 13 метр. Фойеге салмағы 1600 кг, диаметрі 5 м қымбат хрустальдан жасалған аспашам ілінген. Фойенің қос қапталында доға тәрізді, барокко стилінде жасалған екі мәрмәр баспалдақ бар. Қабырғасындағы декоративті суреттерді Италия суретшілері орындаған. Театрдың фойесінде түрлі мәдени шаралар ұйымдастыруға болады.

XIX ғасырдағы итальян театрларының үздік үлгісімен Таға тәрізді көрермен залында 1250 орын бар. Партердің үстінде бельэтаж, сосын екі ярус балкон, галерея орналасқан. Сахнаның аумағы 768 шаршы метрді құрайды, сондай-ақ биіктігі 16 метр арьер сахна мен екі қапталы бар. Сахнада бір уақытта кем дегенде 3 актінің декорациясы орналаса алады. Сахнаның трюмі (астыңғы

бөлігі) 13 метр тереңдікке дейін төмендей алады және төрт орталық көтергіш еркін қозғалады. Негізгі сахнада сценографиясы күрделі спектакльдер қоюға болады. Фимарат ең соңғы үлгідегі, бүкіл спектакльдер мен концерттерді жазуға мүмкіндік беретін студиялық аппаратпен жабдықталған.

Оркестр шұңқырына 120 оркестрант еркін сияды. Негізгі залдан кем түспейтін 250 орындық камералық зал бар. Әртістерге соңғы техникамен жабдықталған, кең де жайлы 26 дайындық залы, 60 грим жасайтын бөлме қызмет етеді. Астындағы паркингке 92 көлік, ал сыртына 325 көлік қоюға болады («Алматы ақшамы» гезетінен).

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннен деректі және дерексіз зат есімдерді тап. Осы зат есімдерді пайдаланып, сөйлем құра.

Үлгі: орындық — деректі зат есім. «Астана опера» театрында 250 орындық камералық зал бар.

АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сұрақтарға толық әрі қысқа жауап беріңдер. Жауаптарыңда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын сақтаңдар.

Үлгі:

Сұрақ: «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры кімнің бастамасымен құрылған?

Толық жауап: «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған.

Қысқа жауап: Н.Ә. Назарбаевтың

ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, өзіңнің сүйікті театрың туралы шағын мәтін құрастыр. Онда мынадай сұрақтарға жауап бер:

1. Сенің сүйікті театрың қандай?
2. Ол театрға кімнің есімі берілген?
3. Ол қай қалада орналасқан?
4. Сен онда жиі барып тұрасың ба?
5. Сен театрға кіммен бірге барасың?

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша....».

Екінші сөйлем. «Себебі, мен оны деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».


Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Желаяқ» ойыны. Топқа бөлініңдер. Топ санына қарай Астана опера туралы мәтін ілінеді. Топ мүшелері кезекпен тақтадағы мәтіннің бір сөйлемін ішінен оқиды. Оқыған сөйлемін тобына келіп жаздырады. Ойын осы ретпен мәтін аяқталғанша жалғасады. Ойын соңында желаяқтар баяндаған мәтін мен тақтадағы түпнұсқа мәтін салыстырылады. Жылдам әрі мәтінді дұрыс құраған топ жеңімпаз атанады.

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Астана опера» туралы диаграмманы толықтыр.



АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Астана опера театры туралы 6 сұрақ дайындап, көршіңе қой. Екеуің 10-12 үнқатымнан тұратын сұхбат құрыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

11-жағдаяттық тапсырма: Бүгін — сенбі. Сыныбыңмен театрға барасыңдар. Жоспар құрып, түсіндір. Театрға немен барасың? Кассада билетті қалай сатып аласың? Театрдан соң үйге қалай қайтасың?



ЕСТЕ САҚТАЙ

«Астана опера» театрына досыммен бардым. Маған театр ұнады. Оның іші өте әдемі. Фойесінде үлкен аспадам ілінген.

Ұлттық мұражайға бардың ба?

11–12
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.


1. Мұражай қандай мекеме?
2. Мұражайға қандай заттар қойылады?
3. Қазақстандағы қандай мұражайларды білесің?
4. Ұлттық мұражай туралы не білесің?

ЖАҢА СӨЗДЕР

ежелгі және орта ғасыр тарихы, жауынгер, жәдігер

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құра.



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құра.

2014 жылдың 2 шілдесінде Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайы ресми түрде ашылды. Мұражай халықаралық стандарттарға сай жабдықталған. Ғимараттың жалпы аумағы 74 мың шаршы метр.

Ұлттық мұражайға көне жәдігерлер және археологиялық, этнографиялық, мәдени ескерткіштер қойылған. Мұражай 7 зал-

дан, 8 қабаттан тұрады. Мұражайдың экспозициялық кешендерінде «Астана», «Тәуелсіз Қазақстан», «Алтын», «Ежелгі және ортағасыр тарихы», «Этнография», «Тарих», «Заманауи өнер» атты залдары бар.

Мұражайда Қазақстанның ерте ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі тарихын көрсететін жәдігерлер бар. «Алтындар» залында Алматыға таяу Есік қорғаны қазбаларынан табылған атақты Алтын адамның бұйымдарын көре аласыз. Екінші «Алтындар» залынан Қазақстан аумағында табылған жеті алтын жауынгерді көруге болады.

Мұражайдың басты атриумы ретінде алтын түсті құсты айтамыз. Ол еркіндік пен кеңдікті білдіреді және әрбір 1,5 сағат сайын орталық залда елбасы даусымен басталатын тұсаукесер барысында ол қос қанатын қағып, бірде самғап, бірде қиялап ұшып көрініс береді. Бірінші қабатта Астана залында әрбір 1,5 сағат сайын «Астана архитектурасы» шоуы болады. Ол да Елбасы дауысымен басталады. Медиаеденде бірінші Астана қаласындағы төрт мезгілдің көрінісі көрсетіледі де, одан кейін назар орталыққа ауады. Әлгінде ғана еден деп есептеп тұрғаныңыз ортасынан ашылып, Астанамыздың ең маңызды объектілерінің макеттері шыға бастайды. Шоудың негізгі идеясы — Сарыарқада Астана бой көтермес бұрын тек жазық дала болғаны, одан кейін кішігірім елдімекендер, сонан соң қалашық, соңында бас қаланың құрылысы салына бастағанын, ал бүгін Қазақстанның астанасына, ең әсем қалаға айналғанын көрсету («Ақ желкен» журналынан).

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Ұлттық мұражай қай қалада орналасқан?
2. Ұлттық мұражайдың экспозициялық кешендерінде қандай залдар бар?
3. Мұражай қанша зал мен қабаттан тұрады?
4. Мұражайдың аумағы қанша?
5. Мұражайда қандай шоу көрсетіледі?

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннен деректі және дерексіз зат есімдерді тап. Осы зат есімдерді пайдаланып, сөйлем құра.

Үлгі: еркіндік — дерексіз зат есім. Мұражайдағы алтын құс еркіндікті білдіреді.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Ұлттық мұражайға барайық!» тақырыбы бойынша диалог құрыңдар. Біреуің бұрын мұражайда болғансың, екіншің бірінші рет барғалы тұрсың.



МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. www.youtube.com сайтынан Ұлттық мұражай туралы ақпаратты тыңда. Тыңдаған ақпарат бойынша қысқаша баяндап айт.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра.

1	мәдени	а	аумағы	1	тұсаунесер	а	мезгіл
2	жәдігерлер	ә	зал	2	ең	ә	шыға ба- стайды
3	халықаралық	б	ғасыр	3	төрт	б	қабат
4	алтын	в	құс	4	жазық	в	қала
5	жалпы	г	жауынгер	5	негізгі	г	барысы
6	алтын түсті	ғ	стандарттар	6	әсем	ғ	дала
7	орталық	д	ескерткіштер	7	бірінші	д	маңызды
8	ерте	ж	бар	8	манәттері	ж	идеясы

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Сұхбатты толықтырыңдар.

- Мен ертең Ұлттық мұражайға барамын.
.....?
- Ой, қандай тамаша!
- Онда ертең таңертең кездесейік.
.....?
- Сағат онда мұражайдың алдында
кездесейік.?
- Мен мұражайға автобуспен келемін.
.....?
- Ертең
кездескенше!
-

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, мәтін мазмұны бойынша пікірлеріңді жазыңдар (уақыт мөлшері: 7-8 минут)

1. **Өзіндік пікір (идея)** — бір сөйлем
2. **Дәлел** — екі сөйлеммен келтіру керек
3. **Өз пікірін айғақтайтын мысал** — екі сөйлем
4. **Өз пікіріне қарсы пікір** — бір сөйлем
5. **Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал** — екі сөйлемнен тұру керек
6. **Қорытынды** — екі сөйлемнен тұрады.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Шетелдегі досыңа Ұлттық мұражай туралы хат жаз.

ЕСТЕ САҚТА!

Астана қаласында Ұлттық мұражай бар. Мұражайдың залдарынан көптеген мағлұмат алуға болады. Мұражайда көне жәдігерлер, археологиялық, этнографиялық ескерткіштер бар. Мен шетелдегі досыма Ұлттық мұражай туралы хат жаздым.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13
САБАҚ

ОЙТҮРТКІ

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттер бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңмен сұхбаттасыңдар.



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтінге тақырып қой. Жоспар құра.

Астана. Ару қала. Ай қала. Қарасаң көз тоймайды. Жылдан жылға сәніне сән, сәулетіне сәулет қосып келеді. Астана — Қазақстан Республикасының саяси, әкімшілік және мәдени орталығы. Оның жалпы аумағы 710, 2 шаршы шақырым. Астана халқының саны 2008 жылы 584, 8 мың адам болған.

Астана әскери бекініс ретінде 1830 жылы қаланып, Қараөткел деп аталған. 1845 жылдан бастап Ақмола деген атауға ие болған. 1862 жылдан бастап заңды түрде қала мәртебесін алған.

1868 жылы Ақмола омбы губерниясының уезд орталығы, 1928-1930 жылдар аралығында Ақмола округі, ал 1930-1992 жылдар аралығында Целиноград қаласы деп аталған.

1997 жылы 10 желтоқсанныан бастап Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының Астанасы деп жариялау туралы жарлыққа Қазақстан Республикасының президенті қол қойды. 1998 жылдың 6 мамырында Елбасының жарлығынан Ақмола атауы Астана болып өзгертілді. Бұл күнде Астананы дүниежүзі біледі. Астанада әлемдік көлемдегі алқалы жиындар өтеді. Астана бейбітшіліктің мызғымас ордасына айналды («Ана тілі» газетінен).

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айтыңдар.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Тұғыр бердің сен маған ... ойла деп, Сол ... шығады үнім менің. 2.

Ұғамысың ..., жүрек үнін, Сен деп ... сол үнді біледі кім? 3. Мен-дағы ... тұрғынымын, Сүйеуі — ..., ...- Ай, тірегі — Күн. 4. Мақсатым ... менің, Биігімді ... киіктерім. 5. Өзің үшін ... жырларымды, Жеткізе алсам, ... не, сүйікті елім!

Қажетті сөздер: тұғыр, өртенген, валамшар, демеуі, арман, халайық, ел, Жер, биік, көреді, соққан

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннен сан есімдерді тап. Оларды әріппен жазып, түріне қарай ажыратып, сөйлем құра.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Ару қала — Астанам» тақырыбында әңгіме құрап айт.

Әңгімеге қойылатын талаптар:

- тақырыбы болуы қажет;
- ой жүйелілігі сақталуы тиіс;
- Астана туралы нақты мәліметтер берілуі керек;
- Деректі, дерексіз зат есімдерді, көптік мағынадағы сөздерді қолдану керек;
- стильдік тұрғыдан дұрыс жазылуы тиіс;
- орфографиялық нормалар қатаң

сақталуы керек;

— өзіндік қорытынды жасалуы тиіс.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра.

1	бас	а	үні	1	ұлы	а	мәңгі
2	Сарыарқаның	ә	бастаған	2	Қазағымның	ә	орналасқан
3	ару	б	өрлігі	3	вагон	б	қаруы
4	көшті	в	күн	4	барокко	в	нысан
5	табыстырған	г	түлегі	5	Жаса	г	достық
6	шаттық	ғ	қала	6	алыс	ғ	жүрегі
7	Тәуелсіздік	д	неңдігі	7	бес	д	стилі
8	Алатаудың	ж	қала	8	мемленетік	ж	жөндеу

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. «Ұлттық мұражай тарихтан сыр шертеді» тақырыбында ойтолғау жаз.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. «Астана — мәдениет пен өнер ордасы» тақырыбында фотоколлаж дайында. Фотоколлажды сыныпта қорға.

ОЙТАРАЗЫ**АЙТЫЛЫМ**

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таң қалдырды.

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН**Нақыл сөздер**

Астана — Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі (Нұрсұлтан Назарбаев).

Астана — Егемендік перзенті. Тәуелсіздік рәмізі. Жаңарған Қазақстанның гүлдей құлпырып, күндей нұрланып, айдай жарқыраған бет жүздігі (Әбіш Кекілбаев).

Ең алғашқы қорықты білесің бе?

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Жауабыңды дәлелдеп айт.

1. Қорық деген не?
2. Қорықта не болады?
3. Қандай қорықтарды білесің?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді тиісті тұлғада қойып, жаз.

Біз достарымызбен бірге (Алтай) бардық. Ертіс, Об, Енесей сияқты үлкен өзендер (Алтай) басталады. Алтай (тау) тұщы су қорының көзі болып табылатын мыңнан астам мұздықтар бар. Алтайда (ел) басқа өңірлерінде бола бермейтін қоңыр аю, марал, солтүстік бұғысы, елік, барыс, таутеке сияқты аңдар мен жануарлар, құр, тоқылдақ, шіл, үкі, байғыз сияқты құстар (мекендеу).

Тілдік бағдар

Өздік есімдіктер

Өздік есімдігіне өз сөзі және оның түрлерінің формалары жатады. Өз есімдігі көбінесе тәуелденеді, септеледі. Мысалы: Ол өзі кешігіп келді.

ЖАҢА СӨЗДЕР

жер жанаты, көне, безендірілген, баға жетпес аумақ, қорық

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Өздік есімдіктерді тауып, оларға сұрақ қой.

Мен өз алдыма мақсат қойдым. Өзімнің уақытымды дұрыс пайдалануды, әдеби кітаптарды оқуды бастадым. Әр адам өзінің уақытын тиімді пайдаланса, өз мақсатына жетеді.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, тақырып қой.

Жер жаннаты Жетісу — қазақ даласының баға жетпес мекені. Жетісуда Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және Көксу өзендері бар.

Жетісу жері Алматы облысын қамтиды. Жетісу жерінде 1 519 тарихи-мәдени ескерткіш бар. Атап айтқанда, 1 250 археологиялық, 262 сәулет ғимараты және 7 табиғи ескерткіш бар.

«Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында 1800-ге жуық өсімдік түрі бар. Олардың 21 түрі Қазақстанның Қызыл Кітабына енген.

Саябақтың аумағындағы 56 түрлі жануар Қазақстанның Қызыл Кітабына енген.

«Ақсу Жабағылы» — Қазақстанның ең көне қорығы. Ол — Орталық Азиядағы ЮНЕСКО биосфера қорығы дәрежесін алған ең алғашқы қорық.

«Іле-Алатауы» ұлттық табиғи саябағында 1 мыңнан астам өсімдік түрі бар. Бұл өсімдіктердің 36 түрі Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген.

Есік өзенінің жанынан ХХ ғасырдың 70 жылдары алтын киімді сақ жауынгері табылған. Жауынгердің басына күн құдайының символы — қанатты аттар бейнеленген, әшекеймен безендірілген биік үшкір бөрік кигізілген. Ұзын қылышы мен қысқа қанжары бар. Жауынгердің жанына саз балшықтан жасалған құтыға құйылған қымыз, кесек-кесек ет салынған асаяқтар, күміс пен қоладан жасалған қымбат құтылар қойылған.

Антропологтардың анықтамасы бойынша, Есік қорғанында жерленген адамның жасы 17-18-дерде және ол біздің эрамызға дейінгі IV ғасырдың аяғында өмір сүрген.

(«Жетісу» энциклопедиясынан)

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтін бойынша өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,»;

Екінші сөйлем: «Себебі мен оны деп түсіндіремін»;

Үшінші сөйлем: «Оны мен деген мысалдармен дәлелдей аламын»;

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен деген шешімге келдім».

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі 6 сөйлемге түрлендіріп, бірнеше сұрақ қой.

Үлгі: «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында 1800-ге жуық өсімдік түрі бар.

- «Алтынемел» қандай саябақ?
- «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында қанша өсімдік түрі бар?
- Қай табиғи саябақта 1800-ге жуық өсімдік түрі бар?

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қой. Өздік есімдіктерді тап.

Қажетті сөздер: көне, баға жетпес, безендірілген, қанатты, қорғанынан.

Жер жаннаты Жетісуды халық өзінің ... мекені деп санайды. «Ақсу Жабағылы» өз еліміздің ең ... қорығы. Антропологтар өз зерттеулерінде Есік ... табылған адамды біздің эрамызға дейін өмір сүрген дейді. Өз жерімізден табылған жауынгердің басында әшекеймен ... бөрік бар. Онда ... аттар бейнеленген символ қойылған.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог ұйымдастырыңдар.

1. Жетісуда қандай өзендер бар?
2. Жетісу жері қай облысты қамтиды?
3. Жетісу жерінде қандай ұлттық саябақтар бар?
4. «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында Қазақстанның Қызыл Кітабына енген не бар?
5. «Ақсу Жабағылы» қорығы Орталық Азиядағы қандай ұйымның дәрежесін алды?
6. «Іле-Алатауы» ұлттық табиғи саябағында Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген не бар?
7. Есік өзенінің жанынан не табылды?
8. Жауынгердің басынан қандай символ табылған?
9. Жауынгердің бас киімі қандай?
10. Жанына не қойылған?
11. Антропологтардың зерттеулері қандай ақпарат берді?

Алтын ел ұлттық саябағының кереметі!

3—4
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретке қарап, «Табиғат ғажайыптары» тақырыбында шағын мәтін құрап жаз.

ЖАҢА СӨЗДЕР

ұлттық қорық, үңгірлер, жер көлемі, мекендейді, қорықшы, бірнеше, алдекім, алдебіреу



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөздерден біріккен сөз жаса. Сөздерден сөйлем құрап жаз.

емел	Ел	Ұл	мекен
тоғыз	жол	құмалақ	үй
қонақ	шам	бағдар	барыс
ала	Ата	тау	дидар
Алтын	теле	жан	орда

Тілдік бағдар**Белгісіздік есімдіктері**

Белгісіз затты, сындық белгіні, сан-мөлшерді нақты көрсетпей, беймәлім мәнді білдіретін сөздерді белгісіздік есімдіктері дейміз.

Мысалы: Біреу есікті ашты. Осындағы "біреу" "белгісіз бір кісі" мағынасындағы затты білдіріп тұр.

Белгісіздік есімдіктерге: біреу, кейбіреу, бірдеме, әркім, әрне, әлдекім, әлдене, кімде-кім, қайсыбір, әрбір, әр, әлдеқашан, әлдеқайда, әрқашан, әлдеқалай деген сөздер кіреді.

төбенің биіктігі — 150 метр, ұзындығы — 8, ені — 3 шақырым.

Құмның «Әнші құм» аталуының өз сыры бар. Жел соққан кезде ұсақ-ұсақ құм төмен қарай жылжиды. Осы кезде сырнайдың даусына ұқсас әдемі үн шығады. Әлдекім сырнай тартқандай болады. Ал қатты жел соқса, әлгі әдемі үн реактивті ұшақтың даусына ұқсайды. Жел соққан сайын құм формасын жиі-жиі өзгертіп отырады.

«Алтынемел» саябағы археологиялық ескерткіштерге бай. Онда түрлі-түрлі көне суреттер салынған тастар мен үлкен-үлкен үңгірлер көп.

«Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында 1800-ге жуық өсімдік түрлері, 56-ға жуық жануар түрлері, балықтар, құстар бар. Олардың көбі Қазақстанның Қызыл Кітабына кірген.

Айналада биік-биік ағаштар, өзен-көлдер де мол. Олар жан-жақтан келген туристерге жақсы әсер береді.

Саябақта 17 қорықшы бекеті мен 3 туристік бағыт жұмыс істейді.

• **Мәтіннен белгісіздік есімдігін тап.**

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС**ТҮНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Түсініп оқы.

«Алтынемел» ұлттық саябағы

«Алтынемел» — Алматы облысының Кербұлақ ауданында 1996 жылы ашылған ұлттық саябақ. Ол Іле өзенінің солтүстігінде орналасқан. Жер көлемі 460 мың гектар. Оның құрамына Үлкен Қалқан, Кіші Қалқан тауларының қасында орналасқан табиғи ескерткішінің бірі — «Әнші құм» кіреді. Алтынемел саябағының кереметі — "Әнші құмдар". Мұндай «Әнші құм» табиғатта өте аз кездеседі. Құмды

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Белгісіздік есімдіктерін тауып, сұрақ қой. Қандай сөз табының орнына қолданылып тұрғанын анықта.

Туристер Үлкен Қалқан, Кіші Қалқан тауларына бірнеше рет барды. "Әнші құмға" барғанда әлдебіреу сырнай тартқандай болды. Үңгірлерге біреу әдейі сурет салып қойған секілді.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ**5-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағы қашан құрылған?
2. Саябақ қай жерде орналасқан?
3. Саябақтың көлемі қанша жерді алып жатыр?
4. Оның құрамына қандай таулар кіреді?
5. "Әнші құм" аталуының себебі қандай?
6. Саябақ неге бай?
7. Саябақта өсімдіктердің қанша түрі өседі?
8. Қазақстанның Қызыл кітабына нелер кірген?
9. Қазір саябақта қанша қорықшы бекеті мен туристік бағыт жұмыс істейді?

ЖАЗЫЛЫМ**6-тапсырма.** Көп нүктенің орнына керекті қос сөздерді қойып, сөйлемді көшіріп жаз.

«Алтынемел» — Қазақстандағы ең үлкен табиғи саябақ. Мұнда саяхатшылар ... келеді. Саябақта тарихи ескерткіштер өте көп. ... тастарда салынған ... суреттерді көресің. Мен «Алтынемел» туралы ... әңгімелерді көп оқыдым.

Қажетті сөздер: қызықты-қызықты, жиі-жиі, түрлі-түрлі, газет-журналдардан, кішкентай-кішкентай, үлкен-үлкен.

АЙТЫЛЫМ**7-тапсырма.** Ғаламтордан «Алтынемелдің» суретін тап. Сол суреттегі көріністерді мәтінге сүйене отырып, сипаттап айт.**ЖАЗЫЛЫМ****8-тапсырма.** Үлгіге қарап жаз.

Үлгі: Мен саябақта жүрмін. (Сіз). Мен емес, сіз саябақта жүрсіз.

Мен «Алтынемел» саябағына бардым. (Сен).

Ол саябақты аралады. (Біз).

Олар саябақтағы Шоқан Уәлихановтың музейіне барды. (Сендер).

Сіз тастағы жазуларды көрдіңіз. (Ол).

Мен сусыған ыстық құмдардың үстімен жүрдім. (Сіздер).

Сендер аң-құстардың көп түрлерін көрдіңдер. (Олар).

АЙТЫЛЫМ**9-тапсырма.** Мәтінді пайдаланып, досыңмен диалог құрыңдар.

— ... , сен «Алтынемел» ұлттық саябағы туралы не білдің?

— ... , «Алтынемел» саябағы туралы көп білдім.

— ...

— ...

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ**10-тапсырма.** Сөзжұмбақты шеш. Қандай сөз жасырынған? Сол сөзді септеп жаз.

Л

Атау септігі ...

Ілік септігі

Барыс септігі

Табыс септігі

Жатыс септігі

Шығыс септігі

Көмектес септігі

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Сөзге қажетті жалғаудың тиістісін жалғап айт.

«Алтынемел» ұлттық табиғи саябақ (-ы, -і) Алматы облыс (-ы, -і) Кербұлақ ауданы (-ның, -дың, -тың) аумағында Іле өзенінің солтүстігі(-нда, -нде) орналасқан. Ұлттық саябақ 1996 ж. ашылған. Аудан (-ымыз, -сы, -ы) 460 мың гектар.

«Алтынемел» ұлттық табиғи саябағы (-нда, -нде) 1800 (-ге, -ке) жуық өсімдік (-тің, -дің) түрлері бар. Саябақ (-та, -да, -те) 17 қорықшы бекет (-і, -ы) және 3 туристік маршрут (-лар, -тар, -дар) жұмыс істейді.





ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Суреттерге қарап, «Алтынемел» ұлттық саябағы туралы мәтін құрап жаз.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Суреттердегі заттардың атауымен қос сөз құра. Қос сөздермен сөйлем құрап жаз.





Мәтін құрауға қажетті тірек сөздер:
саяхатшылар, қорықтың таңбасы,
қорықтың картасы, әнші құм.

КЕЛ, ЖАТТЫҒАЙЫҚ!

Тамыр тартқан тереңнен,
Тарихы бай ежелден.
Байтақ елде осындай
Өмір сүріп келем мен.

АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Жағдаят: Сен досыңмен Алтынемелге саяхаттап келдің. Досың бұл жер туралы жақсы біледі. Одан өзіңе қажет мәліметтерді сұра. Ол түсіндірсін. Диалогте қос сөздерді орынды кірістіріп отырыңдар.

ЕСТЕ САҚТА!

«Алтынемел» ұлттық саябағы.
Саябақтың жер көлемі үлкен.
Қорықты аңдар, құстар, жан-жануарлар мекендейді.
Қорықшылар қорықты қорғайды.

Шарын шатқалын көргің бе?

5—6
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Қазақстандағы өзің білетін жер-су аттарын жаз.

Қалалар: Өзендер:
Таулар: Қорықтар:
Көлдер:



ЖАҢА СӨЗДЕР

жолдама, шатқал, құмдауытты, шырайлы, мемлекеттік қорғау, белшегі, барлық, бүкіл, бәрі

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Берілген сөздерді қолданып, суреттегі табиғат сұлулығын әңгімеле.

- табиғат, гүлдер
- өзен, жеміс-жидектер
- жыл мезгілі
- керемет көрініс
- ғажайып
- бау-бақшада
- таудан
- өлең-жырлар
- сарқырап аққан
- өскен
- жырлаған



Тілдік бағдар

Жалпылау есімдіктері

Жалпылау есімдіктері — екі немесе одан да көп заттар мен құбылыстарды біріктіріп, жинақтап айту үшін қолданылатын сөздер. Жалпылау есімдіктеріне: бәрі, күллі, түгел, барша, барлық, бүкіл деген сөздер кіреді. Мысалы: Қазақстандағы барлық қорық керемет!

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**3-тапсырма. Жалпылау есімдіктерін тап. Олардың қай сөз табына жататынын анықта.**

Барлық оқушы "Шарын" ұлттық саябағына барады. Ол үшін бәрі ата-аналарынан сұрануы керек. Саябаққа барғанда түгелі сақтық ережесін орындауы тиіс.

Күнде таңертең сендер ұйқыдан ояна салысымен, терезені ашып, Табиғат-Анаға көз

салып қара

Табиғатқа бірге шығ Бүгінгі саяхатымыздың тақырыбы: «Табиғатты аяла ...» деп аталады. Табиғат-Ананы ренжіт ... , оны ая ... , сенімін ақта ... , ауаны ласта ...!

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ**4-тапсырма. Мәтінді тыңдап, рөлге бөліп оқыңдар.**

– Балалар, бүгін бәріңе айтатын қуанышты жаңалығым бар. Біздің сыныбымыз оқу үлгерімі бойынша бірінші орынға ие болды. Сондықтан көктемгі демалыста жолдамамен «Шарын» ұлттық саябағына барамыз.

– Қандай тамаша! Алақай! Ол менің арманым еді!

– Мүмкін, сендердің ішінде Шарын шатқалында болғандарың бар шығар?

– Мен екі жыл бұрын нағашы ағаммен болғанмын. Әсіресе маған қызғылт қамалдар ұнады. Олар бірде арыстанға, бірде, құз-жартастарға, тағы бірде мұнаралар тізбегіне ұқсайды.

– Мен ол туралы газеттен, интернеттен көп оқыдым. Шарын шатқалы — ең бір экзотикалық, табиғаты керемет мекеннің бірі. Құмдауытты жардың биіктігі 100-150 метрден басталып, 300 метрге дейін жетеді екен.

– Әлемнің басқа жерлерінде бұндай ғажайып табиғат көрінісі кездесе ме?

– Америка вестерндерінде көрсетеді ғой, Колорадо штатында емес пе?

– Дұрыс айтасың, Шарын Солтүстік Америкадағы Колорадо шатқалдарының тура бір бөлшегі секілді..

– Сонда «Шарын» ұлттық саябағы қай жы-

лы ашылған?

– Ол Алматыдан 200 шақырым жерде, 2004 жылы ашылды.

– Онда тау өзендері бар ма екен?

– Қызғылт қамалдарды екіге жарып, Шарын өзені ағады.

– Айтпақшы, «Шарын» ұлттық саябағында мемлекеттік қорғауға алынған шетен тоғайы бар. Ол табиғаттың көне ескерткіші ретінде сақталуда. Мұнда «Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына» енген басқа да өсімдіктер түрі көптеп кездеседі.

– Ол жақтың жолы қалай екен?

– Алматыдан шығысқа қарай барады баріміз жол бойы Алатау сілемдерін тамашалап баратын боламыз.

– Тезірек демалыс болса екен. Елімнің сондай бір әлемді таңғалдыратын жерін көргім келеді!

– Иә, балалар, соңғы кездері Шарын туралы жиі жазылып, әлемнің екі-ақ елінде бар шатқал туралы айтылып жүр. Бұл мекенді көргісі келетін ғалымдар да, туристер де көп.

• **Мәтіннен жалпылау есімдіктерін тап.**

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына жалпылау есімдіктерін жаз.

Жалпылау есімдіктері: бәріне, барлық, бәріміз, барлығы.

Мектептен барлық балаларға "Шарын" шатқалына баруға жолдама берді. Мұғалім бәріне ережені қатаң сақтауды тапсырды. Барлығы мұғалімнің сөзін мұқият тыңдады. Біз бәріміз қуаныштымыз.

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Төменде берілген етістіктерді жалпылау есімдіктерімен тіркестір.

Үлгі: *ие болды* – бәріне *ие болды*

Ие болды, барамыз, болған, ұнады, ұқсайды, айтылған, көргім келеді, жазылған, бастады, келетін.

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Берілген етістіктерді үлгі бойынша жікте, сөйлемдер құра.

Үлгі:

Мен ашайын

Сен аш

Сіз ашыңыз

Ол ашсын

Біз ашайық

Сендер ашыңдар

Сіздер ашыңыздар

Олар ашсын

Ашу, ұйымдастыру, оқу, тамашалау.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС**АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ**

8-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді таңдап жаз.

Көктемгі демалыста «Шарын» ұлттық саябағына ... (бұйрықпен, өтінішпен, жолдамамен) барамыз. Маған қызғылт ... (үйлер, қамалдар, тастар) ұнады. Шарын шатқалы экзотикалық, табиғи көріністері ... (шырайлы, ашық, қызық) мекеннің бірі. (жаңбырлы, құмдауытты, жалтыр) жардың биіктігі 300 метрге дейін жетеді.

Шарын Солтүстік Америкадағы Колорадо шатқалдарының ... (үзіндісі, жартысы, бөлшегі) секілді. Қызғылт ... (көшелерді, қамалдарды, іргелерді) екіге жарып, Шарын өзені ағады. «Шарын» ұлттық саябағында мемлекеттік ... (меншікке, иелікке, қорғауға) алынған шетен тоғайы бар.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Суреттерге қарап, «Шарын шатқалына бардым» тақырыбында әңгімелесіңдер.

**ЕСТЕ САҚТАЙ**

«Шарын» ұлттық паркі.
Шарын өзені ағып жатыр.
Әлемнің екі жерінде бар.
Табиғаттың көне ескерткіші.
Шетен тоғайының өзі бір керемет.

Өтебай Тұрманжанов «Қарлығаш» өлеңі

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Құстардың адам өміріне қандай қажеттігі бар?
2. Суреттегі қандай құс?
3. Қарлығаш жыл құсына жата ма?
4. Ол қай жерге ұя салады?
5. Сен қарлығаштың ұясын көрдің бе?
6. Қарлығаш туралы аңыз, әңгіме, ертегі білесің бе?



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

ЖАҢА СӨЗДЕР

шелектеп төгіп, тартып қобыз, ұя сап жүр, ұшып қонған, қарманып жүр, жылан жетпес, ұста, балшықтан, тоставандай, бөленіп, талпынады, мекендер, шұбар жылан, жемек болып, таянып қалған, айбат қып, именбеді, жәрдемге әкеп, дәуіт, шұқып, көзін ойды, бірігіп, тірлік етті



(1905-1978)

Өтебай Тұрманжанов Оңтүстік Қазақстан облысының "Жалғызбағаш" ауылында туған. Бала кезінде жетім қалып, жетім балалар үйінде тәрбиеленген. Мәскеуде университетте оқып білім алған. Ол балаларға

арнап көптеген шығармалар жазған.
Л.Н.Толстойдың балаларға арналған
шығармаларын аударған. Ө.Тұрманжанов
шығармаларының тақырыбы әр түрлі.
Балаларға арнап жазған шығармаларының
бірі — «Қарлығаш» өлеңі.

- Ө. Тұрманжанов қай жылы қай жерде туған?
- Қайда тәрбиеленіп, білім алған?
- Кімнің шығармасын аударған?

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Өлеңді түсініп оқы.

Қарлығаш

Келген соң көктем айы: апрель, май,
Бөленді гүл жібекке сала мен сай,
Шелектеп нәсер төгіп, жаңбыр жауып...
Жасырынды өскен нуға тана мен тай.
Қызғалдақ қызыл арай қырмызы бел,
Салқын тау, саялы көл, самалды жел.
Қой қоздап, ешкі лақтап, сиыр туып
Мәз-мейрам зор мереке жаздағы ел...
Инелік, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа,
Бәрі де кірісіпті зор жұмысқа.
Бал-ара гүлге **қонып**, балын теріп,
Өзінше әрқайсысы етіп нұсқа.
Шегіртке шырылдауық, жылан, қоңыз,
Бұлар да тамашалап **тартып қобыз**,
Есекқұрт, шұбалшаңдар кесек құйып,
Сан жәндік тіршілікте «тоқсан-тоғыз».
Ән шырқап көкте ұшқан бозторғай да,
Тырбанып ұя сап жүр таса жайға.
Көк-жасыл, қызыл ала көбелектер
Гүлдеп ұшып қонған сайдан-сайға.
Алақаз көл бетінде көкала үйрек,
Ойнақшып о да өзінше салар ирек.
Қозғалса құрақ кенет құйын желмен,
Шошынып су сабалап ұшар түйдек.
Мен айтып жетермін бе жаздың сәнін!
Жалындап жазды сүйер менің жаным!
Жан бар ма жазды сүймес дүниеде?
Жазда ғана төгеді бұлбұл әнін...

Жазда ғана салады гүл де дәнін,
Жазда ғана жинайды ара дәмін.
Жазда туып өсірер бар жәндіктер
Өзінің балдай сүйген балапанын...
Бір сөзге бұл әншейін бет ашарым,
Демеңдер айтатұғын осы барым.
Бұлақтай тарауланған көп аңгіме
Бір көлге білеміз ғой қосыларын...
Ал, құлақ салыңыздар, балаларым!
Бой жазып біраз жерді араладым.
Қарлығаш, дәуіт, жылан аңгімесін
Сендерге айтамын деп балағаным.
Қарлығаш **қарманып жүр** ұя салып,
Биікке **жылан жетпес** қия салып,
Сазынан саздау жердің балшық илеп,
Өзінше кірпіш етіп құя салып.
Қарлығаш қарағанда өзге құсқа,
Барынша жұмысына тым-ақ **ұста**.
Балшықтан бөбегіне бесік жасап,
Өзгеге өрнегімен болған нұсқа.
Ұясы дөп-дөңгелек **тостағандай**,
Тап-таза, кіршік қиқым қоспағандай.
Бөленіп ақ бесікке алты бала,
Ұйқыдан әлі көзін ашпағандай.
Аялап жұмыртқасын жатыр ана,
Ананың айы емес пе туған бала?!
Аймалап бауырына баса түсіп,
Шайқайды ауық-ауық жұмсақ қана.
Шайқайды жұмыртқасын, тербетеді,
Тербетсе — ұлы-қызы ер жетеді.
Ақырын, ақ көрпесін ашып тастап,
«Іңгәлап», анам тамақ бер деседі.
Ақ үрпек балапандар аузын ашқан,
Өмірге күндей өсіп қадам басқан.
Ас беріп ата-анасы асырайды,
Мәпелеп балапанын бала жастан.
Тоғайдан, ойдан, қырдан жем іздейді,
Жүрекке жем іздеумен ем іздейді.
Шырқырап құс та болса баласы үшін,
Шөлдедім, қарным ашты дегізбейді.
Жем әкеп үлестірер балапанға,
Салғандай бөліп-бөліп алақанға.
Шиқылдап балапандар аузын ашар.
Айы, күні асырайтын ана жанға.

*** **

Күн өтті, балапандар таранады,

Қияға қыран көзбен қаранады.
 Жарыққа қанат қағып **талпынады**,
 Ауалап ұшсам дейді бар арманы.
Мекендер сол араны **шұбар жылан**,
 Қашаннан құс жанына құмар жылан.
 Иісін балапанның біліп, сезіп,
 Келеді **жемек болып** сусап бұған.
 Қарлығаш ата-анасы екі жұбай,
 Жем іздеп жерді кезген тынбай ұдай.
 Жем алып ұясына ұшып келсе,
Таянып қалған екен жылан сұмырай!
 Жыланды қарлығаштың көрді көзі,
 Мынауың қиянат дер бар ма сөзі?!
 Аймалап балапанын қанатымен,
Айбат қып сұм жыланға көрді өзі.
 Жыланды түсі суық танып тұрды,
 Көзінен мөлт-мөлт жасы тамып тұрды.
 Анаға бала деген қандай қымбат?!
 Жүрегі алас ұрып, жанып тұрды.
 Осылай ана байғұс күйбеңдеді,
 Сескеніп жылан шіркін именбеді.
 Айла іздеп, ана кетті көгал кезіп,
 Қу жылан алға сусып иреңдеді.
 Аз болмай ана қайтты қуанғандай,
 Соғысқа әскер жиып сыбанғандай.
 Жәрдемге жауға қарсы дәуітті әкеп,
 Тоқ санап көңіліне жұбанғандай.
 Дәуітті ұя аузына әкеп қойды,
 Сыланып дәуіт тұрды тұла бойды.
 Сол кезде сусып келіп жылан жетті,
 Жыланның **шұқып** дәуіт **көзін ойды**.
 Сұм жылан қан іздеген құлап түсті,
 Сылқ етіп ұзынынан сұлап түсті.
 Жете алмай дегеніне жерді қауып,
 Көр көзін қанды жаспен бұлап түсті.
 Қан сорғыш қара жылан қалды өліп.
 Бір бала кезі келген кетті көміп.
 Ақыры өз түбіне өзі жетті
 Қашаннан қара ниетті қанға жерік.
 Қарлығаш дәуітпенен бірлік етті,
Бірігіп айта қалар **тірлік етті**.
 Көшіріп балапанын ұясынан.
 Көк орман, көгал қуып ұшып кетті.

• *Қою қаріппен жазылған сөздерді сөздіктен тауып, мавынасын түсін.*

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлеңде қандай құстар мен жәндіктер кездеседі? Топтап жазыңдар.

Құстар	Жәндіктер

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Үзіндіні оқы. Көктем келгенде табиғатта қандай өзгерістер болғанын айт.

Келген соң көктем айы: апрель, май,
 Бөленді гүл жібенке сала мен сай,
 Шелектеп нәсер төгіп, жаңбыр жауып...
 Жасырынды өскен нуға тана мен тай.
 Қызғалдақ қызыл арай қырмызы бел,
 Салқын тау, саялы көл, самалды жел.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Өлеңді оқы. Үй жануарлары мен жәндіктердің әрекетін тауып жаз. Есімдіктерді тауып, қандай түріне жататынын анықта.

Қой (*қайтты?*), ешкі (*қайтты?*), сиыр (*қайтты?*)

Мәз-мейрам зор мереке жаздағы ел...
 Инелік, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа,
 Бәрі де (*қайтты?*) зор жұмысқа.

Бал-ара гүлге (*қайтты?*), балын (*қайтты?*),

Өзінше әрқайсысы етіп нұсқа.

Шегіртке шырылдауық, жылан, қоңыз,

Бұлар да тамашалап (*қайтты?*),

Есекқұрт, шұбалшаңдар (*қайтты?*),

Сан жәндік тіршілікте «тоқсан-тоғыз».

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Өлеңнен бозторғай, көкала үйрек, алақаз, көбелектің не істеп жүргенін тауып оқы. Өз сөзіңмен баянда.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Үзіндіні оқып, жазда не болатынын жаз.

Жазда ғана салады гүл де дәнін,
Жазда ғана жинайды ара дәмін.
Жазда туып өсірер бар жәндіктер
Өзінің балдай сүйген балапанын...




МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог ұйымдастырыңдар.

1. Қарлығаш не істеп жүр?
2. Од ұясын қайда салды?
3. Ұясын неден салды?
4. Басқа құстарға қарағанда қарлығаш қандай құс?
5. Ол бөбегіне не жасады?
6. Оның ұясы қандай?
7. Қарлығаштың неше балапаны бар?
8. Ол балапандарын қалай асырайды?



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Өлеңнен қарлығаштың ұясын сипаттаған жерді тауып жаз.

ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Автордың жыланды жек көретінін қалай байқауға болады? Өлеңнен тауып оқы.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

12-тапсырма. Қарлығаш пен жыланды салыстырып, сипаттау сөздерін жаз. Сипаттау сөздеріне сұрақ қой, қай сөз табына жататынын анықта.

АЙТЫЛЫМ

13-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бір күні ұяға жақындап қалған нені көреді?
2. Қарлығаш жәрдемге нені шақырды?
3. Дәуіт жыланға не істеді?
4. Қарлығаш пен дәуіттің бірлесіп әрекет еткенін қалай бағалауға болады?
5. Олар жыланды қалай жеңді?
6. Бұл оқиғадан қандай ой туады?

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

9—10
САБАҚ

1-тапсырма. Топтық жұмыс. "Шарын шатқалы", «Ақсу Жабағылы» ұлттық саябағы, «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағы туралы постер жасап, тұсаукесер дайындаңдар. Сыныпта баяндаңдар.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мақалды қалай түсінесің?

Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Ө.Тұрманжановтың "Қарлығаш" өлеңінен жылан ұяға жақындағанда қарлығаштың қиналған сәтін тауып оқы. Сипаттау сөздерін тауып, сұрақ құй. Қай сөз табына жататынын анықта. Өлеңде кездесетін есімдіктерді анықта.

ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Топтық жұмыс. "YouNube rz" сайтынан "Қарлығаш пен дәуіт" мультфильмін көріңдер. Мультфильм мен өлеңнің мазмұн желісін салыстырыңдар. Айырмашылықтары мен ұқсастықтарын айтып, пікірталас ұйымдастырыңдар.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретке қарап, жыланды сипатта.



Мамандық неден басталған?

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суретке қара. Ғаламтор материалдарын пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

ЖАҢА СӨЗДЕР

алыптар, жаратылыс, зерттеу, баяндыру, табиғат құбылыстары



1. Суретте кімдер бейнеленген?
2. Бұл кісілердің бір-бірімен қандай байланысы бар деп ойлайсындар?
3. Бұл кісілердің қайсысы «Жер астына саяхат» кітабын жазған?
4. Ол кітап не туралы? Ол кітаптың мамандық тақырыбына қатысы қандай?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Онда не бейнеленген? Бүгінгі тақырыптың не туралы болатыны болжап айт.

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Диалог. Досың екеуің Адам мен Табиғаттың байланысы туралы әңгімелесіңдер.


Грамматика**Етістіктің шақтары**

Етістіктің шақтары адамның қимылы мен іс-әрекетінің сөйлеп тұрған уақытпен байланысын: осыған дейін болып өткендігін (зерттеді) немесе қазір болып жатқанын (зерттеп жүр) не әлі болмағанын, бірақ болатынын (зерттейді) білдіреді. Сондықтан етістіктің шақтары өткен шақ, осы шақ, келер шақ болып үшке бөлінеді. Етістіктің шақтары әр түрлі жолдармен жасалады.

Өткен шақ — іс-әрекет, қимылдың сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болып өткенін білдіретін етістіктің шағы. Мысалы: зертте-ді, зертте+п+ті; зертте+ген, зертте +йтін.

Осы шақ — адамның қимылы мен іс-әрекетінің дәл осы сәтте болып жатқанын білдіретін етістіктің шағы. Мысалы: зерттеп жүр, зертте +йді.

Келер шақ — адамның қимылы мен іс-әрекетінің алдағы уақытта болатынын білдіретін етістіктің шағы. Мысалы: зертте+мек, зертте +йді, зертте+р.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген етістіктерді үш шақта жаз.

толқыды, ағызды, шығарды, еңбек етті, ойлады, тапты, ашты, пайдаланды.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді тыңда, оқы.

— Табиғатқа қараңдаршы. Табиғатта зор жаратылған **алыптар** көп. Зор десең кит, күшті десең піл бар. Батыл десең жолбарыс, мықты десең арыстан тұр. Жүйрік десең — ниік, ұшқыш десең — құс бар... Оларға қарағанда адам қорғансыз, **шабан**, тісі мен тырнағы әлсіз болып көрінеді.

Бізді қоршаған дүние — қайнап жатқан мұхит.

Жел соғып, дауыл көтеріледі. Теңіз толқып, суы аспанға атылады. Найзағай аспанды **күркіретеді**. Нөсер жауын сел ағызады. Табиғаттың тағы басқа да толып жатқан зор, өлшеусіз мықты, мейірімсіз күштері көп. Бұл керемет күштерге адам қалай қарсы келмек?! Ертедегі адамдар **табиғатты бағындыруды** қиялдап, неше түрлі алып адамдар туралы ертегілер де шығарды. Бірақ олар, біздің арғы ата-бабаларымыз, тек қиялдап қана қойған жоқ. Табиғаттың сырын үйрену үшін, тану үшін зерттеу жүргізе бастады. Табиғаттан керегін алу үшін еңбек етті. Еңбегін **жеңілдету** үшін **еңбек құралдарын** ойлап тапты. Міне, адамның артықшылық қасиеті осында.

Адам баласы табиғат күштерінің сырын үйренді. Сырын ашып алған соң, сол зор күштерді өзінің керегіне **бейімдеп** пайдалана бастады. Сондықтан ұлы күш — табиғатта, ал сол күштердің **тетігі** — адамның қолында. Табиғатсыз күш жоқ. Адам баласының барлық керегі сол Табиғаттың жұмбағын шеше алуына байланысты. Табиғаттың күшін оның сырын білген адам ғана таниды, оны өзіне пайдаланады.

Жаратылыстың әлі бізге ашпаған сыры, айтпаған жыры көп, өте көп. Білгеніміздің үстіне біле беруіміз керек. Бұл терең білімді, жақсы маман болуды қажет етеді.


Табиғаттың өзі — ұлы, оның сырын тапқан адам одан да — ұлы, — деді «Табиғат құмарлар үйірмесінің» жетекшісі Хасен мұғалім (А.Машановтан).

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша суретте көрсетілген қай жан-жануардың аты аталатынын анықта. Үлгіге қарап, олардың қимыл әрекеттерін үш шақта жаз.

Үлгі: Кит теңізде жүзді. Кит теңізде жүзіп жүр. Кит теңізде жүзер.





ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Сөздіктің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Жаз.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айтылған?
2. Бұл сөздердің авторы кім?
3. Мәтінде Табиғат пен Адамның байланысы қалай көрсетілген?
4. Сенің ойыңша, кім күшті: Табиғат па, Адам ба? Неге?
5. Адам қай кезде Табиғатпен тіл табыса алады?

ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтіндегі етістік сөздердің қай шақта жазылып тұрғанын анықта. Кестені толтыр.

№	Өткен шақ	Осы шақ	Келер шақ

ЖАЗЫЛЫМ

10-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтіндегі негізгі және қосалқы ойды анықтаңдар. Мәтін мазмұны бойынша әр абзацқа тақырып қойыңдар, тірек сөздерді анықтаңдар. «Сөзмоншақ» тәсілімен мәтін мазмұнын баяндаңдар.

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі ой қорытындысының қайсысын қолдайтыныңды айт. Себебін түсіндір.

1. Табиғатты адам ешқашан бағындыра алмайды.
2. Табиғатты тануға ұмтылыс әртүрлі мамандықтардың тууына әкелді.
3. Табиғат адамға түгел бағынды.
4. Табиғатпен тіл табысу ғана адамды бақытты етеді.
5. Табиғат — Ана, сондықтан оны құрметтеу керек!

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Өртүрлі қайнаркөздерден Адам мен Табиғаттың байланысын көрсететін 3 қанатты сөз тауып жаз. Олардың мағынасын өз ойыңмен байланыстырып айт.



АЙТЫЛЫМ

14-тапсырма. Рөлдік ойын. Сендер — «Табиғат құмарлар» үйірмесінің мүшесіңдер. Хасен ағайға сұрақ қойып пікір алмасыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

13-тапсырма. Ақжан Машановтың «Жер астына саяхат» атты кітабын оқы. Кітап бойынша әр ұяға табиғатпен байланысты жұмыс істейтін мамандықтардың атын үш-үштен жаз. Кластерді толтыр.

ОЙТАРАЗЫ

ЖАЗЫЛЫМ

15-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

ЕСТЕ САҚТА

Табиғатта алыптар көп. Ертедегі адамдар табиғатты бағындыруды қиялдады. Еңбегін жеңілдету үшін еңбек құралдарын ойлап тапты. Табиғатты тану терең білімді, жақсы маман болуды қажет етеді.

«Жер астына саяхат» — мамандықтар сыры туралы кітап

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ақжан Машановтың «Жер астына саяхат» кітабын оқыдың ба?
2. Бұл кітапта не туралы айтылған?
3. А. Машановтың бұл кітапты жазуына не себеп болды деп ойлайсың?
4. Кітаптан саған қандай әңгімелер ұнады?

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. «Жер астына саяхат» кітабы туралы өз пікіріңді жаз. Пікір жазуда мынадай сұрақтарға жауап бер:

1. Кітаптың авторы кім?
2. Кітаптың аты қалай аталады?
3. Кітап қай баспадан және қашан шыққан?
4. Кітаптың мазмұны қандай? Ол кімге арналған? Кітапта не туралы айтылған?
5. Кітаптағы бас кейіпкерлер кімдер?
6. Кітаптың тілі жеңіл ме?
7. Кітап саған ұнады ма? Кітап жайлы қандай қорытынды жасадың?
8. Пікірде қолданылған етістіктер қай шақта тұр? Себебін түсіндір.

ЖАҢА СӨЗДЕР

авза, сыртқы бейне, тамырын ұстау, жер қыртысы, тілгілеу, бітісі

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретке қара. Онда не бейнеленген? Бүгінгі тақырыптың не туралы болатыны болжап айт.





МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы. Тақырып қой.

Адам баласы бұрынғы кезде тауды дәріптеген. Оның көп себептері бар. Айласы аз адам баласының суыққа тоңса — панасы, ыстыққа күйсе — көлеңнесі тау болды. Қарны ашса, аңдар мен жемістерді көбінесе тау маңынан тапты. Адамға қару мен құрал беретін де — тау. Ақын-жыршылар да сондықтан тау туралы көп жазады.

Қазіргі **оқымысты** геологтер де тауға зор көңіл бөледі. Жер тарихында, адам тіршілігінде таудың алатын орны ерекше. Геологтердің таудың сырын ашуы, тауды зерттеуі дәрігердің адам қарауына **ұқсайды**. Дәрігерлер адамның денсаулық күйін білу үшін, ішкі **ағзадағы** өзгерістерді тексеру үшін адамның **сыртқы бейнесіне** көз жібереді, одан кейін **тамырын ұстайды**. Өкпенің демалысын, жүректің соғуын тыңдайды. Кеудесін қағып көреді, тоқ жібереді, қанын алып қарайды. Керек болған жерде хирургтер алмас **аспаптарымен тіл-**

гілеп, операциялар жасайды.

Геологтер алдымен таудың сыртқы құрылысына көз жібереді. Тастардың **бітісіне**, жатысына назар аударады. Әр жерін шұқып, тырнап, тыңдап көреді, электр тогын жіберіп тыңдайды. Динамитпен қопарып, «тау кеудесін» тыңдайды. Дәрігерлердің қан алғаны сияқты тау қойнынан белгілер алып зерттейді. Сонан кейін, керек болған жерде, жалаңдаған аспаптармен тауға «операция жасайды». Таудың қарнын тесіп, ішін ақтарып қарайды. Ақыры таудың тіршілігін толық айқындап, оның бізге бере алатын қуатын, қазынасын тауып, халықтың керегіне жаратады, ғылыми қорытынды шығарады.

Тауды осылай зерттеудің арқасында жалпы жер тарихының талай сырлары ашылады. **Жер қыртысының** көп кілті тауда, сондықтан таудың сырын зерттеу — өнер. Оны білу үшін адам білімді, жігерлі, ақылды, елі мен жерін, оның тасын сүйе алатындай мейірімді болуы керек...

(А.Машанов)

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөздіктің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Жаз.

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Суретке қара. Онда не бейнеленген? Бүгінгі тақырыптың не туралы болатыны болжап айт.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, геологтердің тауды зерттеу жүйесін өз сөзіңмен баяндап айт. Сөзіңде «алдымен», «сосын», «одан соң», «одан әрі», «сөйтіп», «сонымен» секілді байланыстырушы сөздерді қолдан.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. А. Машановтың төменде берілген сөзін қалай түсінесің? Ойыңды таратып жаз. Етістіктерді үш шақта қолдан.

«...Таудың сырын зерттеу — өнер. Оны білу үшін адам білімді, жігерлі, ақылды, елі мен жерін, оның тасын сүйе алатындай мейірімді болуы керек» (А.Машанов).

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Геологке қойылатын талаптарды қазақ тіліне аудар. Бұл мамандықтың ерекшелігін айт.

Требования к геологу:

- Высшее образование.
- Опыт составления геофизических и геохимических планов.
- Знание порядка и технологии производства геологоразведочных работ.
- Знание законодательной базы, касающейся производства геологических работ.
- Знание методов подсчета запасов твердых полезных ископаемых.
- Знание таких программ, как AutoCad, CorelDraw, ArcMap, Micromine, Gems.
- Опыт полевых работ.
- Знание государственного языка.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Рөлдік ойын. Жағдаяттық тапсырма. Сен — геологиялық экспедицияға мамандар жинап жатырсың. Экспедицияға қатысуға тілек білдірушілермен сұхбат жүргіз. Полилогте осы тақырып бойынша алған білімдеріңді қолданыңдар. Геологке қойылатын талаптарды қамтыңдар.

Ескерту! Полилогте «Танысуға рұқсат етіңіз», «Танысқанымға қуаныштымын», «Рұқсат етіңіз», «Өте тамаша!», «Сізді құттықтаймын!» және т.б. этикеттік сөз орамдарын қолданыңдар.

ЖАЗЫЛЫМ

11-тапсырма. Суретке қара. Өртүрлі қайнаркөздерден ол кісі туралы материалдар жина. Шағын мәтін құрап жаз. Ол кісінің атында қандай нысандар бар екенін анықта.

ОЙТАРАЗЫ

12-тапсырма. Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Төмендегі белгілермен әр абзацты немесе сөйлемдерді белгілеңдер. Өз ойларыңды қорытындылап жазыңдар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағанымға қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

ЕСТЕ САҚТАЙ

Геологтер алдымен таудың сыртқы құрылысына көз жібереді. Тастардың бітісіне, жатысына назар аударады. Әр жерін шұқып, тырнап, тыңдап көреді, электр тоғын жіберіп тыңдайды. Динамитпен қопарып, «тау кеудесін» тыңдайды.

Ең жақсы мамандық

5—6
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сенің ата-анаң қандай мамандық иелері?
- Сенің досың қандай мамандықты таңдайды?
- Саған қандай мамандықтар ұнайды? Неге?

АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Олардың қандай мамандық иесі екенін айт. Өзің қалаған мамандық туралы айт. Етістіктерді үш шақта қолдан.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Өз отбасыңдағы адамдардың мамандықтары бойынша постер құра. Ол туралы ойыңды сыныпта ауызша айт.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС**ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Қоғам дамуына орай мамандарға деген сұраныс әрқашан өзгеріп отырады. Зерттеушілердің болжамы бойынша, жақын болашақта инженерлерге сұраныс көбейеді. Өйткені қазір қоғамда кәсіби-техникалық мамандарға, инженер-технологтарға деген сұраныс көп.

Екінші орында IT-технолог, бағдарламашылар, веб-дизайнерлер тұр. Бүгінгі таңда кез келген мекеме мен кәсіпорынның жеке сайттары бар. Веб-дизайнерлер кәсіпорынды сайт арқылы таныстырады.

Болашақта жоғары сұранысқа ие болатын мамандықтар нанотехнологиямен байланысты болады. Болжам бойынша нанотехнологиямен байланысты барлық мамандықтар талап етіледі. Нанотехнология ғылымның барлық салаларын қамтиды: медицина, білім беру, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, ғарыш технологиялары және т.б.

Қазіргі таңда биотехнология мен электроника мамандары, маркетинг пен сауда менеджерлері, халыққа қызмет көрсету, логистер сияқты мамандықтар үлкен сұранысқа ие.

Қоғамымызда аспазшы, нан-тоқаш өнімдерінің шебері, тігінші, автомеханик, құрылысшы-сылақшы, ұста, техник-сантехник, токарь, медбике сияқты маман иелерінің орны бөлек.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөздерді аудармасымен сәйкестендіріп жаз.

қоғамда	востребованный
сұранысқа ие	пищевая промышленность
қызмет көрсету саласы	работодатели
тамақ өнеркәсібі	профессионально-технический
жұмыс берушілер	в обществе
кәсіби-техникалық	в ближайшем будущем
IT-технолог маман	сфера обслуживания
жақын болашақта	программисты
бағдарламашылар	швея
тігінші	специалист IT-технологий

АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Мамандыққа сұранысты кімдер анықтайды?
- Қалай анықтайды?
- Зерттеушілердің болжамы бойынша, жақын болашақта қандай маман иелері қажет?
 - Ол мамандарға деген қажеттілік неге байланысты туындап отыр?
 - Нанотехнология дегенді қалай түсінесің?
 - Қалай ойлайсың, болашақта тағы қандай мамандықтар сұранысқа ие болуы мүмкін?

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құра.

Мамандар болжамы, мамандарға сұраныс, тапшылық сезіледі, IT-технолог, бағдарламашылар, веб-дизайнерлер, сайттары, нанотехнология, медицина, білім беру, тамақ өнеркәсібі, аспазшы, нан-тоқаш өнімдерінің шебері, тігінші, автомеханик, құрылысшы-сылақшы.

АЙТЫЛЫМ

8-тапсырма. Ақпараттың дұрыстығын анықта.

Ақпарат	Дұрыс	Дұрыс емес
Жұмыс берушілер қазір менеджерлерді іздейді.		
Дәрігерлер зерттеу жасап, жақын болашақта сұраныс артатын мамандар тізімін анықтайды.		
Веб-дизайнерлер кәсіпорынды сайт арқылы таныстырады.		
Жоғары деңгейде дайындалған сайт кәсіпорынның табысын арттырмайды.		
Болашақта жоғары сұранысқа ие болатын мамандықтар нанотехнологиямен байланысты.		
Болжам бойынша нанотехнологиямен байланысты барлық мамандықтар талап етілмейді.		
Тігінші, құрылысшы-сылақшы мамандықтары сұраныста болмайды.		
Мамандарға деген сұраныс әрқашан тұрақты болады.		

ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша 4 сұрақ жаз. Сол сұрақтарды пайдаланып, парталас досыңмен диалог құрыңдар.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінде аталған мамандықтардың атын жаз. Олардың қайсысын автоматты құрылғылар, жаңа технологиялар алмастыра алады? Қайсысын алмастыра алмайды? деген сұрақтарға жауап бер.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС**ЖАЗЫЛЫМ**

11-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, диалог құрып жаз.

Мамандық, маман, таңдау, қызықты, пайдалы, жақсы оқу.

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. «Автомат алмастыра алмайтын мамандық бар ма?» тақырыбында ойкөкпар (дебат) өткізіңдер. Араларыңнан пікірталасты жүргізуші мен бағалаушы топ мүшелерін сайлаңдар.

ОЙТАРАЗЫ

13-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап беріңдер.

Өтілген тақырып бойынша не үйрендіңдер?

Сен үшін тақырыптың құнды жайттары қандай болды?

Өзіңнің және жолдастарыңның білімін бағала (Өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?)

Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?

Осы тақырып бойынша тағы қандай ақпарат көздерін оқисың?

ЕСТЕ САҚТА!

Қоғам дамуына орай мамандарға деген сұраныс әрқашан өзгеріп отырады. Зерттеушілердің болжамы бойынша, жақын болашақта инженерлерге сұраныс көбейеді. Өйткені қазір қоғамда кәсіби-техникалық мамандарға, инженер-технологтарға деген сұраныс көп.

Кімге ұқсағың келеді?

7—8
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Жақсы тәрбие алу үшін адамға не керек?

Сұраққа мына сызба бойынша жауап бер. Өз ойыңды дәлелде.



ЖАҢА СӨЗДЕР

рухани құндылықтар, үлгі тұту, ұқсау, еліктеу, лайықты

ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Сөздерден сөйлем құра.

Мамандық, жас талант, ұлттық құндылық, құрметтейді, сыйлайды, көмек береді, сүйеді, жақсы қарым-қатынас, танымал, атақты.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «Кімге ұқсағың келеді?» тақырыбында досыңмен сөйлес. Диалогті жалғастыруға арналған этикеттік сөз орамдарын қолдан: Қалай ойлайсың? Өте дұрыс айтасың! Қандай керемет! Мен де солай ойлаймын! Ойың жақсы екен! және т.б.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңда. Оқы. Тақырып қой.

Әлемде мамандықтар өте көп. Рас, қазіргі кезде қоғамда мамандыққа деген көзқарас өзгерді. Көп адамдар техника саласындағы мамандықтарды қалайды. Себебі оған сұраныс көп. Ең бастысы, олардың еңбекақысы жоғары деп санайды. Ал, маған гуманитарлық сала, өнер саласы мамандықтары ұнайды. Себебі бұл саланың мамандары рухани құндылықтарды сақтауға қызмет етеді. Ұлттық өнерді сақтауға, ұлттық мәдениетті дамытуға қызмет етеді. Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру үшін аянбай еңбек етеді.


Әр баланың үлгі тұтатын бір адамы болады. Менің де өзіме ұнайтын, еліктейтін адамым бар. Менің оған ұқсағым келеді. Ол кісі — менің ұстазым, Шекер ағай. Ұстазымның бойында жақсы қасиеті көп: біріншіден, ол — өте білімді, ақылды адам. Менің ұстазыма қандай сұрақ қойсаң да, жауап береді. Маған мұғалімнің сабақ түсіндіргені қатты ұнайды. Екіншіден, ол кісі — мейірімді, қамқор адам. Ол кісі біздің әкеміз секілді: барлық оқушыны өз баласындай жақсы көреді. Оның көзінде тек жылылық бар. Үшіншіден, Шекер ағай — адал, әділ кісі. Ол

кісі барлық баламен бірдей қарым-қатынас жасайды: жақсы болсаң мақтайды, қате іс жасасаң, дұрыс жол көрсетеді. Оқушылармен тез тіл табысады. Төртіншіден, ол кісі — сымбатты, көрікті. Ағай талғаммен киінеді.

Абай айтқандай, «Адамның жақсы болуы — жақсы ұстаздан». Мен бұл сөзді толық қолдаймын. Өйткені менің Шекер ағайым — жақсы ұстаз. Ол кісі — үлкен құрметке лайықты ұстаз. Мен оны мақтан етемін.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша кластерді толтыр. Әр тақырыпшаның жанына тірек сөздерді жаз.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сөздерді оқы. Мәтінге сүйеніп, кестеде берілген сөздерден сөйлем құрап айт.

Әркімнің	биік	ұқсағысы	адам
Әлібек	өте	өз баласындай	киінеді
Ол кісі –	Шекер ағайға	талғаммен	келеді
Ағайдың	үлгі тұтатын	адамы	етеді
Ағайым	көзінде	мейірімді	болады
Ағай	менің	еліктейтін	бар
Ол кісі –	ұстазын	мақтан	адамым
Балалар	оқушыларды	жылылық	жақсы көреді

ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып оқы.

Әр адамның өзі адамы болады. Менің де... .. ұстазым бар. ... кісі сымбатты, Оқушылармен тез Барлық оқушыны жақсы көреді. Маған ағайдың сабақ ұнайды. Оның көзінде бар.

тақырыпқа сай дұрыс сөйлем құраса, солар жеңімпаз атанады.

Үлгі: Әркімнің өзі еліктейтін, ұқсағысы келетін адамы болады.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, өзіңнің үлгі тұтатын адамың жайлы мәтін құра. Мынадай сұрақтарға жауап бер:

1. Кімді өзіңе үлгі тұтасың?
2. Не себепті үлгі тұтасың?
3. Үлгі тұтатын адамың қандай қасиетімен ұнайды?

АЙТЫЛЫМ

11-тапсырма. «Сөзмоншақ». Топтық жұмыс. «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбы бойынша біреуің мәтіннің бірінші сөйлемін бастаңдар. Екіншің оны әрі қарай жалғастырсын. Әр сөйлемде кемінде бір етістіктің шақ түрінің бірі болсын. Мұнда кезек алмасып отыруы керек. 2 минут ішінде ең көп әрі сауатты сөйлем құраған жұп жеңіске жетеді.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Гуманитарлық және техникалық сала мамандықтарының ерекшеліктері мен ортақ белгілерін анықтап, Венн диаграммасын толтыр.

АЙТЫЛЫМ

9-тапсырма. «Кім тапқыр?» ойыны. Әр жұптағы оқушылар бірігіп, құрамында өткен шақ етістігі бар бірнеше сөйлем құраңдар.

Сөйлемге қойылатын талаптар: 1) әр сөйлемде бір сөз өткен шақ етістік болу керек; 2) сөйлем құрамында кемінде жеті сөз болуы қажет. 5 минуттың ішінде қай жұп көп әрі

ОЙТАРАЗЫ

АЙТЫЛЫМ

12-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қиын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таң қалдырды.

ЕСТЕ САҚТАЙ

Әркімнің ұқсағысы келетін адамы болады. Менің ұстазымның мамандығы — мұғалім. Ол — өте мейірімді, ақылды, білімді адам. Мен мұғалімімді мақтан етемін.


Әртіскен кездесу ұйымдастырамыз

9—10
САБАҚ

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттегі қай маманмен кездескің келеді? Себебін айт.



АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Жұптық жұмыс. Досыңмен қандай маманмен кездесу ұйымдастырғың келетіні жайлы сөйлесіңдер. Кездесуді өткізудің жоспарын жалғастырып жазыңдар.

№	Орындалатын іс-шара	Жауапты	Мерзімі	Нәтижесі
1	Кездесудің жоспарын жасау	Әлібек, Әнел	15 қаңтар	Жоспар
2	Кездесудің сценарийін әзірлеу	Әлібек, Саша	21 қаңтар	Сценарий
3				
4				

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. «Қызықты кездесу» тақырыбында шағын әзіл сипатындағы мәтін құрап жаз. Мәтінде суреттегі заттардың атын қамтып жаз.

**МӘТІНМЕН ЖҰМЫС****ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ**

4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Біз бүгін Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының әртісі Досқан Жолжақсыновпен кездесу өткіземіз. Бұл кездесуді біздің сынып ұйымдастырды. Бір апта бұрын мектептің кіреберісіндегі тақтаға кездесу өтетіні туралы хабарландыру ілдік. Кеше сабақтан кейін сыныптағы жауапты оқушылар кездесу өтетін залды безендірді. Түрлі-түсті шар ілді. Үстелге әдемі гүл қойды. Тәрдегі үстелге микрофон қойды. Тағы бір микрофонды сұрақ қоятындар үшін залға орнаттық.

Біз, Саша екеуіміз, Досқан Жолжақсынов туралы слайд-фильм дайындағанбыз. Алдымен ғаламтор материалдары бойынша әртістің өмірбаянымен таныстық. Көрнекті әртістің бала шағынан бастап бүгінге дейінгі өміріне байланысты, ойнаған фильмдері мен рөлдері жайлы қызықты деректер іздедік. Көркем фильмдерден үзінділер алдық. Актердің шеберлігін көрсету үшін қызықты суреттер таптық.

Әнел мен Анна кездесу кешінің шағын концерттік бағдарламасының сценарийін дайындады. Олар сыныптағы өнерлі балалардың ішінен ән айтатын, би билейтіндерді іріктеді. Балалар бүгін әртүрлі ұлттық киім киіп келді. Олар өздерінің концерттік нөмірін дайындап жатыр. Концертті жүргізуші Ләйла апай да қатты толқып тұр. Қағазына қарап, сөздерін жаттап жүр.

Кездесуде Досқан Жолжақсынов өзі таңдаған өнер саласы, актер мамандығының қыры мен сыры туралы сұрақтарға жауап береді. Актердің балалық шағы туралы да қызықты сұрақтар қоямыз. Досқан Жолжақсынов — тек актер ғана емес, өте шебер әнші. Сондықтан ол кісі домбырамен де ән айтады. Мен де болашақта актер болғым келеді. Сондықтан ол кісінің әңгімесін есту мен үшін ерекше қызықты болмақ. Айтқан сөздерін қуана тыңдаймын. Кездесуден кейін сүйікті әртіске өзіміз дайындаған концертті көрсетеміз. Еңбек сабағында жасаған сыйлығымызды ұсынамыз. Естелікке суретке түсеміз. Кездесудің сәтті өтетініне сенемін.

Әне, әртістің өзі де залға кіріп келе жатыр...



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Оқушылар кіммен кездесу ұйымдастыруды жоспарлады?
- Жоспар бойынша қандай іс-шаралар жасалды?
- Кімге қандай жұмыстар тапсырылды? Әртіс не істейді?

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді теріп жаз. Олардың қай шақта және қалай жасалып тұрғанын айт.

АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Ғаламтордан Досқан Жолжақсыновтың өмірі мен шығармашылығына байланысты ақпараттарды тауып, қысқаша өмірбаяндық мәтін жаз.

ЖАЗЫЛЫМ

8-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма. Досқан Жолжақсыновпен кездесуге сен де қатысып отырсың. Қандай сұрақ қояр едің? Сұрағыңды жазбаша дайында.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

9-тапсырма. Белгілі тұлғалардың мамандыққа, маманға қатысты айтқан қанатты сөздерін тауып жаз. Олардың мағынасын өз сөзіңмен түсіндір.

АЙТЫЛЫМ

10-тапсырма. «Қоржын» ойыны. Үш топқа бөлініңдер. Жеребе тастап, кездесуге шақыратын мамандарды таңдаңдар. Бір топ техника саласы маманымен, екінші топ өнер адамдарымен, үшінші топ экономика саласындағы белгілі тұлғамен өтетін кездесудің жоспарын жасасын. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Кездесуді қалай ұйымдастырасыңдар?
- Кездесу ерекше болу үшін не істейсіңдер?
- Қонаққа қандай сыйлық ұсынасыңдар?

ЕСТЕ САҚТА

Біз бүгін әртіс Досқан Жолжақсыновпен кездесу өткіземіз. Бұл кездесуді біздің сынып ұйымдастырды. Бір апта бұрын мектептің кіреберісіндегі тақтаға кездесу өтетіні туралы хабарландыру ілдік. Концерттік бағдарламаны жасадық.

Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

11–12
САБАҚ

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Рөлдік ойын. Ағаң Қазақстан-Британ техникалық университетінің студенті атанды. Інісі ретінде оған телефон шалып, құттықтауың керек. Диалог құру үшін, алдымен, ҚБТУ-дағы Мұнай-газ саласы мамандығы туралы ақпарат жинаңдар. Бұл мамандықтың болашағы, артықшылықтары туралы мәлімет жинаңдар.

Диалогте етістіктерді үш шақта қолданыңдар.

АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Фаламтор материалдарын пайдаланып, «Қазақстанның атақты геологтері» тақырыбында шағын шолу-реферат дайында. Оны сыныпта қысқаша таныстыр. Мүмкіндігіне қарай, сөзіңді слайдтар арқылы жеткіз.

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Өртүрлі қайнаркөздерге сүйеніп, қазіргі замандағы ең таңдаулы мамандықтардың тізімін жаса. Олардың артықшылықтарын айт.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Өз әулетіңдегі адамдардың мамандықтары бойынша постер құра. Ол туралы сыныпта ауызша айт.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Мамандық» тақырыбына синквейн дайындаңдар.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. Тақырыпқа қатысты — бір зат есім.
2. Бірінші зат есімге — екі сын есім.
3. Бірінші зат есімге қатысты — үш етістік.
4. Бірінші зат есімді суреттеп

толықтыратын төрт кілт сөз.

5. Тақырыпты сипаттайтын бір синоним немесе метафора (зат есім).

ОЙТАРАЗЫ

6-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап беріңдер.

1. «Болашақтың мамандықтары» тақырыбы бойынша не үйрендіңдер?
2. Сен үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің және жолдастарыңның білімін бағала (Өз жұмысыңа, жолдастарыңның топ ішіндегі әрекеттеріне көңілің тола ма?)
4. Осы тақырып бойынша тағы не білгің келеді?

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

«Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тапта бар қалан».

Абай

Мазмұны

1. ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

М. Әуезов «Абай жолы» романы, «Қайтқанда» тарауы (үзінді) 4

1—2 сабақ. «Отбасы күнін» тойладық 4

3—4 сабақ. Әке көрген оқ жонар 8

5—6 сабақ. Ана көрген тон пішер 11

7—8 сабақ. Ата-анамды үлгі тұтамын 14

9—10 сабақ. М. Әуезов — қазақтың ұлы
жазушысы 16

11—12 сабақ. «Абай жолы» романы,
"Қайтқанда" тарауынан (үзінді) 19

13—14 сабақ. Нәтиже сабақ. 22

Мен не үйрендім? 22

2. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АУЫЛЫ МЕН ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ.

Ә. Дүйсенбиев «Бәтіңке, шұжық, балқаймақ» өлеңі 23

1—2 сабақ. Ауылым — алтын бесігім 23

3—4 сабақ. Жайлаудың ауасы таза 26

5—6 сабақ. Менің үйім таудың етегінде 29

7—8 сабақ. Кім пайдалы? Кім мықты? 32

9—10 сабақ. Қаланың қызу өмірі 35

11—12 сабақ. Менің қаладағы болашақ
пәтерім 38

13—14 сабақ. Нәтиже сабақ.
Мен не үйрендім? 41

3. ТАУЛАР СЫРЫ

М. Мақатаев «Мен таулықпын» 43

1—2 сабақ. Қазақстандағы қандай
тауларды білесің? 43

3—4 сабақ. Тауда түнедік 47

5—6 сабақ. Толағай тауының тарихын айтшы. 51

7—8 сабақ. М. Мақатаев — ақиық ақын 54

9—10 сабақ. М. Мақатаев «Мен таулықпын» .. 57

11—12 сабақ. Мұзтауға бардың ба? 59

13—14 сабақ. Нәтиже сабақ.
Мен не үйрендім? 61

4. ҚУАТ КӨЗІН ҮНЕМДЕЙ БІЛЕМІЗ БЕ? Б. Сүлейменов. «Күннен келген адам» кітабы (үзінді) 63

1—2 сабақ. Қуат көздеріне не жатады? 63

3—4 сабақ. Энергияны үнемдейміз 68

5—6 сабақ. Жел энергетикасы 73

7—8 сабақ. Бейсенбай Сүлейменов —
балалар жазушысы 76

9—10 сабақ. Күннен келген адам 79

11—12 сабақ. Нәтиже сабақ.
Мен не үйрендім? 82

5. АСТАНА — МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ОРДАСЫ

Ә. ЫСҚАҚ «КҮН ҰЛЫМЫН» 84

1—2 сабақ. Астана — елімнің мақтанышы 84

3—4 сабақ. Біздің төріміз — Ақорда 88

5—6 сабақ. «Мәңгілік ел» ескерткіші нені
бейнелейді? 91

7—8 сабақ. Ә. Ысқақ «Күн ұлымын» 95

9—10 сабақ. «Астана Опера»
Мемлекеттік опера және балет театры 98

11—12 сабақ. Ұлттық мұражайға
бардың ба? 101

13 сабақ. Нәтиже сабақ.
Мен не үйрендім? 104

6. ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫҚТАРЫ 106

1—2 сабақ. Ең алғашқы қорықты
білесің бе? 106

3—4 сабақ. Алтынемел ұлттық
саябағының кереметі! 108

5—6 сабақ. Шарын шатқалын көрдің бе? 113

7—8 сабақ. Өтебай Тұрманжанов «Қарлығаш» өлеңі.....	116
9—10 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	120
7. БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҚТАРЫ	
А. Машанов «Жер астына саяхат» шығармасы	121
1—2 Мамандық неден басталған?	121

3—4 сабақ. «Жер астына саяхат» — мамандықтар сыры туралы кітап.....	127
5—6 сабақ. Ең жақсы мамандық	131
7—8 сабақ. Кімге ұқсағың келеді?	134
9—10 сабақ. Әртіспен кездесу ұйымдастырамыз.....	137
11—12 сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	140

Оқу басылымы	Учебное издание
Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А.Қ. Рауандина, Р.С. Рахметова, А.Н. Юсуп	Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А.Қ. Рауандина, Р.С. Рахметова, А.Н. Юсуп
Қазақ тілі мен әдебиеті: Байшешен. Оқулық 1-бөлім	Қазақ тілі мен әдебиеті: Байшешен. Учебник Часть 1
Қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған	Для 6 класса 11-летней общеобразовательной школы с неказахским языком обучения
Әдіскер Б. Қ. Мукеева Редактор Г. Қ. Омарбекова Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильма- нов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Ми- рошников, В. Самаркина Фотосуретші П. Михеев Мұқабала әрленімі Д. Н. Буксикова Техникалық редактор Д. К. Тынбаев Беттеуші С. Қыдырбай	Методист Б. К. Мукеева Редактор Г. К. Омарбекова Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова, М. Дильма- нов, В. Самаркина, И. Киянова, Е. Рагозина, М. Ми- рошников, В. Самаркина Фотограф П. Михеев Дизайн обложки Д. Н. Буксикова Технический редактор Д. К. Тынбаев Компьютерная верстка С. Кыдырбай
01.08.2016 басылымға жіберілді. 60×90 ½ форматы. Офсеттің басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз. Шартты баспа табағы 14.5 Таралымы 2500	Подписано в печать 01.08.2016 Формат 60×90 ½. Печать офсетная. Гарнитура «DIN». Бумага офсетная Усл. печ. л. 14.5 Тираж 2500
«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050022, Алматы қ., Сейфуллина даңғылы, 597 А үй тел. +7 (727) 220 76 60 www.kokziek-gorizont.com	ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050022, г. Алматы, проспект Сейфуллина, дом 597 А тел. +7 (727) 220 76 60 www.kokziek-gorizont.com